

Қазтұтынуодағы Қарағанды университеті

ӘОЖ 338.14.35+378+351

Қолжазба құқығында

**ТАПЕНОВА ГУЛЬНУР САГАТОВНА**

**Білімдер экономикасын қалыптастыру жағдайында  
жоғары білім беру жүйесін мемлекеттік басқару**

6D051000 – Мемлекеттік және жергілікті басқару

Философия докторы (PhD)  
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесші:  
экономика ғылымдарының  
кандидаты, профессор  
Бугубаева Роза Олжабаевна  
Шетелдік ғылыми кеңесші  
экономика ғылымдарының  
докторы, профессор  
Купалова Галина Ивановна  
(Украина)

Қазақстан Республикасы  
Қарағанды, 2023

## МАЗМҰНЫ

<b>НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР.....</b>	<b>3</b>
<b>БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР.....</b>	<b>6</b>
<b>КІРІСПЕ.....</b>	<b>8</b>
<b>1 БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІН МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ.....</b>	<b>14</b>
1.1 Білім беру жүйесі әлеуметтік институт және мемлекеттік басқару объектісі ретінде.....	14
1.2 Білімдер экономикасының қалыптасу кезеңінде жоғары білім беру жүйесін мемлекеттік басқару ерекшеліктері.....	24
1.3 Жақын және алыс шетелдердегі жоғары білім беру жүйесін мемлекеттік басқару тәжірибесі.....	34
<b>2 БІЛІМДЕР ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ЖАҒДАЙЫНДА ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ЖОҒАРЫ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІН МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ.....</b>	<b>49</b>
2.1 Қазақстан Республикасында жоғары білім беру жүйесін мемлекеттік басқарудың қазіргі таңдағы жағдайы мен даму қарқыны.....	49
2.2 Жоғары білім беру жүйесін мемлекеттік басқару құралдарының нәтижелілігін талдау.....	65
2.3 Жоғары білім беру жүйесін мемлекеттік басқарудың әлеуметтік диагностикасы (эмпирикалық талдау).....	77
<b>3 БІЛІМДЕР ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ЖАҒДАЙЫНДА ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЖОҒАРЫ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІН МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУДЫ ЖЕТІЛДІРУ.....</b>	<b>94</b>
3.1 Жоғары білім беру жүйесін мемлекеттік басқаруды жетілдірудің ұйымдастырушылық механизмдері.....	94
3.2 Жоғары білім беру жүйесін мемлекеттік басқарудың нормативтік-құқықтық қамсыздандыруын жетілдіру.....	104
3.3 Жоғары білім беру жүйесін цифрландыру.....	112
<b>ҚОРЫТЫНДЫ.....</b>	<b>122</b>
<b>ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....</b>	<b>126</b>
<b>ҚОСЫМШАЛАР.....</b>	<b>142</b>

## НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Диссертациялық жұмыста келесідей үлгіқалыптарға сілтемелер жасалды:

1. Мемлекет Басшысының 2019 жылғы 2 қыркүйектегі «Сындарлы қоғамдық диалог - Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» Қазақстан халқына Жолдауы.
2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 13 қыркүйектегі № 634 қаулысы Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2022 – 2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 941 қаулысы
3. Білім туралы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы.
4. Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы 1991 жылғы 16 желтоқсандағы № 1007-ХІІ Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы
5. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016 - 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 1 наурыздағы № 205 Жарлығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 29 қазандағы № 781 Жарлығымен
6. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысымен
7. «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысы.
8. «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты Қазақстан Республикасының Президенті - елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, Астана қ., 2012 жылғы 14 желтоқсан. 100 нақты кадам
9. Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 20 мамырдағы бағдарламасы, «Ұлттық рухани жаңғыру» ұлттық жобасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 724 қаулысы,
10. «Цифрландыру, ғылым және инновациялар есебінен технологиялық серпіліс» ұлттық жобасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 727 қаулысы.
11. «Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі аумақтық даму жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы
12. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 13 қыркүйектегі № 634 қаулысы Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2022 – 2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 941 қаулысы

13. Қазақстан Республикасының ғылымын дамытудың 2022 – 2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 25 мамырдағы № 336 қаулысы,

14. Өмір бойы оқу (үздіксіз білім беру) тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 8 шілдедегі № 471 қаулысы.

15. Қазақстан Республикасының «Білім беру туралы» Заңы: №1153-ХІІ 1992 жылы 18 қаңтарында қабылданған. 07.06.99ж. № 390-1 ҚР заңымен Күші жойылған

16. Қазақстан Республикасының Жоғары білім беру туралы Заңы: 1993 жылы 10 сәуірінен №2110 ХІІ қабылданған. 07.06.99 ж. № 390-1 ҚР заңына сәйкес күші жойылған. // [http://online.zakon.kz/m/document/?doc\\_id=1001895](http://online.zakon.kz/m/document/?doc_id=1001895). 6.02.2018.

17. Қазақстан Республикасында ғылыми-педагогикалық және ғылыми кадрларды даярлау туралы ережені бекіту жөнінде Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 19 қаңтардағы N 65. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2002 жылғы 17 маусымдағы N 665 қаулысымен

18. Жоғары оқу орындарын аккредитациялау туралы ереже мен жоғары оқу орындарын автономияландыру туралы ережені бекіту туралы Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 14 қыркүйек 1993 ж. N 873. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2002 жылғы 17 маусымдағы N 665 қаулысымен. ~P020665

19. «Назарбаев Университеті», «Назарбаев Зияткерлік мектептері» және «Назарбаев Қоры» мәртебесі туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 19 қаңтардағы № 394-ІV Заңы.

20. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 27 шілдеде № 28916 болып тіркелді.

21. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 - 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы № 1118 Жарлығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 1 наурыздағы № 205 Жарлығымен

22. «Білім» мемлекеттік бағдарламасы туралы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 2000 жылғы 30 қыркүйек N 448. Күші жойылды - ҚР Президентінің 2006.01.09. N 1696 жарлығымен.

23. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 11 қазандағы N 1459 Жарлығы

24. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016 - 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 1 наурыздағы № 205 Жарлығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 29 қазандағы № 781 Жарлығымен

25. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысымен.

26. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2022 – 2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 941 қаулысы

27. Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспарын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарының күші жойылды деп тану туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы № 636 Жарлығы. Жарлықтың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Президентінің 26.02.2021 № 521 Жарлығымен

28. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016 - 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы Күшін жойған Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 1 наурыздағы № 205 Жарлығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 29 қазандағы № 781 Жарлығымен Ескерту. Күші жойылды - ҚР Президентінің 29.10.2018 № 781 Жарлығымен.

29. Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындарда байқау кеңесін құру қағидаларын, байқау кеңесінің құрамына сайланатын адамдарға қойылатын талаптарды, сондай-ақ Байқау кеңесінің мүшелерін конкурстық іріктеу және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 20 ақпандағы № 113 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 19 наурызда № 10503 тіркелді.

30. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 13 қазандағы № 569 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 17 қазанда № 17565 болып тіркелді

31. №483 2020 жылдың 31 желтоқсанынан «ҚР кәсіпкерлік қызмет саласында жаңа реттеу саясатын енгізу бойынша іс-шаралар туралы» ҚР Президентінің қаулысына

## БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

Диссертациялық жұмыста келесідей анықтамаларға сәйкес қысқартулар қолданылды:

АКТ	- ақпараттық-коммуникациялық технологиялар
АҚШ	- Америка Құрама Штаттары
БАҚ	- Бұқаралық ақпарат құралдары
БҰҰ	- Біріккен Ұлттар Ұйымы
ҒТЗКЖ	- ғылыми техникалық зерттеу және конструкторлық жұмыстар
ЖОО	- жоғары оқу орындары
ЖІӨ	- жалпы ішкі өнім
ЕО	- Еуропалық одақ
ҚР БҒДМБ	- Қазақстан Республикасының Білім және ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасы
ҚР БҒМ	- Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
ҚР ҒЖБМ	- Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі
МББЖҚ	- Мемлекеттік білім берудің жинақтау қоры
МООК	- массалық ашық онлайн-курстар
НҚА	- Нормативтік құқықтық актілер
ПОҚ	- Профессорлық оқытушылық қауым
ҰБДҚ	- Ұлттық білім берудің деректер қоры
ҰБТ	- Ұлттық біріңғай тестілеу
ҰЖ	- Ұлттық жоба
ЭЫДҰ	- Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы
АВЕТ	- Инженерлік және технологиялық бағдарламаларды аккредиттеу жөніндегі кеңес
ACBSP	- Бизнес мектептері мен бағдарламаларын аккредиттеу кеңесі
ACQUIN	- Akkreditierungs Zertifizierungs und Qualitätssicherungs Institut (аккредиттеу, сертификаттау және сапаны қамсыздандыру институты)
ARQA	- Аккредиттеу және білім беру сапасын сараптау тәуелсіз агенттігі
ASIIN	- Инженерия, информатика, жаратылыстану ғылымдары және математика облысындағы білім беру бағдарламаларын аккредиттеу бойынша агенттік
AWT	- Adviesraad voor wetenschap, technologie en innovatie (Ғылым, технологиялық саясат және инновациялар жөніндегі Консультативтік кеңес)
ECAQA	- Білім беруді, денсаулық сақтауды сапамен қамсыздандыру және аккредиттеудің еуразиялық

	орталығы
FIBAA	- Foundation for International Business Administration Accreditation (ғылыми білім беруде сапаны дамыту және сапаны қамсыздандыру бойынша халықаралық-бағытталған агенттік)
FOM	- Foundation for Fundamental Research on Matter (материяны іргелі зерттеу қоры)
IAAR	- Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі
IMD	- IMD World Competitiveness Ranking (жаһандық бәсекеге қабілеттіліктің халықаралық рейтингі)
IQAA	- Білім сапасын қамтамасыздандыру бойынша тәуелсіз агенттігі
KAZSEE	- Қазақстанның Заманауи (Элиталақ) Білім Ассоциациясы
KNAW	- Koninklijke Nederlandse Akademie van Wetenschappen (Нидерланды Корольдік өнер және ғылым академиясы)
LIA	- Laboratoires Internationaux Associés (халықаралық қауымдастырылған зертханалар)
NOW	- Nederlandse Organisatie voor Wetenschappelijk Onderzoek (Нидерландтық ғылыми зерттеулер жөніндегі ұйым)
RRI	- Responsible Research and Innovation (жауапты зерттеулер мен инновациялар)
STW	- Technology Foundation SWT (STW технологиялық қоры)
UMR	- Unités Mixtes de Recherche (бірлескен ғылыми зертханалар)
EA	- Équipes d'Accueil (университеттің ғылыми зертханалары)
CNRS	- Centre National de la Recherche Scientifique (Ғылыми зерттеу бойынша ұлттық орталық)

## КІРІСПЕ

**Зерттеу тақырыбының өзектілігі** Әлем дамуының жаңа сатысындағы Қазақстанның дамуы ғылым мен инновацияның, әлеуметтік-экономикалық өрлеудің маңызды факторына айналған экономиканың жаңа моделі білімдер экономикасына негізделеді. Экономикалық өсім мен бәсекеге қабілеттілікке қол жеткізуде білімдерді жаңғырту, оның инновациялық өнім мен қызметке айналдыру және таратудың тиімді тетігінсіз мүмкін емес. Білім адами қызметтің қандай саласы болмасын дамуы мүмкін емес адамзаттың дамуының негізін қалаушы элементке айналды. Осылайша, әлемде болып жатқан әлеуметтік-экономикалық үрдістер адамзаттың өмірлік ұстанымдарын өзгертіп, экономикалық жүйедегі білімнің рөліне жаңаша көзқарас қалыптастырды. Соңғы отызжылдықта біз ұлттық экономикалардың қарқынды дамуы мен күлдірауының, экономикалық дағдарыстардың, біртұтас әлемдік экономикалық кеңістіктің қалыптасуының, қызмет саласының үлесінің артуының, пандемияның әлемге әкелген салдарының, цифрлық технологиялардың дамуының куәгері болдық. Жоғары қарқынмен ақпараттың артуы белең алған заманда білімдер заманауи ұйымдардың басты ресурсына және оның тиімді қызмет етуінің кілтіне айналған [1].

Мемлекеттік стратегиялық бағдарламаларда ел экономикасының өркендеуінде білімдер экономикасына бейімделген жоғары білім беру жүйесін қалыптастырудың маңыздылығы айқындалған. Президенттің «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Қазақстан халқына жолдауында «білім берудің мектепке дейінгіден бастап жоғары білімге дейінгі барлық деңгейлерін түбегейлі жаңғыртуға бағытталған» саясатты жүзеге асыру міндеті қойылған.

Жоғары және жоғары білімнен кейінгі оқу саласындағы басты міндеттердің бірі «бәсекеге қабілетті кадрларды сапалы даярлауды қамтамасыз ету» болып табылған жоғары білім беру жүйесіндегі мемлекеттік саясатты қалыптастырудың тағы бір маңызды стратегиялық құжаттардың бірі «2016-2019 жылдарға арналған ҚР БҒДМБ» болған. Аталған бағдарламаға сәйкес, әлемдік рейтингтерде жоғары оқу орындарының саны мен қолданбалы ғылыми-зерттеу жұмыстарының жалпы санындағы коммерцияландырылған жобалардың үлесін арттыру үшін мақсатты индикаторлар қатары жүзеге асырыла бастаған.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2019 жылы 2 қыркүйегінде жарияланған Қазақстан халқына «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» жолдауында ««Білім экономикасы», еңбек өнімділігін арттыру, инновацияны дамыту, жасанды интеллекті жаһандық дамудың негізгі факторларына айналғандығына» бірнеше мәрте екпін жасады [2]. Бүгінде «Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2022 – 2026 жылдарға арналған тұжырымдамасы» бекітіліп, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімге қолжетімділікті кеңейту, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің мазмұнын жаңғырту, бәсекеге қабілеттілігін арттыру, жоғары оқу орындарында басқару жүйесін жетілдіру



және жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімді интернационалдандыру басты тұжырымдамаларының бірі «Білім экономикасы үшін жоғары білікті кадрлар даярлау» негізіне салынған [3].

Мемлекеттік бағдарламалардың орнына Қазақстандық жоғары оқу орындарының бәсекеге қабілеттілігін арттыруды алдына басты міндеті етіп отырған «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасы келді. Бұл жобаның аясында халықаралық білім беру бағдарламаларын, шетелдік әріптестермен академиялық алмасуларды іске асыратын жоғары оқу орындарының үлесін, оқытушылық қызметке тартылған шетелдік сарапшылардың саны және жетекші шетелдік жоғары оқу орындарының филиалдарының санын арттыру нәтижелік көрсеткіштерінің қатарында жүзеге асыру көзделген.

Қазіргі таңда Қазақстанның алдында білім мен ғылымның үйлесуі мен оның нәтижелігін арттыру негізінде ұлттық стратегияны жүзеге асыру арқылы жаңа жағдайдағы экономикалық даму, білімдер экономикасына толыққанды өту міндеті тұр. Осыған орай, әлеуметтік-экономикалық және технологиялық өрлеуге қол жеткізуде жоғары білім беру жүйесін модернизациялау мақсатында ғылыми-инновациялық салада мемлекеттің рөлі артып, тиімді саясатты жүргізу өзекті болып отыр. Білімдер экономикасының қалыптасу жағдайындағы жоғары білім беру жүйесін реформасын соңғы онжылдықта болып жатқан өзгерістер мен тенденциялар талап етеді. Атап айтсақ, еңбек нарығы мен жоғары білімді мамандарды даярлау бағдарламаларының арасындағы теңгерімсіздік, білімдер және технология нарығындағы бәсекенің артуы, заманауи жоғары оқу орындарының білім беру және ғылымның тек алдыңғы қатарлы орталықтары емес нарыққа бәсекеге қабілетті өнім шығару жолымен ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерциаландыруға бағытталу қажеттілігін түсіну, цифрлық технологиялардың дамуы, әлемнің алпауыт білім беру платформаларының әлем нарығын жаулауы және жоғары білім беру жүйесінің заман талаптарына сай болуы үшін мемлекеттік тиімді саясат қалыптастыруды басты назарға алып отыр. Жоғары білім және ғылым жүйесіндегі мемлекеттік заңнамалық бастамалар мен іс-шаралар кешенімен анықталатын мемлекеттік инновациялық саясаттың басты бағыттары жоғары оқу орындарының инновациялық әлеуетін дамыту үшін жағдай жасау, жоғары білім субъектілерінің инновациялық қызметіне инвестициялар мен мемлекеттік қолдауды арттыру, жоғары оқу орындарының тиімді қызмет етуі мақсатында экономикалық жағдайларды өзгертіп, дербестікті кеңейту және қатаң бақылаудан тәуекелдерді басқаруға өту болып табылады.

Жоғары білім беру жүйесінің инновациялық әлеуетінің артуы ел экономикасын сапалы өзгеруінің, ұлттың тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуының, әлемдік нарықта жетекші орынды иеленіп, бәсекеге қабілеттілігінің артуының кепілі деп білеміз. Осыған орай, «білімдер экономикасы» туралы теориялық көзқарастың негізгі ережелерінің дамуы мен жоғары білім беру жүйесінің инновациялық әлеуетінің қалыптасуындағы тиімді мемлекеттік басқару заманауи экономикада өзектілігі жоғары.

Диссертацияның ғылыми мәселесі Қазақстан Республикасының жоғары білім беру жүйесінің білімдер экономикасының қалыптасу сатысындағы мемлекеттік басқарудың жеткілікті жүзеге асырылмауы мен білімдер экономикасының қалыптасу жағдайында жоғары білім беру жүйесінде саясаттың әлсіз жүргізілуі

### **Мәселенің ғылыми зерттелу дәрежесі.**

Білімдер экономикасының қалыптасу жағдайында жоғары білім беру жүйесін мемлекеттік басқаруды жетілдіру Р. Акофф, И. Ансофф, О.С. Виханский, Д. Гордон, П. Друкер, В.П. Колесов, В.Л.Макаров, И.В. Макарова, Б.З. Мильнер сынды алыс және жақын шетелдік ғалымдардың өкілдерінің зерттеу жұмыстары арналған. Жоғары білім беру жүйесін басқарудың теориясы және әдіснамасының дамуының зерттелуіне алыс шетелдің ғалымдары А. Смит, Дж.Б. Бакхаус, Г. Беккер, Э. Вален, К.Е. Вейк, Г. Винстон, К.И. Волпин, Д. Гарвин, А. Даймонд, Х.Г. Джонсон, П. ДиМаджиои және т.б. зор үлес қосты.

Білім беру жүйесінің әлеуметтік институт және мемлекеттік басқару объектісі ретінде зерттелуге И.И. Катанаев Б. Малиновскийдің. Ч.Фридман және Б.А. Лундвал, Г.Е. Зборовский, Дж. С. Милль, Э.Гидденс, Л.А.Микешин, Ф.Э.Шереги, Р.Будон, П.Бурдые, Дж. Коулмана, К.Дженкса, С.Боулза, Г.Гинтеса және отандық ғалымдар А.Б.Айтбембетова, Ж.К.Дюсебаева, М. Тулегенова, З.Валиханова еңбектері арналған. Экономикалық өсімнің негізгі көзіне айналған білім мен инновацияның дамуының жаңа сатысы ретінде білімдер экономикасы Д. Белл, Дж. Гелбрейт, П. Друкер, И. Масуд, Ф. Махлуп, Т. Сакайя, К.Смит, Х. Такеучи, Э. Тоффлер, Ф. Хайек және өзгелері сияқты шетелдік авторлардың еңбектерінде терең зерттелген.

Жоғары оқу орындарын басқарудың түрлі мәселелері жақын шетел ғалымдарының П.С. Аветисян, Б.В. Агранович, А.Н. Асаул, Р.А. Бадамшин, В.И. Байденко, Е.С. Бирюков, Е. Водичев, Л.Л. Ворошилова, Г.Э. Галикян, В.С. Галстян, Т.И. Густомясова және өзгелерінің зерттеулерінде қарастырылды.

Сонымен қатар, жоғары білім беру жүйесін мемлекеттік басқаруды зерттеуге бірқатар Отандық ғалымдардың еңбектері арналған, мұндай зерттеулер келесідей ғалым-экономистердің еңбектерінде қарастырылған:

С.М. Омирбаев, Ш.Т. Шаяхметова, Ж.Е. А.Б. Айтбембетова, Ж.К. Дюсебаева, М. Тулегенова, З. Валиханова А.И. Монобаева, К.А. Жакенова, Б. Т.Жумагулов, Ж.А. Кулекеев, А.А. Кайгородцев, Ю.В. А.Е Мамбетказиев, А.Б. Айтбембеова, Е.К. Сагадиев, А.К.Кусаинов, С.Зиманов, Ш.А. Есимова, Б.К., Ж.Адиллов, А.Б.Айтбембетова, К.К. Бердимуратова, және өзгелері.

Жоғары білім беру жүйесін мемлекеттік басқарудың түрлі аспектілерін зерттеуге арналған отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектерінің көптігіне қарамастан, білімдер экономикасының қалыптасу жағдайындағы жоғары білім беру жүйесінің дамуы мен оны мемлекеттік басқару әлі де зерттеуді қажет етеді. Бұл жағдай диссертациялық зерттеудің тақырыбын таңдауға, мақсат және міндеттерді нақтылауға негіз болды.

**Диссертациялық зерттеудің мақсаты** Қазақстан Республикасында білімдер экономикасының қалыптасуы жағдайында жоғары білім беру жүйесін

мемлекеттік басқаруды жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу болып табылады.

Аталған мақсатқа қол жеткізу үшін келесідей **ғылыми міндеттерді** шешу қажеттілігі туындайды:

- Білім беру жүйесінің әлеуметтік институт және мемлекеттік басқару объектісі ретінде зерттеу;

- Білімдер экономикасының қалыптасу жағдайында жоғары білім беру жүйесін мемлекеттік басқару ерекшеліктерінің негізгі бағыттарын және білім беру жүйесін басқарудың критерийлері мен көрсеткіштерін анықтау;

- Жақын және алыс шетелдердегі жоғары білім беру жүйесін мемлекеттік басқарудың тәжірибесін зерделеу;

- Білімдер экономикасының қалыптасу жағдайында жоғары білім беру жүйесінің жағдайы мен даму қарқынын талдау;

- Жоғары білім беру жүйесін мемлекеттік басқару құралдарының нәтижелілігіне талдау жасау;

- Жоғары білім беру жүйесін мемлекеттік басқаруға әлеуметтік диагностика жасау;

- Жоғары білім беру жүйесін мемлекеттік басқаруды жетілдірудің ұйымдастырушылық механизмдерін анықтау;

- Жоғары білім беру жүйесін мемлекеттік басқарудың нормативтік-құқықтық қамсыздандырылуын талдау;

- Жоғары білім беру жүйесін цифрландыруды зерттеу.

**Зерттеу объектісі** - білімдер экономикасының қалыптасу жағдайындағы Қазақстан Республикасының жоғары білім беру жүйесін мемлекеттік басқару болып табылады.

**Зерттеу пәні** білімдер экономикасының қалыптасу жағдайында жоғары білім беру жүйесін мемлекеттік басқарудың әдіснамалық құралдарының жиынтығы.

**Зерттеудің теориялық және әдіснамалық базасы** білімдер экономикасының қалыптасу сатысында жоғары білім беру жүйесін мемлекеттік басқару бойынша отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері, теориялық-әдістемелік әзірлемелері мен өзекті жариялымдар болып табылады.

Зерттеу әдістері: таңдалған тақырыптың ерекшелігі сипаттау, институционалды талдау, жүйелік талдау, статистикалық мәліметтер негізінде экономикалық талдау, салыстырмалы және динамикалық талдау қағидаларының, интегралдық талдау, әлеуметтік диагностика пайдаланылуын анықтады.

Зерттеудің **эмпирикалық базасын** ҚР-ның Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің ұлттық статистика бюросының ресми статистикалық деректерінің нәтижелері, ҚР Білім және ғылым министрлігінің, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің, ҚР Ұлттық экономика министрлігінің, ҚР Әділет министрлігінің Заңнама және құқықтық ақпарат институтының ресми сайттарында жарияланған материалдар құрады. Жұмыста екі кезеңде жүргізілген Қарағанды қаласының жоғары оқу орындарының жетекші

мамандары, профессорлық оқытушылар құрамы және жоғары оқудан кейінгі білім алу бағдарламасы бойынша білім алушыларға жүргізілген әлеуметтік сауалнама нәтижелері құрады.

**Диссертациялық жұмыстың ғылыми жаңалығы.** Осы диссертациялық зерттеудің негізгі қорытындысы ғылыми жаңалығы бар келесідей нәтижелер болып табылады:

- Жоғары білім беру жүйесін мемлекеттік басқарудағы білімдер экономикасының ұғымдық-категориялық дамуындағы «Білімдер экономикасы» ұғымына авторлық түсініктеме және білімдер экономикасының қалыптасуы жағдайындағы жоғары білім берудің дамуының құрылымдық-логикалық сызбасы;

- Жоғары білім беру жүйесін мемлекеттік басқару құралдарының нәтижелілігінің интегралдық талдауы;

- Жоғары білім беру жүйесін мемлекеттік басқаруды ұйымдастырушылық механизмдері жетілдіру;

- Жоғары білім беру жүйесін мемлекеттік басқарудың нормативтік-құқықтық қамсыздандырылуын жетілдіру бойынша ұсыныстар жасалды;

- Жоғары білім беруді цифрландыруды жетілдіру аясында ұсыныстар әзірленді.

#### **Қорғауға шығарылатын негізгі тұжырымдар:**

1) «Білімдер экономикасы» ұғымын зерттеудің ғылыми тәсілдері мен сыни тұрғыда талдау негізінде аталған ұғым авторлық толықтырылды және нақтыланды, сонымен қатар, жоғары білім берудің дамуы мен білімдер экономикасының қалыптасуы арасындағы байланыстың құрылымдық-логикалық сызбасы ұсынылды;

2) Жоғары білім беру жүйесін мемлекеттік басқару құралдарының нәтижелілігін «2016-2019 жылдарға арналған ҚР БҒДМБ» негізінде интегралдық әдіс бойынша бағалауы жүргізіліп, апробацияланды және Мемлекеттік бағдарламалардың Ұлттық жобаларға трансформациясы көрсетілді;

3) Жоғары білім берудің әлеуметтік диагностикасы негізінде эмпирикалық талдау жасалып, жоғары білім беру жүйесін мемлекеттік басқарудың ұйымдастырушылық механизмдерін жетілдіру бойынша ұсыныстар қатары жасалды;

4) Жоғары білім беру жүйесін мемлекеттік басқарудың нормативтік-құқықтық қамсыздандырылуын жетілдіру бойынша ұсыныстар жасалды;

5) Жоғары білім беруді цифрландыруды жетілдіру аясында «цифрлық университет» тұжырымдамалық негізі әзірленді.

**Зерттеудің тәжірибелік маңыздылығы** білімдер экономикасының қалыптасу жағдайында жоғары білім беру жүйесін мемлекеттік басқаруды талдау, бағалау және зерттеу барысында алынған нәтижелер зерттеу аланындағы болып жатқан үрдістерге тәуелсіз баға беруіне орай, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігімен стратегиялық бағдарламалық құжаттарды әзірлеу барысында қолданысқа ие.

Жоғары білім беру жүйесін мемлекеттік басқарудың нәтижелілігін талдау барысында икемделген интегралдық бағалау әдісі ҚР Ғылым және жоғары білім, ҚР Оқу-ағарту министрлігі бағдарламалық құжаттардың ағымдық және қорытынды нәтижелерін бағалауда қолданысқа ие.

Сонымен қатар, білімдер экономикасының қалыптасу жағдайында жоғары білім беру жүйесін мемлекеттік басқаруды оңтайландыру жоғары білім беру жүйесін мемлекеттік басқару саясатын жүзеге асыру барысында мемлекеттік стратегиялық бағдарламаларды әзірлеу, нәтижелілігін бағалау және өндеуде мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарлары мен мемлекеттік бағдарламаларды өндеу мен бағалауды, жетілдіруден тұрады.

Диссертациялық зерттеу нәтижелері білім беру бағдарламаларын әзірлеуде, жоғары оқу орындарында «Білім беруді мемлекеттік басқару», «Білім берудегі психология және менеджмент» және «Әлеуметтік мемлекет» т.с.с пәндер бойынша дәрістер оқу барысында қолданылуы мүмкін.

**Диссертация нәтижелерін сынақтан өткізу және енгізу.** Диссертациялық зерттеудің негізгі нәтижелері 13 ғылыми еңбекте жарияланды, оның ішінде Scopus мәліметтер базасына енген ғылыми журналдарда 3 мақала, ҚР БЖҒМ БҒСБК ұсынған журналдарда 3 мақала, халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциялар материалдарында 7 мақала жарияланды. Мақалалар ғылыми кеңесшілермен бірге жарияланды.

Диссертациялық зерттеу нәтижелері ҚР Білім және ғылым министрлігінің Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру департаментінде апробациядан өткен (Қосымша А).

**Диссертацияның құрылымы.** Зерттеу жұмысы 161 бетті құрайтын кіріспе, тоғыз бөлімнен тұратын үш тараудан, қорытынды, 210 пайдаланылған қайнар көздер тізімінен, нормативтік сілтемелер мен белгілеулер мен қысқартулардан, 43 суреттен, 9 кестеден және 10 қосымшадан тұрады.

# 1. БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІН МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

## 1.1. Білім беру жүйесі әлеуметтік институт және мемлекеттік басқару объектісі ретінде

Әлеуметтік экономикалық даму мен бәсекенің артуы белең алған заманауи қоғамда әрбір ел экономикалық өсімнің параметрлеріне қол жеткізу үшін экономикалық жүйенің тиімді қызмет етуінің және халықтың әл-ауқатын арттыру бойынша жүйелі ізденіс жүргізуде. Дүниежүзілік экономикалық жағдаят және инновациялық даму әлемдік үдеменің негізгі қозғаушы күші болып табылатын адами капиталға жоғары талаптар қояды.

Заманауи қоғамда экономикалық дамудың жаңғыруы құрылымында Басты назар қоғаммен жинақталған және шаруашылықта пайдаланылатын шығармашылық қабілеттілік, жоғары кәсіби дағдылар және қызметкерлердің құзыреттілігі яғни, адами капиталға берілетін, технология және өндірісті ұйымдастыру қағидаттарының елеулі түрлендірілуімен жалғасуда. Адами капитал идеясы Адам Смиттің еңбектерінде айтылып кеткеніне қарамастан, оның маңыздылығы, ел экономикасының дамуы азаматтарының білімі және өмірінен тікелей байланыстылығына талдау жасау арқылы теориялық негіздемесін жасаған, адами капиталдың алғаш рет өлшемін анықтаған американдық ғалымдар Т.Шульц «адами капитал» және «адамға инвестиция жұмсау» [4]. Г.Беккердің, Я. Минсердің еңбектерінде ХХ ғасырдың алпысыншы жылдары көрініс тапқан. Олар адами капиталды адамның кіріс және табыс табу көзі болып табылатын, білім деңгейі, біліктілігі және адамның қабілеті болып табылатынын анықтаған [5]. Т.Шульц және Г.Беккердің еңбектеріне сүйенсек, білімнің қайтарылымдылығының тәуелділігі яғни адамның кірісі мен табысы білімді адамның білімі төмен адамнан айырмашылығынан тұрады деген [6].

Көптеген ғалымдар арасында адами капиталға инвестиция жұмсау ел экономикасының экономикалық әлеуетін және тұлғаның болашақта табыс табуға бағытталған білімінің экономикалық нәтижесін анықтау құралы ретінде әрбір қоғамда басымдылыққа ие болуы қажет деген тұжырымдама қалыптасқан. Бұл ретте адами капиталдың дамуы елдегі әлеуметтік-экономикалық жағдаймен үйлесуімен қатар, құқықтық реттелуі қажет делінген. [7; 8; 9; 10]. Адами капиталдың классикалық теориясына сәйкес, оның маңызды құраушысы заманауи - жаңа білім беру әдістерін әртараптандыру, өздігінен жаңа білімдер тудыру және экономиканың барлық салаларында мамандардың жоғары кәсіби дайындығы болып табылады.

Осылайша, адами капиталдың негізгі құраушысы болып табылатын білім беру жүйесінің әлеуметтік институт және мемлекеттік басқару объектісі ретінде зерттеуді бастамас бұрын мемлекеттік басқару объектісі, яғни білім беру жүйесін талдау қажет, осы мақсатта, «білім», «білім беру», «жоғары білім», «жоғары білім беру жүйесі» ұғымдарының анықтамаларына ғалымдардың берген көзқарастарына талдау жасауды жөн көрдік. Отандық және шетелдік

ғалымдардың еңбектерінде «білім», «білім беру», «жоғары білім», «жоғары білім беру жүйесі» ұғымдарына түрлі анықтамалар берілген.

«Білім» ұғымының анықтамасын ашпас бұрын оның білім деген не және ол қандай формада болатындығына тоқталу керек. Декарт және Бэконнан бастау алған классикалық эпистемологияға сәйкес, шынайы таза білімнің үлгілік мысалы ғылыми білім деген тұжырымдама жасалса [11], атақты ресей ғалымдары В.Л. Макаров және Г.Б. Клейнер қызметтің тікелей өнімі ретіндегі білім тек білімді туындататын кәсіби сала болып табылатын ғылымда ғана емес, сонымен қатар, қызметтің өзге де салалары мен түрлерінде туындайды деген [12]. Ал, Д.У. Делонг и Л. Фейхи білім мәнмәтіннен тәуелді және үнемі жеке адам немесе, ұжымға тиесілі ресурс, сонымен қатар, білім адамның ойы және тәжірибесінің нәтижесі деген тәсілдемені ұсынған [13]. Осылайша, «білім» бұл адамның үздіксіз білім алу нәтижесінде туындайтын сандық өлшеуге келмейтін дағды, кәсіп, құзыреттілік және алынған білімінің нәтижесі, дағдарыстан қорғалған капитал болып табылады деп тұжырымдасақ болады.

«Білім беру» ұғымына мемлекеттік жалпы білім беру стратегиясын бейнелейтін, ҚР «Білім туралы» Заңында имандылық, зияткерлік, мәдени, тәндік жағынан дамыту және кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру мақсаттарында жүзеге асырылатын тәрбиелеу мен оқытудың үзіліссіз процесі деп ішінара анықтама берілген. Сол сияқты ғылыми әдебиеттерде аталған ұғымның түсіндірмесі мен көзқарастарының көп жоспарлы амалдары бақыланады. «Білім беру» ұғымы білім, білім алу, ағартуды меңгеру үрдісі болып табылады [14]. Сонымен қатар, П.И. Пидкасистый «Психология және педагогика» еңбегінде «білім беру» адамның білім алу, тәрбиелеу және дамуынан тұратын педагогикалық үрдіс нәтижесінде білім берудің интегративтік нәтижесі – білімділік қалыптасады деп, білім беруді тұлғаның өзінің қабілетін жемісті іске асыру үшін қоғаммен қалыптасатын гуманитарлық сала деген [15]. Ал. И.И. Катанаев Б. Малиновскийдің «Функционалдың теория» атты [16] еңбегінің нәтижелерін қолдана отырып, өзінің «Әлеуметтік институт ретіндегі білім беруді пайымдаудың құрылымдық-функционалдық көзқарасы» атты еңбегінде әлеуметтік институт ретінде білім беруге ұғымына құрылымдық-функционалдық тәсіл арқылы түсіндірме бере отырып, «білім беруді» өзара іс-әрекет құрылымында қауым ішінде орын алатын әлеуметтік өзара әс-әрекеттің элементтерін зерттеу барысында туындайтын функционалдық тәсіл деген көзқарасын қалыптастырған. [17]. Сонымен қатар, Ч.Фридман және Б.А. Лундвал білім беру бұл ғибрат және рухани құндылықтар әсерінен қалыптасатын, материалдық-рухани іс-жүргізудің ерекше түрі деп есептейді [18]. Аталған тұжырымдама авторлары «білім беру» ұғымына рухани, ақпараттық және рухани өндірісте негізгі рөл барысында материалдық өндіріспен біркелкі үйлесетін білімдер экономикасы теориясының тарапынан анықтама берген. Бірақ, Ч.Фридман және Б.А. Лундвал «білім берудің» субъектісі мен мақсатын ажыратпай, мәнін ашуда шектелген көзқарасты сипаттайды. Ал, білім берудің тиімділігінде адам, отбасы, қоғам және мемлекет қызығушылығында жүзеге асырылатын және қоғамдық маңызды игілік жатқан,

тәрбиелеу мен білім берудің біртұтас мақсатқа бағытталған үрдісі деп О.Н. Мельников пен Н.А.Горелов айрықша түсіндірме берген [19]. Г.Е. Зборовский тұлғаның кейін кәсіп, мамандық, біліктілікті меңгеруі арқылы әлеуметтенуі мен оқыту, тәрбиелеу, дамуды жүзеге асыру барысында әлеуметтік бақылау және басқарудың әлеуметтік атқарымдары мен рөлін жүзеге асыру үшін билік және материалдық құралдармен қамсыздандырылған тұлға және мекемелер жиынын қамтитын, қоғамдық өмірді және адамдардың бірлескен қызметтерін ұйымдастырудың тұрақты формасы білім берудің әлеуметтік институты деп түсінген [20].

«Білім беру» ұғымына берілген тұжырымдамалардың түрлі аспектілерін ажырату оны түрлі көзқарастар және жүйелік тәсілдеме тарапынан зерттеуге мүмкіндік жасайды. Білім беру ұғымына жоғарыда берілген анықтамалар мен тұжырымдамаларды қорытындылай келе білім беру – бұл білім алу, тәрбие берудің органикалық біртұтастығы, тұлғаның дамуы мен ұрпақтан-ұрпаққа материалдық және рухани мәдениеттің берілуінің үрдісін жүзеге асыратын әлеуметтік институт деп айтуға болады. Білім берудің әлеуметтік институты келесі суретте сипатталған қызметті жүзеге асырады (сурет 1).

Білім берудің әлеуметтік институты			
ҚОҒАМДЫҚ	ЭКОНОМИКАЛЫҚ	ӘЛЕУМЕТТІК	МӘДЕНИ
<ul style="list-style-type: none"> <li>• Әлеуетті өзге қоғамдық институттарға әсер ету арқылы тұрақтандыру;</li> <li>• Әлеуметтік рөл үлгісіне әлеуеттік топ мүшелерінің іс-әрекетін сәйкестендіру;</li> <li>• Білім жүйесінің қауымдастығын қалыптастыру;</li> <li>• Білім алушылар, оқытушылық құрамы.</li> </ul>	<p>Әлеуеттің әлеуметтік-кәсіби құрамының құрылу бағытында қалыптастырушылық қызмет</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Әлеуеттің құрамын өзгерту және жаңғырту;</li> <li>• Оның мүшелерінің әлеуметтік ұтқырлығын ынталандыру;</li> <li>• Тұлғалық әлеуетті қалыптастыру.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Жеке тұлға өзінің шығармашылық қызметінде қолдана алатын, білім беру деңгейін құру;</li> <li>• Мәдени құндылықтарды тарату;</li> <li>• Әлеуеттің түрлі топтары арасында материалдық және материалдық емес мәдениетті дамыту;</li> <li>• Қоғамның тұлғалық «өзегін» қалыптастыру.</li> </ul>

Сурет 1 - Әлеуметтік институт ретіндегі білім берудің қызметтері  
Ескерту: зерттеу материалдарына сәйкес автормен құрастырылған

Жоғарыда айтылғандарды түйіндей келе, білім берудің қоғамда алатын орнының маңыздылығын және «білім беру» ұғымына берілетін тұжырымдардың сан алуандығын сөзсіз екендігін ескере кетсе болады.

Білім беру қызметіне ынтаның классикалық талдауын «Елдің табыстары туралы» бөліміндегі «Жасөспірімдер үшін білім беру мекемелеріне шығындар туралы» және «Әр түрлі жастағы адамдар үшін білім беру мекемелеріне шығындар туралы» екі мақаласында сипатталған атақты «Ұлттың әл-ауқаты туралы» атты Адам Смиттің еңбегінен табамыз [21]. Аталған «Жасөспірімдер үшін білім беру мекемелеріне шығындар туралы» яғни еңбектің бірінші



мақаласында А.Смит жасөспірімдерге арналған білім беру мекемелердің табыс көзі студенттердің оқытушыларға төлейтін қаламақы немесе төлем болып табылатын кіріс көзі мекемені жай-күйде ұстау шығындарын жабу үшін жеткілікті табыс әкеледі деп сенімді айтқан. Саяси экономиканың классикалық мектебінің экономисттері жаппай білім алуды елдің экономикалық өсіміне әсерін қарастырмай басты назарды халықтың өсіміне бақылау және азаматтық қоғамды қамсыздандыруға назар аударған. Әсіресе, Адам Смит жұмысшылар ортасында еңбек бөлінісінің кері зардаптарына мемлекетпен ұйымдастырылған білім беру жүйесі қарсы келуі мүмкін деп жазған.

Аса көрнекті қисыншыл Дж. С. Милль білім беру жүйесін білім сапасын белгілі бір кезең аралығында ғана бағалауға болады және аталған тауарды «сатып алушы» сәйкесінше оның сапасын жорамалдай алмағандығынан «нарық тиімсіздігі» мысалы ретінде ажыратқан алғашқы экономисттердің бірі болған. Дж. С. Милль үкімет адамдардың бала кезінен ойы мен түйсігіне әсер ете отырып оларға өз ықпалын жүргізеді деген ой қалыптастырып, жалпы қолжетімді мемлекеттік білім беруді қолдамайтын экономистер қатарына саналған. Сондықтан, ол мемлекеттік емтихан жүйесімен біріктірілген яғни, егер түлек аталған емтиханды тиісті деңгейде тапсырмаған жағдайда оқуды жалғастыру үшін есептелген төлем шотына ата-анасынан салық салымы ұсталуы қажет, белгілі бір жасқа дейінгі міндетті үйде білім алу немесе жеке меншік мектептерді қолдаған. Осыған орай, тұрмысы төмен отбасынан шыққан балалар үшін арнайы қаржылық дотациялар қарастырыла бастаған [22].

Көріп отырғанымыздай, ХІХ ғасырдың 60-шы жылдары қоғамда қолжетімді мемлекеттік білім беру таралмай, керісінше ғалымдар мектеп ісі әрбір жеке тұлғаға білім беру минимумын қамтамасыз ету қоғаммен шешілуі қажеттілігі шарты мен жеке меншік принциптерге сәйкес ұйымдастырылуы керек деген. Дж. С.Милл көзқарасы бойынша мемлекет білім берудің не төменгі не жоғарғы сатыларында өзінің беделін адамдарды тек мемлекеттік оқытушыларға жүгінуі үшін пайдаланбауы және мемлекеттік білім беру мекемелерінен білім алғандардың өзге жеке меншік білім беру мекемелерін аяқтаған тұлғалар арасында артықшылыққа ие болмауы тиіс деген.

Дербес қоғамдық құрылым ретінде әлеуметтік-тарихи қалыптасқан білім беру әлеуметтік институт қажетті барлық экзистенциалдық белгілерін меңгереді. Білім берудің институционалдық сипатының қалыптасуының жаратылысын талдай келе ағылшын әлеуметтанушысы Э.Гидденс білім берудің әлеуметтік институт ретінде бірден қалыптаспағандығына назар аударады. Білім берудің заманауи түрі жалпы сауаттылықты арттыру және баспа материалдарының таралумен қатар қалыптасып, ал білім заманауи түрінде көптеген адамдар тобымен біршама жерлерде қолданылады, сақталады және қайта жаңғырады деген. [23].

Әлеуметтік талдау объектісі және пәні ретінде білім беру бірінші кезекте оның институционалды сипаты тұрғысынан зерттеледі. Л.А.Микешиннің білім беруді дәстүрлі түрде зияттық талдау білімін меңгеру ретінде, ал білім беру үрдісін жеке тұлғаның институционалдық анықталатын, түрлі салалардан

арнайы білімді жинақтау деп түсіндірген. [24]. Ресей әлеуметтанушысы Ф.Э.Шереги білім беру жүйесін қоғамның ғылыми-техникалық, экономикалық және мәдени үдерісінің (үдерісті ынталандыру үшін аталған институт тек уақыт талаптарына сай болуымен қатар озық қарқынмен даму қабілетін меңгеруі қажет) деңгейін анықтаушы, негізгі әлеуметтік институт болып табылады деп белгілеген [25].

Әлеуметтік ғылым аясындағы институционалдық талдауы білім беру жүйесі және өзге әлеуметтік институттар арасындағы өзара байланыс сипатын анықтап қана қоймай, жалпы әлеуметтік жүйенің қажеттіліктер қызметінің пара-пар жүзеге асырылуының дәрежесін орнатып, қоғамдық қатынастардың жиынтық жүйесіндегі білім берудің рөлі мен орнын анықтауға бағытталған. Бұдан басқа, Н.Смелзер «білім беруді қоғамда құндылық, біліктілік және білімді адамнан адамға немесе өзге топтарға жеткізу негізінде формальды үдеріс ретінде анықтауға болады» деп, білім беру үрдісінің ұйымдастырушылық құрамбөлігін айрықшалап, әлеуметтік институт ретіндегі ұрпақтан-ұрпаққа білімді беруде қоғамның қажеттіліктерін қанағаттандыруға арналған, тарихи қалыптасқан және бекітілген жиынтық ретінде анықтаған [26].

Осылайша, аталған ауысуға тән қоғамның әлеуметтік, рухани және экономикалық әртараптануынан алуан меншік түрлерінің пайда болуы мемлекеттік, мемлекеттік емес және жеке меншік білім берудің қатар пайда болуына түрткі болып, сөзсіз толық білім беру жүйесінің әлеуметтік түрлендірілуіне әкелген [27].

Білім берудің институционалдық құрылымдауының әлеуметтенуі бірқатар іргелі әлеуметтік қызметтерді жүзеге асырады. Өзара білім берудің әрекеттестік шеңберінде жеке тұлғалар арасында тек қана білім алмасып қана қоймай, сонымен қатар әлеуметтік-мәдени элементтердің яғни әлеуметтік нормалар, құндылықтар, мақсат және т.б., аталған қоғамда жеке тұлғаның табысты қызмет етуі үшін қажетті іс-әрекет қалпын және қызмет ету әдістері жүзеге асырылады. Білім берудің әлеуметтік қызметі жеке тұлғаның талаптарының оның болашақта қоғамда ойнайтын әлеуметтік рөлінің талаптарымен сәйкес болуы үшін дайындаудан тұрады [28]. Жүздеген жылдарға созылған әлеуметтік тәжірибе көрсеткендей, әлеуметтену сипатына жеке тұлғаның әлеуметтік ортаға интеграциясы және аталған үрдістегі білім беру институтының позитивті маңыздылығы тәуелді. Осыған орай, Г.С. Батыгин «Білім беру - тек орта емес, әрекет етудің бір ғана мүмкін ортасы» деп тура айтқан екен. [29].

Көптеген ғалымдар мен зерттеушілер білім берудің әлеуметтік қызметін талдай келе әлеуметтік ауысымдағы маңызды құрал ретіндегі білім беру институтының маңыздылығына аса көңіл бөледі. Француз әлеуметтанушысы Р.Будон өз еңбектерінде атап кеткендей, білім беру әлеуметтік мобилділік өзегі және «мүмкіндіктерді теңестірудің» негізгі факторы [30]. Бірақ, ғалымдардың барлығы аталған көзқарастарды ұстанбайды. П.Бурдые, Дж. Коулмана, К.Дженкса, С.Боулза, Г.Гинтеса және өзге де әлеуметтанушылардың эмпирикалық мәліметтер негізіндегі жүргізілген зерттеулерінде барлық индустриалды дамыған елдерде білім берудің әлеуметтік-селективті рөлі

туралы айтылған. Себебі, аталған елдердегі білім беру жүйесі мазмұны жағынан әлеуметтік теңсіздікті тудырады және төменгі әлеуметтік қабаттан жоғарыға ауысуға мүмкіндік туғызбайды деп жазылған [31].

Жоғары білім беру жүйесінің әлеуметтік институт және мемлекеттік басқару объектісі ретінде қысқаша талдауға көшпес бұрын «жоғары білім беруді басқару» және «жоғары білім беру жүйесін мемлекеттік басқару» ұғымдарына дефиниция беру қажет деп есептейміз. Ғылыми әдебиеттерде «жоғары білім беруді басқару» ұғымының мәніне қатысты біртұтас ойдың әлі күнге дейін қалыптастырылмағандығына орай, ғалымдар өз назарын бір аспектіге яғни, басқару субъектілері, қызметтері, басқару субъектілерінің мақсаты мен міндеті және оның жүзеге асыру әдістері мен құралдарына аударады. Аталған мәселеге орай берілген ғылыми тәсілдерді жүйелей келе, жоғары білім беруді басқару мемлекет және қоғам қызығушылығында әрбір жеке тұлғаның жан-жақты дамуы үшін яғни қызмет ету, даму және жетілдіру мақсаттарына қол жеткізудегі жоғары білім беру жүйесіндегі қоғамдық қатынастарға бағыттаушы және реттеуші әсерді жүзеге асыруда қатысатын басқару субъектілерінің (мемлекет, өзін-өзі басқару, қоғамдық бірлестіктер және т.б.) мақсатқа бағытталған үздіксіз қызметінің үдерісі [32] деген көзқарас қалыптасқан.


Айтуханов Б.К. пікірінше, білім беру өз мәні бойынша ғылыми мекемелер мен жоғары оқу орындарымен өнімге айналатын жаңа білімді тұрақты қолдануға негізделетін, инновациялық сала болып табылады. Жоғары білім берудің дамуының басты ерекшелігі оның қоғамның әлеуметтік-экономикалық құрылымына сәйкес болған жағдайда ғана тиімді қызмет ететін жүйе. Әлеуметтік – мәдени институт ретіндегі жоғары білім беру - білімнің ұрпақтан ұрпаққа берілуі, әлеуметтік қоғамның ділінің қалыптасуы, ұлттық мәдениет, әлеуметтік байланыстар және қатынастардың дамуы мен жеке тұлға, қоғам, елдің зияткерлік әлеуетінің өсуіне түрткі болатын, барлық қоғамдық материалдық және рухани өндіріс салаларында мамандардың әлеуетін қайта жаңғырту және жетілдіруді қамсыздандыратын ұйым және мекемелер жүйесін білдіреді [33].

Теориялық негіздемелерді зерттей келе, ғалымдар арасында жоғары білім беру жүйесі ұғымының толымсыз анықтамалар берілгендігі анықталды. Жоғары білім мазмұны жағынан соңғы уақытта ең өзекті болып отырған білім және жоғары білім беру мүмкін емес экономикалық көзқарас болып табылады. Атап айтсақ, жоғары білім беру бұл қызмет көрсету бойынша келісімшарт жақтарының құны, пәні, сәйкес құқықтық жиыны және міндеттері түріндегі сипаттамалар тізімі тән қызмет болып табылады [34].

Жоғарыда айтылып өткендей, қоғамның құнды құрылымына әсер ететін сапалы жоғары білім беруге қолжетімділіктің факторы, әлеуметтік теңсіздікті жою құралы ретіндегі білім берудің әлеуметтік мәні де белсенді зерттелуде [35]. Сонымен қатар, мемлекеттің ішкі саяси тұрақтылығының кепілі және азаматтардың саяси түпсанасының қалыптастырудың маңызды құралы ретінде орын алатын, білім беру саясаты яғни, жоғары білім берудің институтының

саяси мазмұнына назар аударылады [36]. «Жоғары білім беру» ұғымының мәніне нақты бағалауды жүзеге асырылған қызметтер арқылы көрініс табатын, білім берудің әр түрлі жақтарын бағалауға мүмкіндік беретін пәнаралық тәсіл ашып көркеткеніне орай, ғалымдардың «жоғары білім беру жүйесі қоғамның тарихи, әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуының өнімі ретіндегі әлеуметтік құрылым болып табылады деген тұжырымдаманы мойындау қажет [37].

Мысалы, У.Тайлер жоғары білім беру жүйесіне қалыптасқан жоғары оқу орындарын басқару әдістерін, оқу жоспарларын құру бойынша ұйымдастырушылық ережелер мен нормаларды, сол сияқты мемлекеттік және аймақтық деңгейде жоғары білімді басқару механизмін жатқызады [38]. Бірақ, біздің ойымызша «жоғары білім беру жүйесіне» белгілері төмендегі суретте көрсетілген өзгеше мазмұнға ие (сурет-2).



Сурет 2 - Жоғары білім беру жүйесінің қызметтері  
Ескерту - [39] материалдары негізінде автормен құрастырылған

Жоғарыда зерттелген көзқарастарға сүйенсек, «жоғары білім беру жүйесі» ұғымының сәйкес заңнаманы пайдалану аясын талдау арқылы анықталуы қажет категория ретіндегі білім беру және ғылымның құрама бөлігі бола тұра, мемлекеттік басқаруға ұшырайтын қоғамдық қатынастардың бір саласы ретінде құқықтық мазмұны әлі де өзекті болып отыр.

Атап айтсақ, қоғамдық қатынастардың аталған саласындағы негізгі нормативтік-құқықтық актісі ҚР «Білім туралы заңының» 3 тарауына сәйкес «білім беру жүйесі» ұғымы ҚР өзара іс қимыл жасайтын білім беру деңгейінің сабақтастығын қамтамасыз ететін мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының және білім беру бағдарламаларының, үлгілері мен түрлеріне қарамастан, білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының, білім беруді басқару органдары мен тиісті инфрақұрылымдардың, оның ішінде білім беру мониторингін жүзеге асыратын оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету ұйымдарының, білім беру қызметінің субъектілері бірлестіктерінің жиынтығын білдіреді. [40] Аталған заңда білім беру сатыларына жеке дара

анықтама берілмей, тек жалпылама кәсіптік білім – білім алушылардың белгілі бір салада кәсіптік қызметті жүргізуіне және (немесе) нақты кәсіп немесе мамандық бойынша жұмысты орындауына мүмкіндік беретін білімдерді, машықтарды, дағдыларды және құзыреттерді алуына бағытталған білім беру түрі және кәсіптік даярлау – белгілі бір жұмыс түрін орындау үшін қажет жаңа немесе өзгертілген кәсіптік дағдыны меңгеру үшін жеке адамды дамытуға бағытталған кәсіптік оқыту нысанын басты назарға ала жалпылама көрсетіп, кәсіби білім беру жүйесіне енгізіліп, жоғары білім беруге дара анықтама берілмеген. Жоғарыдағы ғалымдардың еңбектеріндегі релеванттық айқын көрінгендей, білім беру саласының негізгі заңындағы жоғары білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың жүзеге асырылуының анықтаушы формасы болып табылатын, жоғары білім беру жүйесі ұғымына қажетті анықтама берілмеген. Осыған орай, жоғары білім беру ұғымының астарында адамның кәсіби дамуы және зияткерлік, рухани-өнегелік, шығармашылық, физикалық білімге деген қажеттіліктері мен қызығушылықтарын қанағаттандыру мақсатында, сонымен қатар, нақты кәсіп немесе мамандық бойынша жұмыстарды орындау және (немесе) белгілі бір салада кәсіби қызмет етуге мүмкіндік беретін, белгілі бір деңгей және көлемдегі құзыреттілікті қалыптастыру мақсатында игерілетін білім, дағды, кәсіп, біліктілік және қызмет және құзыреттілік тәжірибесінің мақсатқа бағытталған үдерісі жатыр. Осылайша, «жоғары білім беру жүйесі» ұғымын жоғары білімді құқықтық қамсыздандыруды үшін жағдай жасау және жоғары білім беру жүйесінде адамның құқықтары мен бостандығын мемлекеттік кепілдікпен қамсыздандырумен жоғары білімге құқықты жүзеге асырумен байланысты жоғары білім беру саласында туындайтын қоғамдық қатынастарды деп түсіну ұсынылады. Аталған дефиницияны ҚР «Білім беру» туралы заңына кіргізу жоғары білім беру жүйесін жетілдіру бойынша тиімді, жүйелі жұмыстың әлеуетті бастауы болатындығы сөзсіз.

Әлеуметтік институттардың материалдық бөлігін басқару арқылы қызметіне бақылау жүзеге асырылатын, қандайда бір әлеуметтік институттың мақсатты бағытының жүзеге асырылуы бойынша қызметі ұйымдастырылатын мекемелердің болуы, сондай-ақ, мәні жағынан әлеуметтік ұйым ретіндегі қандай да болмасын ұжым әлеуметтік мәдени, әкімшілік және өзге де факторлармен детерминацияланған әлеуметтік байланыс және нормаларының құрылымы ретінде анықталады. Осылайша, жоғары білім беру институты – бұл тек білім беруде әлеуметтік қажеттіліктермен уағдаласқан тұрақты және құрылымданған әлеуметтік байланыстардың біріктірілген жинағы ғана емес, сонымен қатар, өз қызметін жүзеге асыру үшін қажетті құралдар және ресурстарды иеленетін, жоғары оқу орындарының оқытушылары, мекеме персоналы, министрлік және оның бөлімшелерінің қызметкерлері мен шенеуліктері түріндегі нақты мақсаты бір тұлғалар жиыны.

Не себепті қандай да болмасын институционалдық құрылымның тиімді қызмет етуінің маңызды аспектілерінің бірі белгілі бір міндеттерді шешуге бағытталған іс-әрекеттерінің келісімін қамтамасыз ететін адамдардың


мақсатқа бағытталған қызметі басқару болып табылады [41]. Себебі, қандай да болмасын ұйым өмірге деген жеке көзқарастарымен, түсініктерімен, сенімімен, еркімен, жеке тұлғалық қасиеттерімен, ықыласымен, нормативтік базасымен, құндылық туралы бейіні мен мақсатымен белгілі бір адамдар тобынан қалыптасады және қызмет етеді.

Сондықтан, қандай да бір институционалды өзара іс-әрекеттің дербес жүйесінде әлеуметтік қатынастарды реттеуші басқару үрдісі және білім беру институтының аясында жүзеге асырылатын басқару өз ерекшелігін иеленеді. Жоғары білім беру жүйесінің ұйымдық құрылымының объектіні басқару қызметі өзге әлеуметтік институттардың ұйымдық-құрылымдық компонентінен едәуір айырмашылыққа ие. «Білім беру сапасын басқару» монографиясының авторлары әмбебап жақсы басқару мүлдем болмайды немесе, қандай да бір басқару соның ішінде білім беру сапасын басқару объективті түрде шамаланған басқару деп әділ айтқаны көпшілікке мәлім [42]. Басқару ғылымы басқару үрдістерінің заңнамалық дамуының негізгі заңнамалары анықталған теориялық базасының, басқару органдарының қызмет ету және ұйымдастыру принциптерінің, ондаған жылдар бойы сыналған әдістердің және т.б. сияқты қажетті тиімді басқару құралдарының болына қарамастан, әрбір басқару объектісі мемлекет, сала, кәсіпорын, ұжым, жеке тұлға ерекше маңызды айырмашылықпен сипатталады [43].

Жоғары білім беру жүйесінің басқару объектісі ретіндегі ерекшелігі қоғамдық өмірдің өзге салалары үшін еңбек қатынастарына түсетін білікті мамандар даярлау бойынша қоғамдық қажеттіліктерді қанағаттандыратын әлеуметтік жүйе институттарының бірі емес, сонымен қатар қоғамның институционалды құрылымына қажетті білім беру жүйесі ретінде бір ғана емес, үстем емес білім беру бөлігі ғана яғни бірдей мәнге ие «білім беру» ұғымы ретінде қарастырамыз [44].

Білім беру жүйесінде басқару жүйесін жүзеге асыру көптеген білім беру мекемелеріндегі өз қызметін жүзеге асыратын адамдар тобының минималды күш және уақыт ресурстарын жұмсау арқылы максималды тиімділікке қол жеткізуге бағытталған басқару емес [45], әлеуметтік қажетті қызметтерді жүзеге асыратын педагогикалық ұжым [46]. Кеңес үкіметі кезіндегі білім беруді басқарудың қоғам өмірінің және адам құндылықтарының жағдайларының өзгеруіне орай қазіргі таңдағы заманауи білім беруді басқарудан әлдеқайда айырмашылыққа ие екендігін назарға алған жөн [47]. Қазіргі таңда мемлекет мемлекеттік басқару жүйесі арқылы жеке тұлғаның дамуы, сол сияқты адами құндылықтардың қалыптасуы үшін алуан түрлі жағдайлар туғызуда [48].

Қорытындылай келе, күрделі әлеуметтік-экономикалық үрдіс ретінде басқарудың кең мағынасы қойылған мақсатқа сай үрдіс, объект, жүйенің тұрақтылығын сақтау немесе бір күйден екіншісіне ауыстыруды білдіреді. Біздің жағдайымызда білім беру жүйесі үрдіс ретінде мемлекет және қоғам тарапынан үздіксіз назарды және тиімді болу үшін мемлекеттік басқару формалары мен әдістеріне сай үнемі жаңдануды талап етеді.



Сурет 3 - Жоғары білім беру жүйесінің элементтері  
Ескерту – зерттеу материалдары негізінде автормен құрастырылған

Егер білім беруді мемлекеттік басқаруды жүйе ретінде қарастырсақ, оның элементтері заңнамалық реттеу, бағыттау, жоспарлау және қабылданған басқару шешімдерінің орындалуына бақылауды орындауы қажет. Ал, мемлекеттік тапсырысты басқару механизмі ретінде қарастырсақ, оның мәні мемлекеттің қоғам алдындағы әлеуметтік міндеттерінің орындалуы және білім беру жүйесінің әлеуметтік-экономикалық дамуына тиімді жағдай жасау болып табылады.

Білімнің түрлі салаларына жоғары білікті мамандарды даярлау заманауи мемлекеттің маңызды мемлекеттік саясатының міндеті, орта санат атынан экономикалық негізді қатайту, ұлттық жобалардың міндеттерін шешу болып табылады. Аталған, қазіргі заманның түрлі талаптарын шешу жоғары білім беру жүйесін мемлекеттік басқарудың тиімді механизмі мен сындарлы саясатсыз мүмкін емес. Көптеген ғалымдар көңіл аударған, соның ішінде О.В. Посконина айтуынша жоғары білімді тұлғалар бірінші кезекте білім мен мәдениетті тасымалдаушы және қоғам дамуында ілгерілемелі жүрісті қамсыздандырушы маңызды әлеуметтік күш ретінде заман талаптарына қарсы тұра алады [49]. Кең мағынасында күрделі әлеуметтік-экономикалық үрдіс ретінде объект, жүйе, үдеріске оның тұрақтылығын сақтау немесе алға қойылған мақсатқа сай бір жай-күйден екіншісіне ауыстыру мақсатында әсер етуді білдіреді.

Жоғары білім беру жүйесі маңызды қоғамдық институтқа айналуға. Сондықтан, тұтас білім беруді басқару жүйесі жаңа көзқарас қалыптастыруға мұқтаж. Мемлекеттік басқару жүйесі жоғары оқу орындарына оларды білім беру сапасын арттыру, өз қызметінің нәтижесін сезіну, білімдер экономикасының қалыптасуы үшін қажет адами капиталды қалыптастыруға әсер ететін механизмдер мен ынталандыруға негізделуі қажет [50]. Бір жағынан заманауи экономика және қоғамдағы институт ретіндегі жоғары білім берудің рөлін қызметі, мәнін теориялық негіздеу қажет болса, екінші жағынан білім беруді мемлекеттік басқару механизмін жетілдіру қажет.

Аталған проблемалар осы жұмыста ішінара зерттеліп шешу механизмдері ұсынылады.

## **1.2. Білімдер экономикасының қалыптасу кезеңінде жоғары білім беру жүйесін мемлекеттік басқару ерекшеліктері**

Қазіргі таңда өзекті мәселелердің бірі ғылымды тікелей өндіріс күшіне айналдыру яғни білімге негізделген экономикаға көшу болып табылады. Білімдер тұтас ұлттық экономиканың экономикалық өсімі және еңбек өнімділігін арттыру көзі болып табылатын заманауи қоғамның маңызды өндірістік ресурсына айналуға. Білімге негізделген экономика жағдайында білім берудің қоғамдағы рөлінің және оның формасы мен мазмұнының өзгеруіне орай оны экономикалық категория ретінде анықтап, формасы мен мазмұнының дамуын қадағалау қажеттілігі туындайды.

Әдетте ағылшын тілінде «knowledge economy» деп атайтын «жаңа экономиканың» дамуы өзекті мәселесіне айналып, жылдар сайын бүкіл әлемнің назарын өзіне аударуда. Алғашында ұлттың зияткерлік еңбегін пайдалануға бағытталған бастама болып, қазіргі таңда халықаралық серіктестіктің жаһандық күн тәртібіне айналып, бүкіл әлем бойынша «knowledge economy» алға жылжыту идеясы кең етек алуда. Аталған үрдіс барысында бүкіләлемдік серіктестік бір жалпы кәсіби тілді қалыптастыру және игеруіне орай ұлттық терминология және түсініктеме аппаратының категория және ұғымдардың сәйкестігі болуы қажет [51].

Адами қоғамның капиталға айналуының әртүрлі сатысында аталған дамудың қозғаушы күштері де өзгеріске ұшыраған. Индустрияға дейінгі қоғамда байлық жеке меншік жердің болуымен анықталса, индустриалды қоғамда қазба байлықтарына меншік пен капиталдың болуымен ажыратылған. Ал, постиндустриалды қоғамда білім, инновация және ақпараттың рөлі арта түсті. Философиялық мағынасында білім – адамның түпсанасындағы ақиқаттың объективті сипатының көрінісі болып табылады. Осыған орай, еңбек, технология, әлеуметтік институт, мәдениетте жүзеге асырылатын, өзінің болмысы үшін объективтендіруге мұқтаж білім кемшіліксіз. Сол себепті, заманауи экономиканы жаңа, ақылды, зияткерлік, инновациялық, ақпараттық, соның ішінде ХХ ғ. 60-шы жылдары ғылыми айналымға еніп, 90-шы жылы жылдардың соңында кең тарала бастаған білімге негізделген экономика «білімдер экономикасы» деп жиі атауда [52].

Білімдер экономикасының қалыптасуының тарихына көз салсақ, алғашқы рет 1945 жылы Ф.А. фон Хайек жаңа білімдердің экономикалық және өндірістік үдерістерге әсерін қарастыруды ұсынса, ал 1957 жылы А. Даунсон Хайектің жұмыстарына сүйене отырып, жаңа білімдердің алғашқы сараптамасын ұсынған. Австриялық экономикалық мектептің өкілдері Ф.Хайек [53] және Й.Шумпетер [54] экономикалық үрдістердегі жаңа білімдерді қолданудың маңыздылығын айқындап және білімді «субъективті» деп қарастырып, жаңа білімдердің қалыптасуының сипаттамасының, өлшемі бар көлем түріндегі жаңа білімдерді бағалау мүмкіндіктерінің жоқтығын дәлелдегенін айта кеткен жөн.




Экономикалық агенттердің өндірістік қызметінің дамуына жаңа білімдердің туындауы маңызды әсер ететінің өзінің «АҚШ-тағы білімдердің өндірісі және тараламы» атты еңбегінде негіздеген алғашқы ғалым Ф. Махлуп [55]. Одан әрі аталған жаңа білімдер өндірісі бойынша қызметтің тиімділігін бағалау тәсілдерін И.Ноака қалыптастырған. Атап айтсақ, өндірістік тиімділіктің баламалы негізгі көрсеткіші ретінде шаруашылық жүргізуші субъектілердің бейресми білімдерді ресми білімге айналдыру қабілетін ажырағанымен, шаруашылық етуші субъектілер қызметіне жаңа білімдерді енгізудің тиімділігін бағалау әдістерін ұсынбаған [56]. Ресей ғылыми әдебиеттерінде В.Л. Макарова, Д.С. Львова, Г.Б. Клейнера, және басқаларының жаңа білімдер өндірісі мәселесіне арналған бірқатар еңбектері жарық көрген. Айта кетсек, В.Л.Макаров [57]. өнеркәсіп қызметінде жоғары маңыздылыққа ие білімдер экономикасының негізгі аспектілерін зерттесе, Г.Б.Клейнер әрбір тарихи кезең өзінің үстем жаңа білімдерді бағалау және өндірудің әдістерін бағалау тәсілдерін туындатады деп, өз зерттеулерінде жаңа білімдерді қалыптастыру және енгізу мәселесін зерттеген [58].

БҰҰ-ның сарапшыларының пікірінше білім экономикалық үрдістердің барлық қатысушылары мен секторларын, барлық салаларды қанықтырады, ал білімдер экономикасы елдің халықаралық бәсекеге қабілеттілігінің және шаруашылық өсімін қамтамасыз ету үшін құрылатын, таралатын және қолданылатын білім. Білімдер экономикасы мемлекеттік стратегияның бір бөлігіне айналған Қытайда кең дамыған. Білімдер экономикасы отандық және шетелдік әдебиеттерде талданады, бірақ аталған ұғымға берілген түсініктер өзара айырмашылыққа ие. Кейбіреулері білімдер экономикасының төрт құрамасын ажыратса, кейбіреулері үш құрамаға (білімді беру жүйесі –білім беру, ғылыми зерттеу және тәжірибелік-құрылымдық жұмыстардың жоғары деңгейі (ҒЗТҚЖ), ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың дамуының жоғары деңгейі) ажыратқан [59].

Ғалымдар білімдер экономикасының ерекшеліктерінің ішінде оның экономика мен қоғамның дамуының алдыңғы сатыларынан айырмашылығы бар үрдіс және құбылыстарды ажыратылады. Осылайша, шаруашылық қызметтері білімдерді құру, тарату және пайдалану үрдісіне айналатын, заманауи нарықтық экономикада білімдермен алмасу және оны өзара бағалау негізінде қызмет ететін жүйеге айналдыратын, білімдер экономикасының соңғы тауары және қызметі ақпарат және білім болып табылады [60]. Сол себепті, білімдер әдетте ресурс ретінде білімдер экономикасының ерекше қасиеттерін байланыстырады. В.Л.Макаров білімдер экономикасының үш тұрлаулы ерекшеліктерін ажыратады. Атап айтсақ, біріншісі білім не толық қалыптасқан немесе қалыптаспаған болатын ілімнің өнім ретіндегі дискреттілігі, екіншісі ерекшелігі білімнің жалпыға қолжетімді бола тұра, өзге қоғамдық игіліктерге ұқсастығы, ал үшінші ерекшелігі білімнің табиғаты бойынша ақпараттық өнім болуы, яғни ақпарат өзге материалдық өнім сияқты оны тұтынғаннан кейін жоғалмайды [61]. Тұтыну үрдісінде ( өндірістік немесе жеке) білімдер жоғалмайды немесе тозбайды керісінше таралады және көбейеді деген

ақиқатты ескерсек, білімдер экономикасы тапшылық емес, керісінше артықшылық пен молшылық экономикасы деген қорытынды жасауға болады [62].

Л.Э.Миңдели және Л.К.Пипия еңбектерінде білімдер экономикасының ұғымына берілген зерттеу жобалары мен жұмыстарындағы берілген сан алуан анықтамалардың концептуалдық айырмашылықтарының сараптамалық талдауы жасалып, келесі 3-ші суретте бейнеленген негізгі тұжырымдамаларын ажыратқан.



Сурет 4 - Білімдер экономикасының негізгі тұжырымдамалары.  
Ескерту - [63] әдебиет көзі негізінде автормен құрастырылған.

Білімдер экономикасы заманауи қоғамда капиталға айналып отырған кодификацияланған білім және ақпараттық технологиялардың дамуының негізгі түрткісі болып табылады. Жоғарыда келтірілген анықтамаларды қорытындылай келе, біз білімдер экономикасының келесідей анықтамасын қалыптастырамыз. *Білімдер экономикасы* – бұл инновация енгізудің белсенділігінің деңгейінің артуымен парапар адами фактордың дамуы көрініс табатын экономика, өмір бойы білім алу нәтижесінде қалыптасатын, жұмыс күшінің дара өндірісі, тұтынылуы және сапасының сипаты. Осылайша, білімдер экономикасы білім және ғылымның дамуы ғана емес, сонымен қатар жалпы адами капиталдың дамуын негіздейтін күрделі құрылым және бұл білімдерді ұрпақтан ұрпаққа беру және білім алмасу арқылы артатын мемлекеттің инновациялық әлеуеті.

Қазіргі таңда ҚР-ның алдында индустриалдық экономикадан зияткерлік сала елдің бәсекеге қабілеттілігінің маңызды факторына айналған, сапалы ғылым және инновацияға негізделген білімдер экономикасына өту мәселесі тұр. Қазіргі таңда тұтас инновация қамтитын сипатты негіздейтін, қайта өндіріс

үрдісінде сапалы, фундаменталды өзгерістер расында жүзеге асырылып жатқанның күрделі дәлелдері бар. Атап айтсақ, білімді қайта өндіру үрдісін субъективті түрде іске асыратын, адами капиталдан тұратын ұлттық байлыққа сәйкес, Әлемдік банктің (кеңейтілген нұсқасы) әдіснамасы бойынша ұлттық байлықтың құрамы бойынша мәліметтер көпшілікке мәлім. Осылайша, Әлемдік банк мәліметтері базасында орындалған Ресей ғылым академиясының Экономика институтының мамандарының тәжірибелік есебі бойынша әлем бойынша ұлттық байлықтың 66% адами капиталдан тұрады делінген [64]. Заманауи қоғамның байлық элементі «адами капитал» болып табылады деген қорытынды жасауға болады [65]. Экономикалық дамудың жаңа парадигмасына өту инновациялық экономика және білімдер экономикасын үшін тән, жүзеге асырылуы үздіксіз технологиялық, ұйымдастырушылық, институционалдық өзгерістерге әкелетін және адами потенциалдың сапасын қамтамасыз ететін жоғары білім беру жүйесін жетілдіру алдыңғы қатарлы мәселеге айналып отыр [66].

Бұдан бөлек, тарихи тәжірибеге сүйенсек, білім беру жүйесінің мазмұны, құрылымы, ұйымдастырылуы және қызметі өзгеріссіз қалмай, үнемі сырттан келетін импульс әсерінен үнемі трансформацияға ұшырайды. Мұндағы басты импульс экономиканың сапалы жұмыс күшіне деген қажеттілігі. Сонымен, зияткерлік потенциалдың дамуы, қалыптасуы және өсімі қандай да болмасын мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігінің негізгі критерийі болып табылады. Өз кезегінде жоғары білім беру жүйесі адами капиталдық дамуында маңызды рөл атқарады. Нақты сапалы адами капитал жалпы қоғамға күрделі әсер ететін шешімдерді қабылдауды анықтайтын, экономиканың эволюциясына әсер ететін, адамның қабілеті және сарапшылық қабілеттерінің дамуы базистік негізді құрайды [67].

Қалыптасқан өндірістік құрылым және оның көлемі мен техникалық жағдайлары салалық және кәсіптік-біліктілік құрылымға сай сапалы мамандармен қамтамасыз етілуі қажет. Осылайша, білім берудің, соның ішінде жоғары білім беру жүйесінің басты қызметі ұлттық шаруашылықтың кадрлық әлеуетін қалыптастыру болып табылады. Бұдан өзге, жоғары білім беру жүйесі жұмысбастылықты ынталандырып, жұмыссыздықты төмендетеді, жеке табыстар бөлінісінде теңсіздікті жұмсартады, осылайша нарықтық «сәтсіздіктерді» оңтайлы шешіміне әсер етеді. Жоғары білім берудің дамуы мен білімдер экономикасының қалыптасуы арасындағы байланыстың құрылымдық-логикалық сызбасы 1-ші қосымшада бейнеленген.

Сәйкесінше жұмысшылардың жалпы білім деңгейі және арнайы дайындығы жеткілікті айқын болған, яғни жұмыскерлер үшін міндетті орта білім, ал инженер, конструктор және басшылар үшін жоғары білім. Индустриалды дәуірдің негізгі жұмыс күші үшін қарапайым оқу және жазу білу, тыңғылықтық, тәртіп жеткілікті болса, ал жоғары білім белгілі бір ғылым немесе тәжірибе саласында арнайы білім және біліктілікке оқытуға бағытталған «дайын білім беру» принципі бойынша ұйымдастырылған элиталық білім беру болған. А.Новиков айтқандай «қоғамның индустриалдық типі метафорасы –

фабрика болған, өз заманының белгілі бір білім беру институттарын (мектеп, ЖОО және т.б.) яғни білім берудің белгілі бір типін қалыптастырды. Сәйкесінше, жұмыскер (оқытушы)- шикізат (бала), қозғалыс принципі-конвейер қатынастар типі болған [68].

Бірақ, XX ғасырдың ортасынан өркендей бастаған ғылыми-техникалық революция ұйымдастырылу жүйесі, масштабы және сапасы экономикалық өсім, қарқын және мазмұнына сөзсіз әсер еткен білім беру жүйесінде де революцияны талап етті. Постиндустриалды, ақпараттық-коммуникациялық және өзге де заманауи технологиялар үшін белгілі бір салада маманданған жоғары білікті қарапайым қызметкер емес, жаңаны құрайтын, болашақты болжай алатын, жобалай алатын, жинақтай алатын, талдау қабілеті бар, кең ауқымды ойлайтын білімді қызметкер қажет. Бұл жан-жақты дайындалған, бейімделгіш және икемді маман. Осыдан білім беру жүйесінің, соның ішінде жоғары білім беру жүйесінің және оны қаржыландыру көлемінің кенет артуы болды. Бұл үрдіс білімдер экономикасының қалыптасуына түрткі болған «массовизация» үдерісіне әкелді. Жоғары білім берудің массовизациясы 1960-1980-ші жылдары АҚШ және батыс Еуропада белсенді жүрсе, Шығыс Еуропа және Ресейде 1990-шы жылдары қарқынды жүре бастаған. Ал, Азия мемлекеттері аталған үрдісті қазіргі таңда бастан кешуде. 1965 жылдан бастап, әр түрлі елдерде жоғары оқу орындарында студенттер санының күрт артуы етек алған. 1985 жылы жоғары оқу орындарының студенттерінің саны 1965 жылмен салыстырғанда айтарлықтай артқан, мысалы АҚШ-та 65%, Ұлыбританияда 78%, Жапонияда 94%, Францияда 24%, Германияда 58% артқан [69]. Сонымен қатар, 1960-шы жылдардың басынан 1980 жылдардың басына дейін білім беруге салынған шығындар айтарлықтай артқан яғни АҚШ және Ұлыбританияда 3 есе, Германия және Жапонияда 4 есе, Францияда 5,5 есе артқан [70]. Осының нәтижесінде жоғары оқу орындары кіші элиталық оқу орындарынан жаппай оқу орындарына айналған [71].

Жастар мен орта санаттың үлесінің артуы әлемде бойынша жоғары білімнің нығайтылуы ынталандыруда. Оншақты жыл бұрын жоғары білім элитралық білім болса, ал, қазіргі таңда жалпы қоғамның орта санатының басым бөлігіне қолжетімді болып отыр. 2012 жылдың басынан бастап әлем халқының саны миллиардтан асып, [72] 30 жасқа дейінгі жастар саны аталған санның жартысын (50,5%) құраған. Осы және өзгеде себеп-салдар соңғы жылдары әлем бойынша студенттер санының артуының себебі болды [73]. Сарапшылардың болжамы бойынша 2030 жылы жоғары оқу орындарында білім алушы студент контингенті 500 млн, адамнан асады [74].

Жоғары білім берудің жаппай таралуы (массаландырылуы) білім берудің түрлі сатыларымен халықтың қамтылуы, білім берудің орташа жас құрамы, білім алушылар саны және т.б. сияқты көрсеткіштермен бекітілген, жиынтық жұмыс күшінің білім деңгейінің артуына әкелді. Осылайша, білім беру деңгейі бойынша көшбасшылардың бірі болып табылатын АҚШ-та 2008 жылдың өзінде жасы 25 жас және одан жоғары халықтың 29 % аяқталған жоғары білімі болған (1970-ші жылы аталған көрсеткішті университет және колледжді қоса

алғанда 10% ғана болған) [75]. Қазіргі таңда бірқатар дамыған мемлекеттер елдің гүлденуінің кепілі ретіндегі азаматтардың қандай да болмасын жолмен жоғары білім алуына ден қоюда [76]. Кейбір сарапшылардың пікірі бойынша білімге негізделіп құрылған қоғамда жоғары білімі бар мамандарға деген сұраныс сол кездің өзінде 60% құраған [77]. Сол сияқты білімдер экономикасының қалыптасуы кезінде жоғары білім берудің жалпыға таралуы халықтың әр түрлі білім беру сатыларымен қамтылуының (соның ішінде жоғары білімі бар үлкендер тобы) деңгейі, білім берудің мерзімінің орта саны, білім алушылар саны (соның ішінде ЖОО-ның студенттер саны мен оның жалпы халық санындағы үлесі), білім беру индексі және тағы басқа көрсеткіштер арқылы белгіленетін, жиынтық жұмыс күшінің білім деңгейінің артуына әкелді.

XX ғасыр соңы және XXI ғасырдың басында дамыған мемлекеттердің ЖІӨ-нің жалпы көлемінде білім беруге шығын үлесінің тұрақталуы белең алса, өзге мемлекеттерде шығын көлемі айтарлықтай төмендеген. Мысалы, ЕО мемлекеттерінің ЖІӨ-нен білім беруге жұмсалған шығындардың орташа көлемі 5% құрап, соның ішінде жоғары білім беруге шығын көлемі 1,15% құраған [78].

Экономикалық серіктестік және даму ұйымына кіретін мемлекеттер арасындағы білім берудің өзге сатыларымен салыстырғанда жоғары білім беруде бір білім алушыға шаққандағы шығын көлемі айтарлықтай жоғары. 2019 жылы АҚШ-тағы жоғары білім беруге шығын көлемі 17600 доллар құраған, яғни орта білім беру және бастауыш білім берумен салыстырғанда 50%-ға жоғары. Шығындардың мұндай айырмашылығы аталған білім беру деңгейлерінде ғылыми зерттеу жұмыстарының жүргізілмеуі және оқытушылардың жоғары жалақысымен түсіндіріледі. Сонымен қатар, жоғары білім беру деңгейіндегі студенттер санының артуына қарамастан, жоғары білім беруге шығындар көлемі артқан. 2012 жылдан бастап ЭЫДҰ-ы бойынша жоғары білім оқу орындарының студенттерінің саны 0,4%-ға артқан, бірақ, аталған кезеңде жоғары оқу орындарының шығындары жылына 1,6%-ға ғана артып отырған [79]. Бұл бір студентке шаққандағы шығын көлемінің жылына 1,2% арттырған. Дегенмен, аталған жағдай жоғары оқу орындарының немесе студенттерінің азаюына әкеліп соқтырған жоқ, керісінше, жеке шығындар көлемі артқан.

Білімдер экономикасының қалыптасу кезеңіндегі жоғары білім беру жүйесінің дамуының маңызды тенденцияларына жаппай жоғары білім берумен қатар, білім беру қызметі нарығының интернационаландырудан көрініс табатын жаһандану үрдісі болып табылады. Жаһандану жағдайында білімдер экономикасына өту көлемі 100 млрд. долларға дейін бағаланатын, білім беру қызметінің әлемдік нарығының қалыптасуына ықпал ететін білікті жұмыс күшіне сұраныспен жаһандық еңбек нарығының қалыптасуын қамтамасыз етеді [80; 81]. ЭЫДҰ-ның «Білім беруге көзқарас - 2012» баяндамасында 2000 жылдан 2010 жылға дейінгі кезеңнің өзінде өз елінен тыс ЖОО-на білім алуға түскен шетелдіктердің саны 99%-ға артқан. Жалпы студенттер санынан шетелдік студенттердің басым бөлігі АҚШ 17%, Ұлыбритания 13% , Австралия

7%, Франция 6% құраған. Сонымен қатар, ірі студенттер «экспорттаушы» елдер қатарына шетелдік студенттердің 52%-ын қамтитын Қытай, Үндістан және Корея болып табылады [82].

Студенттер білім берудің ілгері деңгейлеріне қол жеткізу үшін үлкен сеніммен шекараларды аттайды. ЭЫДҰ-ның елдерінің студенттері халықаралық мобильді студенттер көлемін 5%-ы бакалавриат, 14%-ы магистратура және 24%-ды докторанттар құрайды. Ұлттық студенттердің тек 23%-ы ғылым, техника, инженерия және математика бағыттары бойынша білім алса, жоғары оқу орындарының мобильді студенттерінің 31%-ы аталған бағыт бойынша білім алуды таңдайды. Сол сияқты, ғылым, техника, инженерия және математика бағыттары бойынша білім алатын мобильді студенттердің саны 2015 жылдан 2020 жыл аралығында 2 пайызға артқан. 2020 жылғы мәліметтерге сүйенсек, ЭЫДҰ-ның барлық мобильді студенттерінің 58% -ы Азия елдерінің студенттері құрайды [79].

Білімдер экономикасының қалыптасуы сатысында заманауи әлемнің білім беру ресурсының маңыздылығын таныған мемлекеттердің үкіметі өз институттарының халықаралық қызметін қолдау арқылы ұлттық білім беруді интернационаландыру стратегиясын жасап, әлемдік иерархияда өз жағдайларын өзгерткен. Аталған елдер үздігіне ХХ ғасыр соңы мен ХХІ ғасыр басында білім беруді стратегиялық ресурс ретінде қолданып, халықаралық масштабта алдыңғы қатарда болған Австралия мен Жаңа Зеландияна жатқызуға болады. 1990 жылдар ортасында Австралия бірқатар көрсеткіштер бойынша жоғары білім беруді интернационаландырушылардың үздіктерінің бестігіне кірген. Қазіргі таңда, аталған мемлекет білім алып жатқан шетелдік студенттерден түсетін табыс көлемі тек көмір, темір рудасы және алтынға орын беріп төртінші орынды иеленген [83].

Сонымен қатар, еуропалық кеңістіктегі білім беру саласындағы серіктестік үдерісіне Болон декларациясы өз үлесін қосты. Атап айтсақ, «Эрасмус Мундус» және «Леонардо да Винчи» бағдарламалары жоғары мектептің интернационаландырылуы үдерісінің барысындағы серіктестіктің бастауы болды. Ұлттық, аймақтық, жергілікті және институционалды деңгейлердегі бастамалар трансшекаралық мобильділікке әсерін тигізді. ЕО еуропалық жоғары білім беруді 1999 жылы бірқатар реформаларға өзгерістер енгізген Болон үрдісімен шетелдік студенттер үшін тартымды және елдер арасында өзара салыстырмалы және біртекті етті. Оның негізгі мақсаты үш циклдық жүйе деңгейлерінің (бакалавриат, магистратура, докторантура) стандарттау және енгізу, сонымен қатар шетелдік білім беру мекемелерінің біліктілігін және оқу мерзімдерін мойындау болды. Аталған үрдістің тағы бір басты мақсаты ЕО бойынша студенттер, оқытушылар және зерттеушілердің мобильділігін арттыру болды. Аталған үдеріс барысында «Erasmus +» бағдарламасы студенттер мен оқытушыларға өз біліктіліктерін арттыру және жұмысқа орналасу мүмкіндігін жоғарылатуға мүмкіндік береді. Студенттер жоғары білімнің әрбір циклінде 12 айға дейін шетелде білім алуға мүмкіндік алған. 2014-2020 жылдар аралығында

аталған бағдарламадан 2 миллионнан астам студент тағылымдамадан өткен [84].

Қазіргі таңда жоғары білім берудің интернациоландырылу үрдісі тек студенттік және академиялық мобильділіктің дәстүрлі формаларының кеңеюі мен белсендірілуін бейнелеп қана қоймай, сонымен қатар, трансшекаралық немесе трансұлттық білім беру арқылы білім беру әдістері мен білім беру институттарының халықаралық қызметін әртараптандырады. Оқу бағдарламалары немесе жалпы білім беру материалдары мемлекеттік шекараны интернет желілері, электрондық пошталар, радио, теледидар, немесе өзге де әдістер арқылы өтуі мүмкін [85].

Трансшекаралық білім беру шетелдік білім беру мекемелері ұсынатын жоғары білім берудің қашықтықтан білім беру бағдарламалары немесе курстары, білім беру кредиттерінің өзара есепке алуы немесе қос немесе біріктірілген диплом беруді қосатын, коммерциялық емесе серіктестік принциптеріне негізделген академиялық серіктестіктер, сонымен қатар, коммерциялық типтегі академиялық серіктестер яғни франчайзинг (білім беру бағдарламаларын немесе курстарын шетелге сату), шетелдік филиалдарды ашу (кампус, даярлау орталықтары, өкілеттіліктер), шетелдік жоо-ның немесе білім беру бағдарламаларын сатып алу және т.б. сияқты түрлі формалар мен түрлерде жүзеге асырылады. Мамандардың айтуынша трансшекаралық жоғары білім берудің дамуының негізгі тенденцияларын «өсу» және «әртараптандыру» деген ұғымдарға түйістіруге болады [86].

Осыған орай, қазіргі таңда Қазақстанда трансшекаралық жоғары білім берудің таралуы қаншалықты тиімді жүзеге асырылуда және қалыптасу үстіндегі жаһандық жүйеде ұлттық жоғары білім беру жүйесі қандай орынды иеленеді деген сұрақ туындайды. Әлемдік экономиканың білімдер экономикасына өту өзге де әлеуметтік-экономикалық құбылыс ретінде екі жақты болады яғни объективті және субъективті. Объективті үрдіс ретінде өндірістік күштерде түбірлі өзгерістер түріндегі материалдық алғышарттар, яғни мұндағы басты мақсат ақпарат біртұтас ақпараттық-коммуникациялық жүйе элементтерін құратын, бір-бірімен органикалық байланысты ақпараттық технологияларға өту болып табылады.

Әлемдік шаруашылық барлық қатысушы субъектілер үшін еркін бәсеке мен тең тиімділік беретін экономикалық қатынастардың тең құқықтық аренасы болған емес. Оның құрылу иерархиясы ешкімнің күмәнін тудырмайтындығы сөзсіз. Атап айтсақ, әлемдік жүйе тәсілі тарапынан «ядро» (орталық), жартым орталықтан шеткері аймақ және шеткері аймақты ажыратады. Нақты әлемдік иерархияның орталығы (АҚШ және өзге де елдер) білімдер экономикасына аяқ басқан постиндустриалды қоғам ретінде сипатталады. Аталған елдер халықаралық экономикалық қатынастар шеңберінде айырбастан қомақты немесе толық табыс алуға мүмкіндік берген экономикалық және саяси артықшылықтарға ие [87]. Бұл дегеніміз, әлемдік шаруашылықта ары қарай дивергенцияны жүзеге асыру болып табылады. Қазіргі таңда әлемнің бай мемлекеттері мысалы, Швейцарияда Мозамбиктегі өмір сүру деңгейімен

салыстырғанда 400 есе жоғары, 200 жыл бұрын аталған ара қатынас екі «үйек» арасында 5:1 құраған [88].

Осылайша, жоғары білім берудің интернационаландырылуы және білім беру қызметінің халықаралық нарығының қалыптасуы объективті үрдіс болып табылады. Білімдер экономикасының қалыптасуындағы жаһандану жағдайы жоғары білім беру жүйесіне дарашылдық және ақыл-парасыттылық жекеменшік қызығушылықтарының артықшылықтары, мемлекеттің рөлінің минималдылығы, кәсіпкерлік тәсіл, бәсекелестік, менеджеризм секілді нарықтық принциптерді енгізуді меңзейді.

Бірақ, мемлекеттік органдар тарапынан жоғары оқу орындарының оқу және ғылыми зерттеу қызметіне бюрократиялық бақылау күшеюі сияқты нарықтық тенденцияға қарсы парадокс туындауда. Осылайша, Оксфордтағы Американдық институттық ғылыми қызметкері Ротермиэ (Ұлыбритания) және Нью-Йорк университетінің Қоғамдық білімдер институтының зерттеушісі С. Хед (АҚШ) айтуынша ғылыми зерттеуді жүргізу барысына мемлекеттің араласуының нәтижесі әміршіл бақылау принципі бойынша жұмыс жасайтын, бюрократиялық вертикалды құру болды. С. Хед пікірінше, аталған жағдай тек жоғары оқу орындарының академиялық бостандығын бұғап қана қоймай, сонымен қатар, «тиімділіктің кілттік көрсеткіштері» көмегімен ғылымға бақылау жүргізу және «бумалаған есептер» жасау қажеттілігі ғылыми қызметтің мазмұнын кетіріп, білім беру және ғылыми-зерттеу жұмыстарының сапасының төмендеуінің бірден бір себебі болып табылады. Ол Ұлыбритания ректорлар Кеңесімен 2000 жылы жүргізілген зерттеу барысында дәрменсіздік және моральдық азу сезімі сол кездің өзінде британдық ғалымдардың көпшілігін қамтыған деген. Сауалнама алынған көптеген ғалымдар жұмыс жүктемесінің және үстеме жұмыстардың артуы, көптеген шешімдер тек қаржылық табыстар тарапына қабылданатындығы, әкімшілік ғалымдар қажеттіліктеріне немқұрайлы қарайтындығы, ғалымдар өз басшылығы және өзге де бақылау органдары үшін «бумалаған есептер» жасауға міндетті екендіктері туралы ашып айтқан [89]. Қазіргі таңда елімізде аталған жағдай өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Жоғары оқу орындарына академиялық бостандық беру үрдісі белсенді жүзеге асырылып жатқанына қарамастан, білім беру және ғылым саласында төрешілдік әлі де етек алуа.

Жоғары білім беру жүйесінің заманауи тенденциялары туралы өзгеде зерттеулерде жалпы «американдық жоба» және жеке «американдық жоғары білім беру» сияқты неолибералды жаһанданудың отандық сыншылдарының тезистерінде дәлелін тауып отыр. С.Хед ағылшын университеттерінде М.Тетчер заманындағы жоғары білімді мемлекеттік бақылау жүйесінің түптамыры ғылыми әлемге емес, бизнеске жайылғандығын көрсетті. Негізгі мақсаты университеттер үстінен қаржылық бақылауды күшейту болып табылатын, басқаруда кеңес берумен айналысатын, бизнес мектептері мен компанияларында туындап, кейін аталған жағдай жоғары оқу орындарының барлық қызметіне таралған [89 – 283, 285 б.б.].



Либералды жаһандану және жоғары білім беру жүйесіне нарықты енгізу қызмет түрінің құзыреттілігі бойынша емес, олардың деңгейлері негізінде мамандану түрлері қалыптасатын жаппай жоғары білімнің сегменті және элиталы ЖОО-ның сегменттерін ажырату болып табылатын, білім беру кеңістігінің сапалық әртараптандырылуы көрініс табады. Адами капитал – әртүрлі сапа, нарықтық қатынастар - бәсекелік қатынастар екені ақиқат. Сол себепті, ЖОО-ы өзге де нарықтық субъектілермен қатар шектелген ресурстар үшін бәсекеге түсетін, жоғары білімнің кеңеюі, жаппай таралуы және оған нарықта субъектілердің өзара әрекетінің енуі сөзсіз бәсекелік қалыпқа енеді. Бұл үдеріс дәстүрлі түрде студенттер, оқытушылар және бюджеттік ассигнация арқылы жүзеге асырылады. Жаһандық жүйеде түбінде ұлттық экономикалардың жаһандық бәсекелестігіне әкелетін, ұлттық білім беру жүйелері ортасында бәсеке туындайды. Сөзсіз, ЖОО-ы ең талантты студенттер, түлектер үшін әлеуетті жұмыс орнын ұсынушы болып табылатын және ғылыми зерттеулер мен жобаларда мүмкін серіктестікке айналатын ірі компаниялар үшін, атақты рейтингтерде жоғары орындарды иемденуге ұмтылады [90].

Адами әлеуетті толыққанды қолданылмауы немесе жарым-жарты қолданылуының себептері әртүрлі, осыған орай авторлармен заманауи экономиканың технологиялық базисінің дамуының сипаты мен деңгейінде жұмысбастылықтың кәсіби-біліктілік құрылымын қалыптастырудың объективті негіздері деп бітім жасалады. Көптеген ғалымдардың айтуынша басшылықпен таңдалған нарықтық экономиканың формасы және реформалау нәтижесінде қазақстандық экономиканың деиндустриализациясы мен қатар оны шикізат пен сауда-делдалдық секторға айналдырған қарадүрсінділік болды. Ғылыми әдебиеттерде экономиканы қысу және тұтас жоғары технологиялық өндіріс секторларын нақты жою барысында қарапайым «операторлық» білікті персоналға деген сұраныс қалыптасып, қолданыстағы индустриалды экономиканы қамсыздандырушы кадрлық және басқарушылыққа есептелген білім беру жүйесі артық болып табылды [91]. Екінші жағынан, Қазақстанның жаһандану және әлемдік экономикалық және ақпараттық мәдени кеңістікке енуі жастардың қызметтің және қоғамдық тұтыну стандарттарының постиндустриалды түріне құндылықтардың өзгеруіне әкелді. Нәтижесінде экономиканың көптеген салаларының қажеттіліктеріне деген студенттердің бағдарының айтарлықтай айырмашылықтары пайда болды, әсіресе аталған айырмашылық экономиканың инновациялық жолға түсуінде және модернизациялау талаптарымен байланысты болды. Әлбетте, адами капиталды ұтымсыз пайдаланудың қалыптасқан қарқыны Қазақстанда жоғары сапалы білімдер экономикасының орнына керісінше сұлбасы әлі де анық емес, ұқсастығы мен үлгісі жоқ сұранымсыз білімдер (тіпті жалған білімдер) экономикасының қалыптасуы әбден мүмкін [92].

Жоғары білім беру жүйесінде де ЖОО-ның беделді немесе беделді емес, оқытушылардың жалақысы жағынанан аймақтық айырмашылық, шет аймақтарда орналасқан немесе орталықта орналасқан, республикалық маңызы

бар қалаларда орналасқан оқу орындары секілді айрмашылық тудыратын жеткілікті изоционизм және әлеуметтік-аймақтық саралық белең алуда [93; 94].

Автономды және Ұлттық Зерттеу университеттерін құру, 2025 жылға қарай ТОП-100 әлемдік рейтингке бес ұлттық ЖОО-ның кіру міндетін қою және іске асыру, ЖОО-ның қолданбалы бакалавриат бағдарламаларына өзгерістер енгізу – барлық аталған жаңашылдықтар қалыптасқан ұлттық жоғары білім беру жүйесінің екі сегментке яғни біріншісі білімдер экономикасының «орталығында» қалыптасатын қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін арналған элиталық (түлектерді даярлау сапасы мен мақсаттық аудиториясы бойынша), екіншісі шеткері қалған елдің экономикасы үшін жаппай (массалық).

Көптеген басылымдарда жоғары білім беру жүйесін модернизациялау идеологиясы тек мемлекеттік аталған маңызды саладан кетуіне бақытталған нарықтыққа бағытталған күйінде жүзеге асырылуында. Аталған идеологиялық ереже «нарықтық сәтсіздіктер» деген шектеулерді иеленгенімен, әлі де нарық мемлекетке қарағанда барлық жерде және барлық жағдайда да тиімді деп есептелуде. Өз құндылықтарының артықшылықтарынан шыға отырып, экономисттер білім беруді экономикалық саясат үшін сәйкес қорытындысымен таза игіліктер деп жариялайды. Біздің көзқарасымыз бойынша білім беру табиғаты оның әлеуметтік салаға тиесілігімен анықталады, яғни ол бірінші кезекте қоғамдық игілік болып табылады. Қоғамдық игілік экономиканың өзге қоғамдық өмір салаларынан салыстырмалы жекешелендірген, оның сандық және сапалық өсіміне түрткі болған тарихи қалыптасқан қоғам. Сәйкесінше қоғамдық игіліктер өндіріс саласының рөлі мен орны адами қоғамның басында индустриалдыға дейінгіден индустриалдыға, соңынан индустриалдыдан постиндустриалды даму сатыларына өзгеруімен күшейе түсті. Бұл шектеулі ресурстарды тиімді пайдаланылуының күшеюімен байланысты қоғамдық қажеттіліктердің күрделенуі мен әртараптануының артуымен байланысты қоғамдық байланыстардың күрделенуінен туындаған.

Адамзаттың білімдер экономикасына өтуі барысында экономикалық және әлеуметтік қарама-қайшылықтар ушыға түсуде. Аталған түбірі тереңдегі бұл жағдайды уақытша шешу құралдары бірқатар әлеуметтік қызметтерді мойнына алған мемлекет болып табылады. Бірақ, әлеуметтік бағдарламалардың жылжуы, білім беру және медицинаға нарықтық принциптерді кеңінен енгізу және т.б. көрініс табатын, кейде «мемлекеттің жалпы ауқаттылығының құлдырауы» ретінде жиі сипатталатын заманауи тенденциялар нарықтық парадигмалар шеңберінде білімдер экономикасына өтуді жүзеге асырылу мүмкіндігіне күмән тудырады. Отандық «нарықтық фундаментализм» сыншылдары қаржылық спекуляция, маркетинг, жаппай мәдениет пен бюрократиялық басқару емес, білім беру және тәрбиелеу, денсаулық сақтау, ғылым мен мәдениет түпнұсқасының қолжетімдіге айналдыру қажеттілігіне меңзейді [95].

### **1.3. Жақын және алыс шетелдердегі жоғары білім беру жүйесін мемлекеттік басқару тәжірибесі**

Білімге негізделген экономиканы қалыптастыруда және адами капиталды дамытуда жоғары білім беру жүйесі маңызды рөл атқарады. Қазіргі уақытта білім беру жүйесі күрделі әлеуметтік-экономикалық институт болып табылады, оның мазмұны материалдық және адами ресурстарды қажет етеді. Сондықтан, осы жүйені тиімді ұйымдастыру және оны қоршаған ортаның тез өзгеретін жағдайларына бейімдеу мәселелері кез-келген мемлекеттің саясатында басымдыққа ие [96]. Осы орайда, мемлекеттік басқаруды жетілдіру мәселесі бірінші кезектегі мәселе болып табылады, өйткені білім сапасы, еңбек ресурстарының сапасы, ғылым мен инновация, сайып келгенде, елдің экономикалық және саяси қауіпсіздігі басқару сапасына, оның құрылымына басқарушылық әсер ету деңгейіне байланысты. Білім беру нарығын басқару жоғары білім беру жүйесінің жалпы мемлекеттік басқару контекстінде қарастырылуы керек.

Сондай-ақ, XX ғасырдың 90-шы жылдардағы экономикалық өрлеу экономиканың барлық салаларына, соның ішінде ғылыми зерттеулер жүргізуге елеулі әсер еткен қоғамдағы технологиялық өзгерістермен түсіндіріледі. Сараптамалық бағалауларға сәйкес, жақын болашақта зияткерлік, ақпараттық өнім шығару қоғамдық дамудың қозғаушы күші болады. Материалдық өнім мен энергияны өндіру машиналарға жүктеледі, ал өнімнің өзі ақпараттық сыйымдылыққа ие болады, бұл оның инновация, дизайн және маркетинг үлесінің өсуін білдіреді. Осыған байланысты XXI ғасырды түсіну білімге негізделген экономика ғасыры әлемнің бірқатар жетекші елдерінің үкіметтерін өздеріне стратегиялық мақсат қоюға яғни ЖІӨ-нің оң деңгейіне дейін ҒЗТҚЖ-ға жеткізу итермелейді [97].

Шет елдердегі білім беру жүйесін мемлекеттік басқару белгілі бір елдің тарихи-мәдени, әлеуметтік-саяси ерекшеліктерімен байланысты ерекше айырмашылықтар мен сипаттамаларға ие. Білім беру саласында болып жатқан елеулі өзгерістер көбінесе әкімшілік реформалармен байланысты [98]. Қазіргі уақытта білім беруді басқарудың екі моделі бар: орталықтандырылған және орталықтандырылмаған.

АҚШ-тағы білім беруді мемлекеттік басқарудың заманауи жүйесі бірегейліктің жоғары деңгейіне ие, ол әртараптандыру дәрежесімен ерекшеленеді. Мемлекеттегі білім беру саясатын федералды бюджет қаражатының бағыттаушылары болып табылатын елуден астам аймақтық органдар қамтамасыз етеді. Қаржы ресурстарының тиімді пайдаланылуын бақылау мақсатында мемлекеттік орган – АҚШ білім департаменті құрылды. Бұл басқару моделінің оң аспектісі білім беру жүйесіндегі бәсекелестік деңгейін құру және күшейту болып табылады, бұл білім беру қызметтерінің сапасына және коммерциялық білім беру ұйымдарының санының өсуіне үлкен әсер етеді [99].

Іргелі және қолданбалы зерттеулер саласындағы ұлттық басымдықтарды таңдауда күшті еларалық айырмашылықтардың бар екенін атап өткен жөн АҚШ әскери-қолданбалы зерттеулер мен өмір туралы ғылымды, соның ішінде медициналық зерттеулерді қолдауға көп көңіл бөледі, ал ЭБДҰ-ның көптеген

жетекші елдері (экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымдары) дәстүрлі түрде физикалық және инженерлік пәндерге басымдық береді. ЭЫДҰ елдерінің көпшілігі үшін денсаулық сақтау, ұлттық қауіпсіздік пен қоршаған орта мүдделерін қамтамасыз ету саласындағы басымдықтар ортақ болып табылады. Көптеген елдерде АКТ және биотехнология, ал соңғы жылдары нанотехнология сияқты ғылымды қажет ететін салаларды дамытуға ерекше назар аударылады. ЭЫДҰ елдерінің көпшілігі үшін денсаулық сақтау, ұлттық қауіпсіздік пен қоршаған орта мүдделерін қамтамасыз ету саласындағы басымдықтар ортақ болып табылады. Көптеген елдерде АКТ және биотехнология, ал соңғы жылдары нанотехнология сияқты ғылымды қажет ететін салаларды дамытуға ерекше назар аударылады. Сонымен қатар, Жапониядағы энергетика, Канададағы ауыл шаруашылығы, Франциядағы ғарыштық зерттеулер, Канада, Германия, Италия және Оңтүстік Кореядағы өнеркәсіптік технологиялар сияқты дәстүрлі басымдықтар да өз маңызын сақтайды. 90-жылдардың екінші жартысында көптеген елдердің ғылыми-технологиялық болжау, ғылыми-технологиялық дамудың басымдықтарын таңдау және бағалау рәсімдерін жетілдіруге деген қызығушылығының жаңа өсуі байқалды. Мұның түсіндірмесі екі негізгі жағдай болып табылады: экономикалық өсуді қамтамасыз етудегі ҒЗТКЖ саласының рөлін арттыру және ғылыми зерттеулер мен шектеулі қоғамдық ресурстарды әзірлеуге бөлінген қаражатты тиімді пайдалануға ұмтылу [100].

АҚШ штаттары мемлекеттік басқару жүйесін дамытудың тұрақты тенденцияларының бірі жоғары білім беруді дамыту мәселелерін реттеу бойынша жалпы штаттық кеңестерді қалыптастыру болды. Қазірдің өзінде ерте кезеңде алғашқы қоғамдық колледждерді құру кезінде жанама басшылық пен қадағалауға емес, тікелей басқаруға негізделген осындай институттардың штаттарының өзара әрекеттесуінің ерекше формасы («созылған қолдың ұзындығында» деп аталады) құрылды. 1830 жылдары АҚШ-тағы қоғамдық мектептер қозғалысы басталғаннан бастап штаттық конституциялар немесе заңдар штаттық білім беру кеңестерін немесе қоғамдық білім беру супервайзерлерін құрды. Алайда, бірнеше штатта жалпы штаттық кеңес немесе жалпы жоғары біліммен айналысатын шенеулік болған. Ерекшелік Нью-Йорк штатының Регенттер кеңесі болды (1784) [101, 26 бет].

Көптеген қамқоршылар кеңестері арасындағы қайшылықтар губернаторлар мен штаттың заң шығарушы органдарын штаттың жоғары білім беру саясатының жалпы стратегиясын анықтауға итермеледі. Бұл 50 штаттың 48 жалпы штаттық жоғары білім беру кеңестерінің құрылуына әкелді, әдетте губернатор тағайындайтын және бөлімдер бойынша жаңартылатын қоғам мүшелерінен тұрады. Кеңестің әртүрлі түрлерін штаттар бірнеше себептер бойынша белгілейді: жоғары білім беруді дамытудың жалпы жоспарын құруға деген ұмтылыс, мемлекеттік қаржыландыру үшін мемлекеттік институттардың бәсекелестігі, жоғары білім беру бағдарламаларының өсуі, соның ішінде қымбат аспиранттар, денсаулық сақтау, инженерлік бағдарламалар, салалық кампустарды құрудағы бәсекелестік және студенттерді тарту [101, 27 бет].

Мұндай кеңестер мен штаттардағы жоғары білім беруді басқару модельдерін жіктеудің әртүрлі тәсілдері бар. Егер, Дж. Макнили басқарушы кеңестердің моделін олардың құқықтық мәртебесі бойынша жіктеуді ұсынады яғни, [102] конституциялық басқарушы кеңестер; заңды тұлғалар ретінде құрылған біріктірілген басқарушы кеңестер; Заңмен бекітілген басқарушы кеңестер, және Р. О. Бердаль, қазіргі уақытта жалпы мемлекеттік кеңестердің екі негізгі түрімен бөледі: үйлестіруші және басқарушы [103]. Басқа зерттеушілер шоғырландырылған басқару кеңестерін, үйлестіруші кеңестерді және жоспарлау агенттіктерін ажыратады [104]. Американдық зерттеуші Миллард (18 штат), үйлестіруші (30 штат) және жоспарлаушы функциялары бар «статутсыз» кеңестерді (3 штат) анықтайды. Мемлекетаралық білім беру комиссиясы ұсынған есеп (1980) кеңестердің екі санатын белгіледі: шоғырландырылған басқару кеңестері (22 штатта) және үйлестіру кеңестері (31 штатта). Бұл ретте алты рет қайталану болды, өйткені штатта шоғырландырылған басқарушылар мен жоспарлау кеңестері бір уақытта жұмыс істеді. Дж. Миллетт Р Бердальдың классификациясын қолайлы деп санайды. Бірақ «релятивті» терминін «үйлестіруші» терминімен алмастыра отырып, үйлестіруші, басқарушы және консультативтік кеңестерді бөліп көрсетеді [101, 22-24 бет].

Қазіргі уақытта штаттың жоғары білім беру мәселелерін басқару жүйелерінің алуан түрлілігі бар. Олардың барлығы кеңестің үш негізгі моделінің жиынтығына негізделген: үйлестіруші, басқарушы, жоспарлаушы (немесе кеңесші). Кларк Керр мен Марианна Гейдтің жіктелуі белгілі, олар шоғырландырылған жүйелерді, жеке кеңестер әр түрлі университеттерді басқаратын сегменттік жүйелерді және жеке институттардың кеңестерін ажыратады. Басқа зерттеушілер сонымен қатар кеңес жүйесінің үш негізгі моделін анықтайды: сегменттелген (көптеген басқарушы кеңестер бір немесе бірнеше институттарға жауап береді), Біртұтас (бірыңғай басқарушы кеңес барлық жоғары білім беру институттарын басқарады және оларды губернатормен және заң шығарушылармен өзара әрекеттесу арқылы ұсынады) және Федеративті (тек жалпы үйлестіруші кеңестің болуымен сипатталады) [105].

Штаттардағы қазіргі жағдай жоғары білім беруді басқару жүйелерінің айтарлықтай әртүрлілігімен сипатталады. 23 штатта жұмыс істейтін басқарушы кеңестер(бұрын тәуелсіз басқарылатын институттар бір жүйеге шоғырланған кезде) және көп кампус (негізінен әртүрлі филиалдарды немесе кампустарды кеңейту арқылы пайда болады) шоғырландырылуы мүмкін. Басқарушы кеңестің ең танымал моделі-бұл барлық мемлекеттік институттарды, соның ішінде екі жылдық институттарды, соның ішінде қауымдық және техникалық колледждерді басқаратын бірыңғай жалпыхалықтық кеңес. Мұндай модель сегіз штатта (Айдахо, Аляска, Гавайи, Монтана, Невада, Род-Айленд, Солтүстік Дакота, Юта), Колумбия округінде және Пуэрто-Рикода жұмыс істейді. Айдахо штатының басқару жүйесінің ерекшелігі-штаттың білім басқарушы кеңесі білім берудің барлық деңгейлерін, соның ішінде жоғары мектепті бір уақытта

басқарады. Канзас штатында барлық мемлекеттік институттарды бірыңғай кеңес басқарады, бірақ соңғысы тек университеттерге қатысты басқарушылық өкілеттіктерге ие, ал екі жылдық институттар тек үйлестіруші функцияларды қамтиды [106].

Рухани және әлеуметтік қана емес, сонымен бірге ұлттың саяси және экономикалық бірлігі мен өркендеуін қамтамасыз ететін постиндустриалды қоғамның негізгі элементі ретінде қарастырылатын жоғары білім АҚШ-тағы мемлекеттік саясаттың басым бағытына айналуға. Федералды билік жоғары білім беру жүйесіне және федералды заңнаманың өсуіне тұрақты қызығушылық танытады және [107], жоғары білім беруді қаржыландыруды ұлғайту (қазіргі әлемде рекордтық) және АҚШ Президентінің «Одақтың жағдайы туралы» Жолдауларында жоғары білім беру саласындағы үкіметтік саясаттың негіздерін тұрақты белгілеу болды [108]. Дегенмен, АҚШ Конституциясы мен конституциялық доктрина мен тәжірибеге сәйкес білім беру мәселелері Штаттардың құзыретіне жатады.

Ары қарай еліміздегі жоғары білім беру жүйесін басқару сөзсіз, озық әлем елдерінің алдыңғы қатарлы стандарттарын қабылдау арқылы тиімділігін арттыруға әсер еткен әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағытталды. ЖОО-дың Еуропалық білім беру стандарттарына өтуінің бастамасы 1994 жылы бакалавриат және магистратура бағдарламаларының мемлекеттік жоғары білім беру стандартын енгізуден және бакалавриат және магистратураның мамандықтар классификаторын дайындаудан басталды. 2001 жылы білім беру жүйесінің халықаралық классификаторына сәйкес, жалпы мазмұны 283 арнайы білім беру мамандықтары, 70 магистрлік және бакалавриат даярлаудың 46 бағытынан тұратын жоғары білім берудің мамандықтары мен даярлау бағыттарының жаңа классификаторы енгізілді. Аталған кезеңнен бастап болашақта Болон үрдісіне енуді жоспарлау үшін кредиттік технология бойынша білім беру, академиялық мобильділік, жоо-ды коллегиялық басқару және оқу орындарының қызметінің сапасын ішкі бақылау жүйесі біртіндеп енгізіле бастады [167]. Жоғары білім беру жүйесінің қалыптасуының маңызды қиындықтарының қатарына біз тек көрсеткіштерге бағытталған және нәтижеге қол жеткізудің талдауын есепке алмай жүргізілген реформалар мен әліде сақталып келе жатқан мемлекеттік бақылау мен жоо-дың енjarлығы деп түсінеміз. Осылайша, қазіргі таңда 2022 жылы 20 шілдеде ҚР Әділет министрлігінің бұйрығымен «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары» негізінде жүзеге асырылуда [168].

Қазақстанның жоғары білім беру жүйесінің дамуына жаңаша серпіліс 2012 жылы 14 желтоқсанда қабылданған қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты «Қазақстан 2050» стратегиясы берді. Аталған стратегияда жоғары білім ең бірінші кезекте ұлттық экономиканың мамандарға деген қазіргі және келешектегі сұранысын барынша өтеуге бағдар ұстауы керек делінген [151]. Аталған стратегияда қойылған міндет пен мақсатқа сәйкес жалпы білім беруді дамытудың Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 - 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы бағдарламасы іске асырылды (ҚР Президентінің 01.03.2016 №



205 Жарлығымен күші жойылған [169]. Аталған бағдарламалар жоспарлы даму жүзеге асырылып жатқан бағдарламалардың жүйелілігіне мүмкіндік туғызып, ЖОО-дың қызметіне жағымды әсер етті.

Қазіргі таңда, Қазақстанда 2022 жылы жоғары және жоғары білімнен кейінгі білім беру қызметін 116 бірлік жоғары оқу орындары жүзеге асырады. ЖОО-ның қимадағы негізгі түрінің басым саны университеттерге келеді (кесте 3). Түрлері бойынша мемлекеттік және жеке меншік жоғары оқу орындарының бейнеленген динамикасы аса қызығушылық танытады. Себебі 2014 жылы Қазақстандағы ЖОО-дың саны 123 бірлік болса, 2022 жылы олардың саны 116-ға азайған.

Кесте 3 - 2014-2022 жылдар аралығындағы түрлері қисынындағы ҚР-ның жоғары оқу орындары және контингенті

Көрсеткіштер	2014-2015	2015-2016	2016-2017	2017-2018	2018-2019	2019-2020	2020-2021	2021-2022	2022-2023
<b>Жоғары оқу орындары барлығы:</b>									
ЖОО саны	126	127	125	122	128	125	125	122	116
студ.саны., мың адам	477387	459369	477074	496209	542458	604345	576557	575552	578237
Қабылданды студ.саны., мың адам	125362	115195	147692	240730	163336	163494	152789	159804	163472
Аяқтады студ.саны., мың адам	177678	147184	138004	127084	130691	142435	153627	151679	161974
<b>Ұлттық жоғары оқу орындары</b>									
ЖОО саны	6	5	5	5	5	8	9	9	9
Ондағы студ.саны., мың адам	26265	22617	23427	24142	26482	43853	68241	76516	76325
Қабылданды студ.саны., мың адам	7114	6041	6065	7050	8810	11882	15343	22710	19662
Аяқтады студ.саны., мың адам	6526	6757	4639	5666	5624	8164	11970	14785	18669
<b>Ұлттық зерттеу университеттері</b>									
ЖОО саны	-	-	-	-	-	-	2	2	2
Ондағы студ.саны., мың адам	-	-	-	-	-	-	15491	16628	16447
Қабылданды студ.саны., мың адам	-	-	-	-	-	-	4177	4490	4415
Аяқтады студ.саны., мың адам	-	-	-	-	-	-	3078	2902	3393
<b>Университеттер</b>									
ЖОО саны	83	83	85	84	90	86	83	83	78
Ондағы студ.саны., мың адам	383184	374181	389721	409678	470140	504773	441108	436820	444358
Қабылданды студ.саны., мың адам	100994	92421	118698	112262	141410	137383	119598	120046	126526
Аяқтады студ.саны., мың адам	141295	116911	112361	105096	113090	119516	122613	118758	125009
<b>Академиялар</b>									
ЖОО саны	21	20	17	16	16	17	17	16	14
Ондағы студ.саны., мың адам	32879	27154	26111	26792	26861	34292	30789	26100	23179
Қабылданды студ.саны., мың адам	8010	6796	9368	8119	7851	9154	8584	7124	7269

Аяқтады студ.саны., мың адам	17583	12590	10518	7717	7394	9349	9985	7555	7289
<b>Институттар және оларға теңестірілген жоо</b>									
Оқу орындарының саны	16	19	18	17	13	14	14	12	13
Ондағы студ.саны., мың адам	35059	35417	37815	35597	18975	21427	20928	19488	17928
Қабылданды студ.саны., мың адам	9244	9937	13561	10947	5265	5075	5087	5434	5600
Аяқтады студ.саны., мың адам	12274	10926	10486	8605	4583	5406	5981	7679	7614
Ескерту - Ұлттық статистика бюросы Қазақстан Республикасы стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі мәліметтері бойынша автормен құрастырылған.									

2022 жылы ЖОО-дың санының төмендеуі 2021 жылы сапасыз білім беру қызметін ұсыну нәтижесінде жабылған 15 ЖОО –мен байланысты. Сол сияқты аталған жылы сапасыз білім беру нәтижесінде 65 ЖОО-нан 500-ден астам лицензия қайтарылған. Әрине мұндай серпіліс білім сапасын да әсерін тигізді, себебі профессорлық-педагогикалық персоналдың біліктілігін арттыру және жоо-ның құрылымын өзгерту үнемі жоғары статусты алумен ұласпайды. Сәйкесінше осы жағдаятта ұлттық жоғары оқу орындарының санының динамикасы яғни 2020 және 2022 жылы 9 оқу орны және институттардың 2020 14 ЖОО, 2022 ж.-13 ЖОО тұрақты. Келтірілген мәліметтер ҚР-ның жоғары және жоғары білімнен кейінгі жүйенің білімдер экономикасының салдары ретіндегі бір ерекшелігі жаппай білім беруді сипаттайды.

1999 жылдан бастау алған студенттер контингентін қалыптастырудың және грант және несие негізінде жан басына шаққандағы қаржыландыру енгізгеннен бастап, сөзсіз жоғары білімге деген қол жетімділік арта түсті. Бірақ, біздің ойымызша аталған жаңдай жоғары білім беру жүйесінің экономикалық жағдайдан тәуелділігін арттырды. Сол кезден аталған заңнамаларды жүзеге асыру барысында білім беру гранттарын бөлу, білім берудің көп деңгейлік құрылымын қалыптастыру және білім беру стандарттарына өзгерістер енгізу мен ЖОО-ын аттестаттау мен лицензиялауға қатысты үкімет қаулылары қабылданды [170]. Аталған заңнамалық актілер Қазақстанның білім берудің мемлекеттік стандарттарының халықаралық білім беру біліктілігінің стандарттарымен үйлесуіне ісер етті. Нәтижесінде еңбек нарығының сұранысына сәйкес білім беру бағдарламаларының сабақтастығы мен біріңғайлығы үшін негіз туындады, студенттер мен оқытушылардың академиялық мобильділігі белсендендірілді, білім беру бағдарламаларын таңдау барысындағы академиялық бостандық артып, студенттердің білім алуға біліктілік әдістерінің жаңаша әдіснамасы енгізілді.

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасының жоғары және жоғары білімнен кейінгі білім беру құрылымы 2007 жылдың 27 шілдесінде қабылданған «Білім беру туралы» заңымен реттеледі. Соңғы енгізілген өзгерістер мен толықтыруыларға сәйкес бакалавриат – сәйкес мамандық бойынша «бакалавр» дәрежесі тағайындалатын мамандарды даярлауға бағытталған

жоғары білім берудің білім беру бағдарламасы, ал магистратура, резидентура және докторантура жоғары білімнен кейінгі білім беру жоғары білім беру немесе жоғары білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында, ғылыми ұйымдарда мамандарды даярлаудың негізгі қызметі мен бағыты бойынша, сонымен қатар, ҚР-ның заңнамасымен бекітілген, ережеге бойынша жыл сайын бекітілетін, мамандықтар тізіміне сәйкес, күндізгі білім беру формасы бойынша жоғары және (немесе) жоғары білімнен кейінгі білім берудің озық шетелдік оқу орындарына «Болашақ» халықаралық стипендиясына стипендиаттарды жіберу арқылы жүзеге асырылады.

Сонымен қатар аталған заңнама негізінде жоғары оқу орындарының өздігінен білім беру бағдарламаларын даярлау және жүзеге асыру секілді жоо-ның білім беру қызметін лицензиялау мәселелерінің жағаша әдіснамасы жасалып, мемлекеттік тапсырыс үшін негіз ретіндегі ҚР ҒЖБМ-мен білім беру бағдарламаларының Реестрі енгізілген. Білім алушы студенттер контингенті мамандықтар бойынша емес, ел экономикасының немесе аймақтың мамандарға сұранысына сәйкес білім беру бағдарламаларынан шыға отырып жасалады. Ал білім алушының қаржыландыру бойынша ықыласы академиялық кредиттерді меңгеру бойынша ж.зеге асырылады. Қазіргі таңда, білім беру траекториясы құзыреттіліктің модульдік оқытуна сәйкес болғанымен, пәнаралық әдісті талап ететін, модульдік-құзыреттілік бағдарламаларын енгізу қиыншылықтарын көріп отырмыз.

Заңнамада жоғары оқу орындарының сапасы мен тиімділігін бағалаудың аккредиттеу органының төлемақысын жоғары оқу орындармен ақылы түрде ерікті аккредиттеу механизмі арқылы жүзеге асырылу яғни білім беру ұйымын аккредиттеу ерікті негізде жүзеге асырылу жүйесі сақталған [171]. Аталған әдіс біздің ойымызша өте орынды, себебі жоғары оқу орындарының қызметінің сапасы мен тиімділігіне тікелей әсер ететін, барлық қызмет түрлеріне лицензия алу, абитуриенттер тарапынан рейтинг пен имиджінің артуына жәрдемдесетін, сонымен қатар, бизнес тарапынан қаржыландыру үшін тартымды ететін аккредитациялауден өту оның ішінде шетелдік аккредиттеу ЖОО-дың басты қызығушылығына айналдырады.

Қазіргі таңда танылған аккредиттеу органдарының тізіліміне 12-і аккредиттеу органы кіреді, оның ішінде 6-уы қазақстандық (Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі (IAAR), Білім сапасын қамтамасыздандыру бойынша тәуелсіз агенттігі (IQAA), Қазақстанның Заманауи (Элиталақ) Білім Ассоциациясы KAZSEE, Аккредиттеу және білім беру сапасын сараптау тәуелсіз агенттігі (ARQA), Білім беруді, денсаулық сақтауды сапамен қамсыздандыру және аккредиттеудің еуразиялық орталығы (ECAQA), Аккредиттеудің тәуелсіз қазақстандық орталығы) және 6-ы шетелдік FIBAA - Foundation for International Business Administration Accreditation, Инженерия, информатика, жаратылыстану ғылымдары және математика облысындағы білім беру бағдарламаларын аккредиттеу бойынша агенттік (ASIIN), Инженерлік және технологиялық бағдарламаларды аккредиттеу жөніндегі кеңес (ABET), MusiQuE - Music Quality Enhancement ,

Accreditation, Certification and Quality Assurance Institute - ACQUIN, Бизнес мектептері мен бағдарламаларын аккредиттеу кеңесі (ACBSP) жатады [172].

Қазақстандағы жоғары білім беру жүйесін заңнамалық реттеудің стратегиялық бағдарламалық құжаттар негізіндегі мемлекеттік басқарудан өзге 2000 жылдан бастап 6 мемлекеттік бағдарлама жасалған:

- «Білім» мемлекеттік бағдарламасы туралы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 2000 жылғы 30 қыркүйек N 448. Күші жойылды - ҚР Президентінің 2006.01.09. N 1696 жарлығымен [173];

- Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 11 қазандағы N 1459 Жарлығы [174];

- Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 - 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы № 1118 Жарлығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 1 наурыздағы № 205 Жарлығымен [175];

- Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016 - 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 1 наурыздағы № 205 Жарлығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 29 қазандағы № 781 Жарлығымен [176];

- Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016 - 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 1 наурыздағы № 205 Жарлығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 29 қазандағы № 781 Жарлығымен [177];

- Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 - 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысымен [178].

Аталған бағдарламалардың жүзеге асырылуы барысында жоғары оқу орындарының қызметінің тиімділігін мемлекеттік басқарудың жаңа заманауи стратегиялық деңгейіне өтуге мүмкіндік туғызды. Бағдарламалар жоғары және жоғары білімнен кейінгі білім берудің бәсекеге қабілеттілігін арттырып, нақты бағдарламалық көрсеткіштерге сәйкес негізгі қызметтерін есепке ала тиімді жүзеге асырылуына бағытталды. Осылайша, әрбір кезеңдегі жүзеге асырылған білім беру жүйесін дамытудың мемлекеттік бағдарламалары жоғары білім беру жүйесінің сапалық өсімін қамсыздандыра отырып, қазақстандық экономика мен қоғамның талаптарын қанағаттандыруға бағытталған.

Білім беру жүйесіндегі 2011-2020 жж. және 2016-2019 жж. мемлекеттік бағдарламалар және олардың жүзеге асырылуы сыртқы факторлар деңгейінде түбегейлі өзгерістермен байланысты мазмұндық және институционалдық

сипаттағы артықшылықтарды ғана қалыптасқан құқықтық және әлеуметтік – экономикалық жағдайларға негізделді. Аталған бағдарламалардың мақсаты отандық ЖОО-дың бәсекеге қабілеттілігінің дамуының, және оның адами капитал деңгейін арттыру және экономиканы әртараптандыруды қамтамасыз етуге қабілетті мамандарды даярлау үшін сапасы мен тиімділігінің жоғары деңгейіне ие болды. Көрсетілген мерзімге сәйкес толыққанды жүзеге асырылған 2016-2019 жж. арналған мемлекеттік бағдарламаның нәтижелілігіне талдау 2.2. тармақта жүргізілген.

Еліміздің дамуының нарықтық жағдайлары мен жоғары білімнің коммерциаландырылуы біршама халық үшін білімге қолжетімділік мәселесінің өзектілігін арттырды. Осылайша ҚР ҒЖБМ-мен жүргізілген талдау нәтижелеріне бойынша білім беру грантын алу тұрмысы жақсы отбасылардың балалары үшін ғана қолжетімді болып, жоғары білімнің құнының жоғары болуының салдарынан жасөспірімдердің шетелге білім алуға кету қарқыны етек алған. Сөзсіз, шетелдік ЖОО-ы студент үшін жеңілдіктер мен жағдайлардың кең ауқымын ұсынуына әкеліп отыр. Аталған мәселе 2011-2020 жылдарға арналған білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасында қызметтің жеке бағыты Мемлекеттік білім берудің жинақтау қоры (ары қарай МББЖҚ) арқылы ақылы білім алуға қолжетімділікті арттыру арқылы халықтың басым бөлігін қамту болды [179]. Атап айтсақ, Біздің ойымызша, соңғы жылдары МББЖҚ жүзеге асырылуы барысындағы түлектердің кадрлық қолдау іс-шараларына қарамастан, Қазақстандағы валютаның құнсыздануы байқалуда, жоғары білім ақысы өсуде, жалақының нақты көлемі төмендеуде, сол сияқты теңгеміздің құнсыздануы салдарынан салымдардың құны төмендеп халықтың төлем қабілеттілігі төмендеуі секілді объективті және субъективті сипаттағы мәселелер орын алуда. Осылайша, МББЖҚ салымдарын индексациялау бойынша жүзеге асырылып жатқан іс-шаралар оның құндық өтемақысын толықтырмайды және МББЖҚ арқылы жоғары білім алуды қаржыландыру жүйесі шетелдік ЖОО-ымен салыстырғанда Қазақстандық жоғары білімнің сапасы мен деңгейінің төмендігіне орай түлектердің шетелдік ЖОО-ына жылысуын әлі күнге дейін тоқтатпады.

Дамудың жаңа экономикалық бағытының логикалық жалғасы 2022 жылдың 11 маусымынан ҚР Президентінің Жарлығына сәйкес еліміздегі ғылыми қызметтің координациясын күшейту мақсатында бейіндік министрлікті бірі жоғары білім және ғылым мәселелерімен айналысатын, екі ведомствоға бөлу болды. Осылайша, жоғары білім және жоғары оқу орынан кейінгі білім, ғылым және ғылыми-техникалық қызмет, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерциаландыру облысында бірінғай мемлекеттік саясатты қалыптастыру мақсатында 2022 жылдың 19 тамызында ҚР Үкіметінің Қаулысымен ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі құрылды. Құрамына 4 салалық комитет яғни Ғылым комитеті, Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті, Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі оқу комитеті, Тіл

саясаты комитеті және 29 жоғары оқу орын мен 24 ғылыми зерттеу институттары кірді.

Қазіргі таңда жоғары білім беру жүйесінің білімдер экономикасы жағдайына сай дамуы үшін басты векторды Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2022 – 2026 жылдарға арналған тұжырымдамасында айрықша ден қойылған. Атап айтсақ, аталған тұжырымдаманың 6-шы тарауы «Білім экономикасы» үшін жоғары білікті кадрлар даярлауға бағытталған іс-шаралармен қаныққан [180]. Аталған тұжырымдаманың білімдер экономикасының қалыптастурға арналған басым бағыттарының көрінісі келесі 5-ші суретте бейнеленген.

## 6-ТАРАУ «БІЛІМ ЭКОНОМИКАСЫ ҮШІН ЖОҒАРЫ БІЛІКТІ КАДРЛАР ДАЯРЛАУ

1. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімге қолжетімділікті кеңейту:

- ҰБТ-ны жетілдіру. дарынды жастардың кетуін азайту және ел ішінде жоғары білім алуға қол жеткізуін кеңейту мақсатында SAT, ACT және IB халықаралық стандартталған тестілерінің балдары енгізу, 2025 жылға дейін гранттар саны 50 %-ға арттыру;

- Оқыту сапасын, студенттердің өздерінің жауапкершілігін және жоғары оқу орындары арасындағы бәсекелестікті арттыру мақсатында заңнамалық деңгейде оқыту үшін көзделген қаражатты (білім беру гранты) студенттің арнайы білім беру шотына аудару бойынша нормалар көзделуі;

- Техникалық бағыттарға гранттар саны арттыру;

- Білім беру жетістіктерінің деңгейі мен әлеуметтік санатын ескере отырып, мемлекеттік гранттарды беру моделін жетілдіру мәселесі пысықтау;

- ЖОО-да оқуды төлеудің жылына 2-3 %-бен ұзақ мерзімді жеңілдетілген кредит алу мүмкіндігі жасау;

- «Болашақ» бағдарламасы шеңберінде техникалық кадрларды даярлауды арттыру;

- Студенттік

2. Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің мазмұнын жаңғырту және бәсекеге қабілеттілігін арттыру:

- Жалпы мамандарды даярлау жүйесінің озық кадрлық қамтамасыз ету моделіне көшу;

- Жаңа кәсіптер атласын құру шеңберінде кадрларды озық даярлау бойынша өңірлік стандарттарды әзірлеу;

- Назарбаев Университетінің тәжірибесін қазақстандық ЖОО-ға тарату;

- ECTS қағидаттарын оқу процесіне одан әрі енгізу және академиялық еркіндікті кеңейту жөніндегі жұмыс жалғастыру;

- ЖОО цифрлық экожүйесі бар "smart-университеттер" моделіне көшу;

- Цифрлық трансформация және 4.0 Индустрияға көшу шеңберінде енгізілетін технологиялық трендтерді (жасанды интеллект, Blockchain, BigData және Internet-of-Things, киберқауіпсіздік) негізге ала білім беру бағдарламаларын кодтау;

- Университеттер өз түлектерін қолдауға арналған "апгрейд"

3. Жоғары оқу орындарында басқару жүйесін жетілдіру:

- Жұмыс берушілердің, бизнес-құрылымдар, кәсіби және қоғамдық бірлестіктер, өңірлік әкімдіктер өкілдерінің ЖОО-лардың директорлар кеңестеріне қатысуын кеңейту және корпоративтік басқару қағидаттарын енгізу;

- Тәуекел-менеджмент функциялары жоғары оқу орындарының стратегиялық және операциялық міндеттерінде іске асыру;

- ЖОО халықаралық стандарттарға сәйкес лауазымдардың жаңа жүйесіне көшу, штаттық кестенің жаңа моделі, ПОҚ-тың біліктілігін арттыру.

4. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімді интернационалдандыру:

- Жоғары және ЖОО-дан кейінгі білімнің тартымдылығын арттыру және қазақстандық ЖОО-ны халықаралық білім беру кеңістігінде орнықтыру мақсатында оқыту үшін қолайлы жағдайлар жасау;

- Қазақстандық жоғары оқу орындарының экспорттық мүмкіндіктерін кеңейту үшін шетелде филиалдар ашу;

- ЖОО-ға шетелдік оқытушылар мен шетелдік студенттерді тарту;

- Шетелдік студенттердің консультациялар алуы үшін алаң ұйымдастыру мақсатында "Study in Kazakhstan" онлайн-порталы енгізу.

Сурет 5 - Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2022 – 2026 жылдарға арналған тұжырымдамасының басым бағыттары  
Ескерту – зерттеу материалдары негізінде автормен құрастырылған

5-ші суретте көріп отырғанымыздай ЖОО-дың алдына ғылыми зерттеу қызметтерін, заманауи білім беру әдістері негізінде білікті мамандар даярлау және бизнес, азаматтық қоғам, мемлекетпен етене жұмыс жасаудың негізгі тетіктері айқындалған. ЖОО-да басқару жүйесін жетілдіру бойынша әлемнің барлық жетекші университеттерінде экономикалық ынталандыру шараларымен қатар ғылым мен ғылыми инфрақұрылымды тұрақты қаржыландырудың негізі болып табылатын ЖОО жанындағы эндаумент-қорларды дамыту болады. Сонымен қатар, Қазақстандық ЖОО-ның халықаралық білім беру кеңістігінде алатын орынды орнықтыру мақсатында интернациялау стратегиясын жүзеге асыру бойынша іс-шаралар қатары ұсынылған. Жоғары және жоғары оқу орынан кейінгі білім берудің мазмұнын жаңғырту және бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында мемлекет, бизнес пен білім берудің заманауи алгоритмі жасалған. Аталған алгоритмге сәйкес мамандарды даярлау бойынша заманауи форсайт әдістері, біліктілік талаптарын арттыру және жаңа буын мамандарын оқыту негізінде жүзеге асырылуы қажет. Бұл модельді жасау және жүзеге асырушы негізгі буын университеттер болып табылады. Сонымен қатар, тұжырымдама аясында жүзеге асырылуы қажет тағы бір басым бағыт ЖОО-ның цифрлық экожүйесін құру болып табылады. Аталған экожүйе негізінде «smart-университеттер» моделі әзірленеді және цифрлық трансформация және 4.0 Индустрияға көшу шеңберінде енгізілетін технологиялық трендтерді (жасанды интеллект, Blockchain, BigData және Internet-of-Things, киберқауіпсіздік) негізінде жүзеге асырылады.

Сол сияқты, Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспарының 3-ші міндеті білім беру сапасын арттыруда жоғары білім беру жүйесінде мемлекеттік реттеуден академиялық еркіндік пен адалдық беру (academic freedom and integrity) және жоғары оқу орындарының білім сапасы үшін жауапкершілігі қағидаттарына негізделген өзін-өзі реттейтін ортаны дамытуға аса ден қойылған [181].

Осылайша, қазіргі таңда ҚР ғылым және жоғары білім министрлігі даму жоспардың яғни Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспары, Қазақстан Республикасының ғылымын дамытудың 2022 – 2026 жылдарға арналған тұжырымдамасы, Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2022 – 2026 жылдарға арналған тұжырымдамасы, Өмір бойы оқу (үздіксіз білім беру) тұжырымдамасы, сонымен қатар «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасы, «Цифрландыру, ғылым және инновациялар есебінен технологиялық серпіліс» ұлттық жобасы және «Ұлттық рухани жаңғыру» ұлттық жобасы мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарының көрсеткіштері мен іс-шараларын жүзеге асыруда.

Аталған құжаттардағы мақсаттар мен міндеттердің иерархиясы талдай келе, біз Қазақстан Республикасында білімдер экономикасының қадыптасу

жағдайындағы ғылым деңгейі мен жоғары білімнің тиімділігін арттыруға бағытталған басымдықтар кешенді сипатқа ие деген шешімге келеміз. Атап айтсақ, жоғары оқу орындарының дербестігін кеңейту аясында мемлекеттік басқарудың қаржылық экономикалық қолдау ретіндегі, құқықтық реттеу ретіндегі, ғылым мен білімнің дамуына барлық мемлекеттік басқару органдары мен бизнес ортасын, ғалымдар одағы мен азаматтық институттарды тарту, цифрландыру және ғылым мен инновация негізінде жаңа серпіліс жасау сияқты механизмдердің жүзеге асырылуын ескеру қажет. Білімдер экономикасының қалыптасу жағдайындағы жоғары білім беру жүйесінде сапалы реформалардың жүзеге асырылуы үшін қажет негізгі инновациялық зерттеулер кешені келесі 6-шы суретте бейнеленген.



Сурет 6 - Білімдер экономикасының қалыптасу жағдайындағы жоғары білім беру және ғылым дамуының негізгі бағыттары  
Ескерту - зерттеу материалдары негізінде автормен құрастырылған.

Осылайша, 5-ші суретте бейнеленгендей білімдер экономикасының қалыптасу жағдайындағы жоғары білім беру және ғылым дамуының мақсаты жоғары білікті мамандармен қамтылудан басталады. Қандайда болмасын білім беру қызметін алып қарасақ ғылым мен білімнің дамуына бағытталған мақсаттар кешені ғылымның іргелі және тәжірибелік табыстылығынан туады.



Білімдер экономикасының алдына қойған негізгі мақсаттардың басымдылығы өзара байланысты және өзара уағдаласқан бөлігі ғылым, білім және бизнестің өзара байланысына бағытталған және жетілдірілген заңнамаға сүйенеді.

Қазіргі таңда білім беру сапасы мен мамандардың құзыреттілігіне деген талаптардың жоғарылауы арасындағы артып келе жатқан айырмашылық әлемдік білім берудің ерекшелігі болып отыр. Берілетін білім мен әлеуметтік-тәжірибелік жағдай талабы арасындағы сәйкессіздік жоғары білім беру жүйесінің жаһандық дағдарысы деп білеміз. Осылайша, ҚР-ы жоғарыда айтылған тенденциялардан шыға отырып, келесідей отандық жоғары білім беру жүйесінің сипаттайтын факторлар қатарын тізбектеуге болады.

1) Жоғары білім берудің массовизациясы;

2) Білім берудің коммерциаландырылуы. Өткен ғасындың соңында әлемдік шаруашылықтың бүтін саласы жыл сайынғы сату көлемі мыңдаған миллиард доллар болатын және тұтынушылар көлемі миллиондаған студенттер болатын білім беру қызметінің халықаралық нарығы қалыптасқан;

3) Ақпараттық трансформация. Ақпараттық технологиялардың және интернет құралдарының дамуы білім беру мазмұнының, тіпті пәндік мәннің мазмұнының белгілі бір профессордың немесе нақты ЖОО-ның әмбебап меншігі болып табылмайды;

4) Профессорлық оқытушылық құрамның жас ерекшелігі. Атап айтсақ, қазіргі таңда ЖОО-дың ПОҚ-ның 35%-ы 60 жастан жоғары оқытушылар болып табылады. Осылайша, жастарды оқытушылық қызметке тарту үшін бірқатар іс-шаралар кешенін қабылдау керек деп ойлаймыз. Қазіргі таңда етек алып жатқан қарқын мен отандық жоғары білім беру жүйесіне заманауи сын-қатерлер тізбегін ары қарай жалғастыра беруге болады. Тек еліміздің жоғары білім беру жүйесін реформаламау инновациялық типтегі білімдер экономиканы құруға мүмкіндік берері сөзсіз. Осы параграфтағы заңнамалық, бағдарламалық, тұжырымдалар мен жобалардың талдауы нәтижесінде анықталған бағдарламалардың нәтижелілігінің талдауы келесі параграфта қарастырылады

## **2.2. Жоғары білім беру жүйесін мемлекеттік басқару құралдарының нәтижелілігін талдау**

Жоғарыда ҚР-ның қазіргі таңдағы жоғары білім беру жүйесінің мемлекеттік басқарудың негізгі құралдарының мазмұнына шолу жасалған. ҚР-ның мемлекеттік бағдарламалардың орындалуына жауапты мемлекеттік органдармен жасалатын мемлекеттік бағдарламалардың тиімділігін бағалаудың жылдық есептерінің мазмұнына сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі мемлекеттік бағдарламалардың тиімділігіне бағалау жүргізеді. Аталған құжаттар негізінде ашық қолжетімділікте жарияланатын құжаттар мен материалдың

сараптамасының нәтижелері бойынша білім беру жүйесінің сапасын басқарудың талдауы жүзеге асырылады.

Қандай да болмасын мемлекеттік бағдарлама мен жобалар толыққанды жүзеге асырылуы үшін белгілі бір деңгейдегі қаржыландыруды қажет етеді. Осылайша бірнеше жыл бойы даярланған жобалық іс-шаралар негізінде Қазақстанда 2016 жылы Бюджет кодексіне (2008 жыл) 2013 жылы толықтырулар мен өзгертулер енгізу негізінде 2016 жылы «нәтижеге бағдарланған бюджеттік жоспарлау» енгізілген [182]. Сонымен қатар, нәтижеге бағдарланған бюджеттік жоспарлаудың басым түсініктерінің ішіндегі негізгі элементі бюджеттік құралдардың тиімді шығындалуына бағалаудың қажеттілігінен шығады. Осыған орай, жүргізілген зерттеу нәтижелері бойынша білім беру жүйесінде толыққанда жүзеге асырылған және мерзіміне сәйкес орындалған мемлекеттік бағдарлама яғни Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016 - 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына (ары қарай – мемлекеттік бағдарлама) талдау жүргізуге тырыстық [183].

Аталған параграф аясында мемлекеттік бағдарламаның жүзеге асырылуының нәтижелілігі, тиімділігі және ұзақ мерзімді салдарының талдауына бағытталған, аналитикалық құралдар мен үрдістерді анықтауды ұсынамыз. Мемлекеттік бағдарламаның жоғары білім беру жүйесіндегі негізгі мақсаты экономиканың тұрақты өсімі үшін адами капиталдың дамуы, білім мен ғылымның бәсекеге қабілеттілігін арттыру болып табылады. Аталған мақсаттың жедел мақсаттар қатары техникалық және кәсіби білім алу үшін жағымды жағдайлар жасау арқылы жастардың әлеуметтік-экономикалық интеграциясы, жоғары және жоғары білімнен кейінгі білімді кадрлармен экономика салаларын қанықтыру, экономиканың тұрақты дамуы мен жылдам әртараптануы үшін ғылымның нақты үлесін арттыру тек хабарлы сипатқа ие.

Қандайда болмасын мемлекеттік бағдарлама бюджеттік құралдарсыз жүзеге асырылуы мүмкін емес, сәйкесінше бағдарламалар мақсатына қол жеткізілуге жұмсалатын шығындардың тиімділігіне талап өте жоғары болғандықтан бағдарламаның мақсаты, жедел мақсаттары және нысаналы индикаторлары нақты, анық және белгілі көрсеткіштерге негізделуі қажет деп есептейміз. Мемлекеттік бағдарламалардың жүзеге асырылуының нәтижелілігін үнемі тек қаржылық көрсеткіштер (экономикалық тиімділік) көмегімен ғана бейнелеу мүмкін еместігін ескеріп кеткен жөн. Мысалы, аталған бағдарламаның мемлекеттік тапсырыс бойынша білім алған ЖОО-ны бітіргеннен кейінгі бірінші жылы мамандығы бойынша жұмысқа орналасқан ЖОО түлектерінің үлесі және QS-WUR рейтингінде атап өтілген Қазақстан ЖОО-ларының саны нысаналы индикаторларын тек сапалық сипат (әлеуметтік тиімділік) көмегімен ғана мақсаттың орындалуын бағалауға болады. Бұл мысалдар мемлекеттік бағдарламалардың басым бөлігінің нәтижелілігін бағалау шығын және табысты талдау әдісі негізінде мүмкін еместігінің айқын бейнесі.

Осылайша біз аталған бағдарламаның тиімділігін толық сипаттайтын интегралдық талдау арқылы жоғары білім және ғылым саласындағы бағыттарына талдау жасаудық. Интегралдық бағалау әдісі әдетте шетелдік тәжірибеде (Әлемдік банк) жиі қолданылады [184]. Аталған тәсілдің негізгі мазмұны бағдарламаның жүзеге асырылуының бағыттарын салмақтық коэффициенттер тағайындалады. Осылайша, интегралдық бағалаудың негізгі бағыттары мақсат және міндет, жоспарлау, басқару және мониторинг, нәтижелілік және тиімділік болып табылады. Ал, аталған бағыттар мемлекеттік бағдарламаның сапасы туралы объективті түсінік береді. Мемлекеттік бағдарламаның жоғары білім беру және ғылым бағыты бойынша іс-шаралардың интегралдық талдауының моделі келесі 7-ші суретте сипатталған.



Сурет 7 - Мемлекеттік бағдарламаның жүзеге асырылуының тиімділігін бағалау моделі

Ескерту - [193] дереккөзі негізінде автормен құрастырылған

Жоғары білімді басқару позициясынан Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім 4-ші стратегиялық бағытты интегралдық бағалау үшін ішкі бағдарламалық көрсеткіштердің іріктелуі жүргізілді. Мақсатқа қол жеткізу дәрежесін және жоғары білімнің ішкі бағдарламасының міндеттерін

шешу үшін жоғары білім берудің мақсатты индикаторларының іріктелуі жүргізілді (кесте 4).

Кесте 4 - Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім 4-ші стратегиялық бағыттың мақсатқа жету дәрежесін және міндеттерді шешуін бағалау

р / н	Индикаторлар	Жоспар Бағдарлама бастауы	Нақты Бағдарламаның аяқталуы	Индикаторлардың жоспарланған мәніне қол жеткізу көрсеткіші *МБИБ әдісі бойынша автормен есептелген
1	2	3	4	5
4-ші кестенің жалғасы				
1	2	3	3	5
1	QS-WUR рейтингінде белгіленге, Қазақстандық ЖОО саны (бірлік) топ-200 топ-300 топ-500 топ-701+	16 2 2 3 9	16 0 1 5 10	0,525
2	Аталған жастағы халықтың жұмыспен қамтылған халықтың құрылымында 22-28 жастағы жоғары біліммен азаматтар үлесі (Мақсаттық индикатор Мемлекеттік бағдарламаға 2018 жылдың 24 шілдесінен №460 ҚР Үкіметінің Қаулысымен қосылған)	44,9%	44,8%	0,973
3	Мемлекеттік тапсырыс бойынша білім алған, ЖОО-ны бітіргеннен кейін бірінші жылы мамандығы бойынша жұмысқа орналасқан ЖОО бітірушілерінің үлесі	90	86,7	0,96
<p>* Жоғары білімнің мақсатқа жету дәрежесі және міндеттерді шешуін бағалау келесі формула бойынша есептеледі: <math>ИҚ = (Н_1/Ж_1 + Н_2/Ж_2 + \dots + Н_c/Ж_c)</math></p> <p>Мұндағы:</p> <p>ИҚ- Бағдарламаның жоспарланған мәндерінің көрсеткіштеріне (индикаторларына) қол жеткізу көрсеткіші;</p> <p>Н – Есептеліп отырған кезеңде Бағдарламаның нақты мәндерінің көрсеткіштері (индикаторлары);</p> <p>Ж – Есептеліп отырған кезеңде Бағдарламаның жоспарланған мәндерінің қол жеткізу көрсеткіштері (индикаторлары);</p> <p>с – Бағдарламаның көрсеткіштерінің (индикаторларының) саны.</p> <p>Егер көрсеткіш (индикатор) мәнінің азаюы жағымды динамика болып табылса, онда Н және Ж көрсеткіштері формалада орындарымен ауыстырылады мысалы, <math>Ж_1/Н_1 + Ж_2/Н_2 + \dots</math></p>				
<p>Ескерту - Жоспарланған мәндер 2016 жылғы 25 сәуірдегі № 243 ҚР Үкіметінің Қаулысы «ҚР білім және ғылымды дамытудың 2016 - 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары». Нақты мәндер: ҚР білім және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру туралы есебінің 1 қосымшасының деректері</p>				

Есептеу барысында  $Н/Ж (Ж/Н) < 0$  болса, онда  $Н/Ж (Ж/Н) = 0$  деп есептеледі. Ал,  $Н/Ж (Ж/Н) > 1$  болса, онда  $Н/Ж (Ж/Н) = 1$  болады есептеледі. Осылайша, егер қандайда бір көрсеткіш (индикатор) орындалмаса, онда

$ИҚ < 1$ , егер барлық көрсеткіштер (индикаторлар) 100,0 пайыз және одан артық орындалған болса, онда  $ИҚ = 1$  тең болады.

Есептеу:

$$ИҚ = 0,525 + 0,973 + 0,96 = 0.820 \quad (1)$$

Индикаторлардың жоспарлаған мәніне қол жеткізу көрсеткіштерінің есебінің нәтижесінде индикаторларға қол жеткізу көрсеткішінің мәні  $ИҚ = 0,820$  болады.

Жоғары білімді басқару позициясынан Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім 4-ші стратегиялық бағытының бюджеттік бағдарламалар және ішкі бағдарламаларының жоспарланған шығындарының деңгейінің орындалу дәрежесін бағалау үшін көрсеткіштер іріктелген (Қосымша Б) және бюджеттік бағдарламалардың (ББ) жоспарланған шығындар деңгейінің орындалу дәрежесін бағалау келесі формула бойынша есептелді:

$$ББ = И/Ш, \quad (2)$$

мұндағы:

ББ – бюджеттік шығыстардың жоспарланған деңгейінің орындалуы;

И – есепті кезеңде Бағдарлама бойынша бюджет қаражатын нақты игеру;

Ш – қарастырылып отырған кезеңдегі Бағдарламаны іске асыру бойынша бюджеттік міндеттемелердің шектелімі.

Есептеу:

$$ББ = 288339/395714 = 0,727 \quad (3)$$

Қосымша бағдарламаларды және (немесе) негізгі іс-шараларды уақтылы орындау дәрежесін бағалау (оларды іске асырудың тікелей нәтижелеріне қол жеткізу) ішкі бағдарламалардың және (немесе) мемлекеттік бағдарламаның негізгі іс-шараларының (бұдан әрі – мемлекеттік бағдарламаның іс-шаралары) іс-шараларын іске асырудың басталуы мен аяқталуының белгіленген мерзімдеріне сәйкестігі индикаторлары негізінде жүзеге асырылады (Қосымша В).

Мемлекеттік бағдарламаны ( $СУ_i$ ) іске асырудың уақтылығының дәрежесін бағалау келесі формула бойынша есептеледі:

$$СУ_i = \frac{(СУ_{Ннақты} + СУ_{Анақты})}{2 \times М} \quad (4)$$

Мұндағы:

$СУ_i$  – стратегиялық бағыттағы шараларды уақтылы орындау өлшемі;

$СУ_{Ннақты}$  – белгіленген мерзімдерге сәйкес жүзеге асырылатын стратегиялық бағыттың іс-шаралар саны;

$СУ_{Анақты}$  – белгіленген мерзімге сәйкес аяқталған стратегиялық бағыттың іс-шаралар саны;

М – мемлекеттік бағдарламалардың іс-шаралар саны.

Есепке алынды:

- бағдарламаның жүзеге асырылуының соңында стратегиялық бағыт іс-шаралары, яғни мемлекеттік бағдарламаның жүзеге асырылуының тиімділігінің бағалауы жүргізілетін, олардың жүзеге асырылуы бағдарлама соңына сай, жоспарланған және аяқталу мерзімдері;

- мемлекеттік бағдарламаның өтпелі іс-шаралары, егер:

а) мемлекеттік бағдарламада оның жүзеге асырылуының барлық кезеңінде қаржыландырусыз ұйымдастырушылық-әдістемелік сипаттағы мемлекеттік бағдарлама іс-шаралары қарастырылған (мысалы, жыл сайынғы жиналыстар, конференциялар өткізу, келісім-шарттар жасау, комиссия жұмысын ұйымдастыру), онда осы іс-шаралардың орындалуы ағымдағы жылға жоспарланған, орындауға міндеттілердің (бірлесіп орындаушылар) жұмыс жоспарын (кестесін) орындалуына сәйкес бағаланады;

б) мемлекеттік бағдарламада оны іске асырудың барлық кезеңінде мемлекеттік бағдарламаның іс-шараларын қаржыландыру қарастырылған (мысалы, жыл сайынғы қызмет көрсету, күрделі жөндеу, ведомстволық бағынысты мекемелердің материалдық-техникалық базасын нығайту, жыл сайын субсидиялар беру және басқа да мемлекеттік қолдау түрлері), осы шаралардың орындалуы жауапты орындаушылардың, бірлескен орындаушылардың, қатысушылардың жұмыс жоспарларының (кестелерінің) орындалуына сәйкес бағаланады.

Есептелуі:

$$СУ_i^{\frac{(40+40)}{2 \times 41}} = 0,97 \quad (5)$$

Мемлекеттік бағдарламаны іске асырудың аяғында стратегиялық бағыттың (ЭТ) бюджеттік қаражатын пайдалану тиімділігін бағалау келесідей есептеледі:

$$ЭТ = ИҚ/ББ \quad (6)$$

мұндағы:

ЭТ – бюджет құралдарын пайдалану тиімділігінің көрсеткіші;

ИҚ – стратегиялық бағыттың көрсеткіштерінің (индикаторларының) жоспарланған мәндеріне қол жеткізу көрсеткіші;

ББ- бағдарламалық шығыстардың жоспарланған деңгейінің орындалу көрсеткіші.

Бюджет қаражатын пайдалану тиімділігін бағалау неғұрлым жоғары болса, көрсеткіштердің (индикаторлардың) жоспарланған мәндеріне қол жеткізу деңгейі соғұрлым жоғары болады және бюджет қаражатын пайдалану деңгейі төмен болады.

Есептелуі:

$$ЭТ=1/0,998=1 \quad (7)$$

Есептеліп отырған мемлекеттік бағдарламаның 4-ші стратегиялық бағытының тиімді жүзеге асырылуының интегралдық бағалауының есебі ( $B_{и}$ ) келесі формулаға сәйкес есептеледі:

$$B_{и} = 0,6 * ИҚ + 0,25 * ББ + 0,15 * СУ_i \quad (8)$$

мұндағы:

$B_n$  – стратегиялық бағыттың жүзеге асырылуының тиімділігін кешенді бағалау көрсеткіші;

ИҚ – стратегиялық бағыттың көрсеткіштерінің (индикаторларының) жоспарланған мәндеріне қол жеткізу көрсеткіші;

ББ – бюджет шығыстарының жоспарланған деңгейінің тиімділік көрсеткіші;

$SU_i$  - стратегиялық бағыттың уақтылы жүзеге асырылуының көрсеткіші.  
Есептелуі:

$$B_n = 0,6 * 0,820 + 0,25 * 0,727 + 0,15 * 0,97 = 0,818 \quad (9)$$

Келтірілген интегралдық талдау бойынша жүргізілген есептеу негізінде Қазақстан Республикасында білім мен ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім 4-ші стратегиялық бағытының салыстырмалы орташа тиімді деген қорытындыға келдік.

Сонымен қатар, білімдер экономикасының қалыптасуында маңызды мәселе ғылым мен білімнің интеграциясы болып табылады. Жоғары білім мен ғылымның үйлесімде тұрақты дамуы, оның сапалық көрсеткіштерінің жағымды өсімі және мемлекеттік басқаруды жоғары білім мен ғылымның дауы үшін тең жағдай туғызу аса маңызды. Осы орайда ғылымның нақты салымын қамсыздардыруды анықау үшін Ғылым 5-ші стратегиялық бағыттың авторлармен интегралдық бағалауы жүргізілген.

Жоғары білім беру жүйесін басқару позициясынан 5-ші стратегиялық бағыттың интегралдық бағалауын жүргізу үшін біз көрсеткіштерді іріктедік. Жоспарланған деректерді бағдарламаны аяқтауына Қазақстан Республикасының білім және ғылымды дамытудың 2016 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарынан іріктеп, нақты деректер бағдарламаның толық жүзеге асырылуының соңында 2016-2018 жж Қазақстан Республикасында білім мен ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру туралы есептен іріктелді. Мақсатқа қол жеткізу дәрежесін бағалау үшін және ғылымның бағдарламаішілік міндеттерін шешу үшін жоғарыда айтылған құжаттардан мақсаттық индикаторлар іріктелді (кесте 5).

Кесте 5 – 5-ші стратегиялық бағыттың Ғылымның мақсатқа жету дәрежесі және міндеттерді шешуін бағалау

р / н	Индикаторлар	Жоспар Бағдарлама бастауы.	Нақты Бағдарламаның аяқталуы	Индикаторлардың жоспарланған мәніне қол жеткізу көрсеткіші *МБИБ әдісі бойынша автормен есептелген
1	2	3	4	5
1	ҒЗТҚЖ қаржыландырудың жалпы көлемінде ғылыми-конструкторлық өңдеуге шығындар үлесі	22,3	24,9	1

2	Қолданбалы ғылыми-зерттеу жұмыстарының жалпы санынан коммерциализацияланған жобалар үлесі	20	23,5	1
<p>*Ғылымның мақсатқа жету дәрежесі және міндеттерді шешуін бағалау келесі формула бойынша есептеледі: <math>ИҚ=(Н_1/Ж_1+Н_2/Ж_2+...Н_c/Н_c)</math>  Мұндағы:  ИҚ- Бағдарламаның жоспарланан мәндерінің көрсеткіштеріне (индикаторларына) қол жеткізу көрсеткіші;  Н – Есептеліп отырған кезеңде Бағдарламаның нақты мәндерінің көрсеткіштері (индикаторлары);  Ж – Есептеліп отырған кезеңде Бағдарламаның жоспарланған мәндерінің қол жеткізу көрсеткіштері (индикаторлары);  с – Бағдарламаның көрсеткіштерінің (индикаторларның) саны.  Егер көрсеткіш (индикатор) мәнінің азаюы жағымды динамика болып табылса, онда Н және Ж көрсеткіштері формалада орындарымен ауыстырылады мысалы, <math>Ж_1/Н_1+Ж_2/Н_2+...</math></p> <p>Ескерту - Жоспарланған мәндер 2016 жылғы 25 сәуірдегі № 243 ҚР Үкіметінің Қаулысы «ҚР білім және ғылымды дамытудың 2016 - 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары». Нақты мәндер: ҚР білім және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру туралы есебінің 1 қосымшасының деректері</p>				

Есептеу барысында  $Н/Ж (Ж/Н) < 0$  болса, онда  $Н/Ж (Ж/Н) = 0$  деп есептеледі. Ал,  $Н/Ж (Ж/Н) > 1$  болса, онда  $Н/Ж (Ж/Н) = 1$  болады есептеледі. Осылайша, егер қандайда бір көрсеткіш (индикатор) орындалмаса, онда  $ИҚ < 1$ , егер барлық көрсеткіштер (индикаторлар) 100,0 пайыз және одан артық орындалған болса, онда  $ИҚ = 1$  тең болады.

Есептеу:

$$ИҚ = 1/1 = 1 \quad (10)$$

$ИҚ = 1$

5-ші кестеге сәйкес, Индикаторлардың жоспарланан мәніне қол жеткізу көрсеткіштерінің есебінің нәтижесінде индикаторларға қол жеткізу көрсеткішінің мәні  $ИҚ = 1$  тең болады.

Жоғары білімді басқару позициясынан 5-ші стратегиялық бағыттың Ғылымның бюджеттік бағдарламалар және ішкі бағдарламаларының жоспарланған шығындарының деңгейінің орындалу дәрежесін бағалау үшін көрсеткіштер іріктелген (Қосымша Г) және бюджеттік бағдарламалардың (ББ) жоспарланған шығындар деңгейінің орындалу дәрежесін бағалау келесі формула бойынша есептеледі:

$$ББ = И/Ш \quad (11)$$

мұндағы:

ББ - бюджеттік шығыстардың жоспарланған деңгейінің орындалуы;

И - есепті кезеңде Бағдарлама бойынша бюджет қаражатын нақты игеру;

Ш - қарастырылып отырған кезеңдегі Бағдарламаны іске асыру бойынша бюджеттік міндеттемелердің шектелімі.

Есептеу:

$$ББ = 86840,7 / 131684,2 = 0,6 \quad (12)$$

Қосымша бағдарламаларды және (немесе) негізгі іс-шараларды уақтылы орындау дәрежесін бағалау (оларды іске асырудың тікелей нәтижелеріне қол жеткізу) ішкі бағдарламалардың және (немесе) мемлекеттік бағдарламаның негізгі іс-шараларының (бұдан әрі - мемлекеттік



бағдарламаның іс-шаралары) іс-шараларын іске асырудың басталуы мен аяқталуының белгіленген мерзімдеріне сәйкестігі индикаторлары негізінде жүзеге асырылады (Қосымша F). Мемлекеттік бағдарламаның 5-ші стратегиялық бағытының (СУ<sub>i</sub>) іске асырудың уақтылығының дәрежесін бағалау келесі формула бойынша есептеледі:

$$СУ_i = \frac{(СУ_{Ннақты} + СУ_{Анақты})}{2 \times M} \quad (13)$$

Мұндағы:

СУ<sub>i</sub> - стратегиялық бағыттағы шараларды уақтылы орындау өлшемі;

СУ<sub>Ннақты</sub> - белгіленген мерзімдерге сәйкес жүзеге асырылатын стратегиялық бағыттың іс-шаралар саны;

СУ<sub>Анақты</sub> - белгіленген мерзімге сәйкес аяқталған стратегиялық бағыттың іс-шаралар саны;

M - мемлекеттік бағдарламалардың іс-шаралар саны.

Есептелуі:

$$СУ_i = \frac{(26+25)}{2 \times 34} = 0,75 \quad (14)$$

Мемлекеттік бағдарламаның 5-ші стратегиялық бағытының іске асырудың аяғында стратегиялық бағыттың (ЭТ) бюджеттік қаражатын пайдалану тиімділігін бағалау келесідей есептеледі: ЭТ = ИҚ/ББ. Есеп барысында бюджет құралдарын пайдалану тиімділігінің көрсеткішінің (ЭТ) мәні стратегиялық бағыттың көрсеткіштерінің (индикаторларының) жоспарланған мәндеріне қол жеткізу көрсеткішінің (ИҚ) бағдарламалық шығыстардың жоспарланған деңгейінің орындалу көрсеткішіне (ББ) бөлінісіне тең болады. Бюджет қаражатын пайдалану тиімділігін бағалау неғұрлым жоғары болса, көрсеткіштердің (индикаторлардың) жоспарланған мәндеріне қол жеткізу деңгейі соғұрлым жоғары болады және бюджет қаражатын пайдалану деңгейі төмен болады.

Есептелуі:

$$ЭТ = 1/0,91 = 1 \quad (15)$$

Есептеліп отырған мемлекеттік бағдарламаның 5-ші стратегиялық бағытының тиімді жүзеге асырылуының интегралдық бағалауының есебі (Б<sub>и</sub>) келесі формулаға сәйкес есептеледі:

$$Б_и = 0,6 * ИҚ + 0,25 * ББ + 0,15 * СУ_i \quad (16)$$

мұндағы:

Б<sub>и</sub> - стратегиялық бағыттың жүзеге асырылуының тиімділігін кешенді бағалау көрсеткіші;

ИҚ - стратегиялық бағыттың көрсеткіштерінің (индикаторларының) жоспарланған мәндеріне қол жеткізу көрсеткіші;


ББ - бюджет шығыстарының жоспарланған деңгейінің тиімділік көрсеткіші;

$SU_i$  - стратегиялық бағыттың уақтылы жүзеге асырылуының көрсеткіші.  
Есептелуі:

$$B_n = 0,6 * 1 + 0,25 * 0,6 + 0,15 * 0,75 = 0,712 \quad (17)$$

Келтірілген интегралдық талдау бойынша жүргізілген есептеу негізінде Қазақстан Республикасында білім мен ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының Ғылым 5-ші стратегиялық бағытының салыстырмалы түрде қанағаттанарлық деген қорытындыға келдік. Аталған көрсеткіш білімдер экономикасын қалыптастыру жағдайында Қазақстан Республикасында білім мен ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының жоғары білім беру жүйесіндегі ғылым индикаторларының жеткіліксіз деңгейде жүзеге асырылуының дәлелі.

Атап айтсақ, соңғы онжылдықта елімізде белсенді жүзеге асырылып жатқан мемлекеттік шығындарды бағдарламалық-мақсаттың әдісі кең ауқымды нормативтік-құқықтық базасына қарамастан әліде кемшіліктерге толы. Осылайша, аталған мемлекеттік бағдарламаның жүргізілген интегралдық бағалауына сәйкес, есептеулер нәтижесі жоғары білім және ғылым бағыты бойынша жүзеге асырылуының салыстырмалы төмен нәтижесін көрсетті (сурет 8).




Сурет 8 - Жоғары білім және ғылым түйінді индикаторлары бойынша 2016-2019 жж. ҚР БҒДМБ интегралдық бағалау нәтижесінің радары  
Ескерту - Интегралдық бағалау нәтижесі бойынша автормен құрастырылған

Сөзсіз, мемлекеттік бағдарламаларды жасау және жүзеге асырудың қолданыстағы тәжірибесі қажетті деңгейде жетілмеген, сәйкес заңнамалық базаның тұрақсыздығы, мемлекеттік тапсырыс берушілер бастаған бағдарламалар саны оларды қаржыландырудың нақты мүмкіндіктеріне сәйкессіздігі, мемлекеттік бағдарламаның мақсаттарына жетудің баламалы нұсқалары және қаржыландырудың бюджеттен тыс құралдарын тарту мүмкіндіктері әлсіз пысықталуы, мақсаттық индикаторларды таңдау жеткілікті деңгейде негізделмеуі, мемлекеттік тапсырыс берушілер тарапынан бағдарламаның жүзеге асырылуына бақылау жасау сапасы төмендігі, мемлекеттік бағдарламаның тиімділігін бағалаудың қолданбалы әдістері сынға жиі ұшырауы және т.б. салдарынан бағдарламада көздеген мақсатқа қол жеткізілмей келесі бағдарламалар жобаланған. Келтірілген тізімін жоққа шығаруға келмейтін, аталған кемшіліктерді жоюдың ғылыми негізделген әдісін жасау жеке зерттеуге ылайық. Сонымен қатар, мемлекеттік бағдарламалар тиімділігін бағалаудың автормен ұсынылған интегралды әдісі жоғарыда келтірілген бірқатар мәселелерді шешуге мүмкіндік беріп қана қоймай қазіргі таңда жүзеге асырып жатқан жобалардың тиімділігін бағалауға септігін тигізері сөзсіз. Егер қолданылған әдістеме түбегейлі қате болса немесе оның кемшіліктері соншалықты маңызды болса, мемлекеттік органдардың тиімділігін бағалаудың объективті нәтижелерін алу мүмкін емес, сондықтан іске асыру іс жүзінде мүмкін емес бағдарламаларды қаржыландыруды ашу тәуекелі бірнеше есе артады

Нәтижесінде мемлекеттік бағдарламалардың нәтижелілігіне жауаптының жоқтығынан, тиімділігін бағалау тәсілдерінің жоқтығының және нысаналы индикаторлараның қисынсыздығының салдарынан мемлекеттік жоспарлауда өзгерістер жүргізілді. Яғни, мемлекеттік жоспарлаудың жаңа сатысына өту барысында мемлекеттік бағдарламалардан ұлттық жобаларға өту жүзеге асырылды. Сөйтіп, білім беру жүйесін «қайта жүктеуіне» әкелген ҚР Президентінің 2020 жылы 1 қыркүйектегі «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» жолдауын жүзеге асыру бойынша жалпы ұлттық жоспардың іс-шараларының 3-ші тармағына сәйкес 2021 жылы «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасы (ары қарай – Ұлттық жоба) қабылданды.

Аталған жобаның мемлекеттік бағдарламадан айырмашылығына тоқталатын болсақ, мемлекеттік бағдарлама білім беру жүйесіндегі саяси, заңнамалық және әлеуметтік аспектілердің барлығын қамтыса, ал Ұлттық жобаның бағыты тар болып келеді. Басқаша айтсақ, ол білім беру жүйесіндегі нақты мәселелерді шешуге бағытталған. Айта кететін жайт, Ұлттық жоба Мемлекеттік бағдарламамен негізгі параметрлері бойынша етене түйіседі және Ұлттық жобада бағдарламаның маңызды міндеттері мен іс-шаралары енгізілген. Бұл жағдай тек аталған құжаттардың атауы мен дәрежесін ғана ауыстырғанмен іспеттес. Құрылым жағынан Ұлттық жобаның Мемлекеттік бағдарламадан айырмашылығы келесі 9-шы суретте бейнеленген.

Ұлттық жобаның мемлекеттік бағдарламадан құрылымдық айырмашылығына тоқталатын болсақ, айрықша өзгешелік жобада мүлдем индикаторлар қарастырылмаған. Ал, жоспарлау жүйесінде индикатор міндетті жүзеге асырудың негізгі тетігі болапы табылады.



Сурет 9 - Ұлттық жобаның мемлекеттік бағдарламадан құрылымдық айырмашылығы

Ескерту – зерттеу нәтижелері бойынша автормен құрастырылған

Ұлттық жобаның мемлекеттік бағдарламадан тағы бір айырмашылығы жобада бюджет көлемі мен оған жауапты тұлғалар егжей-тегжейлі жазылған, бірақ, жобада көзделген сандық көрсеткіштерге қол жеткізетін бірде-бір макроэкономикалық көрсеткіштер жазылмаған. Біздің ойымызша Ұлттық жобаларға жүзеге асырылған мемлекеттік бағдарламалардың нәтижелері мен кемшіліктері, қол жеткізілмеген көрсеткіштері және оларды болашақта алдын алу іс-шаралары секілді ағымдағы жағдайға сипаттама бере отырып, енгізілген жобада аталған кемшіліктердің алдын алу бойынша ұсыныстар жасалуы қажет еді. Дегенмен, мемлекеттік жоспарлаудың ескі және жаңа жүйесінің ең үлкен өзекті мәселесі жүзеге асырылған жоспарландың критикалық талдауының жоқтығы әлі де өзекті болып отыр.


Ұлттық жобаның мақсаты барлық білім беру деңгейлерінде білім алушылардың білім сапасын арттыру, ал жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесіндегі жедел міндеті Қазақстандық ЖОО-ның бәсекеге қабілеттілігін арттыру болып табылады. Жоғарыда мемлекеттік бағдарламаның кемшілігі болып табылған жоспарлауда міндеттердің мазмұны жоба мақсатымен үйлеспеушілі тағы орын алды. Ал, 5-ші міндет Қазақстандық ЖОО-ның бәсекеге қабілеттілігін арттыру аясында көзделген ҚР ҒЖБМ – 20 академиялық артықшылық орталығын құру, үш ЖОО-ны зерттеу ЖОО-на трансформациялау, Назарбаев Университетінің тәжірибесі бойынша екі өңірлік ЖОО-ны құру жөніндегі жобаларды іске асыруды үйлестіру, деректерді жинау және өңдеу, ЖОО-ның жариялау белсенділігі

бойынша мониторинг және талдау жүргізу, ЖОО – 20 академиялық артықшылық орталығын, Назарбаев Университетінің тәжірибесі бойынша екі өңірлік ЖОО-ны құруға жәрдемдесу іс-шаралары пайымдау сипатына ие. Сонымен қатар, Назарбаев Университетінің тәжірибесі бойынша екі өңірлік ЖОО-ны құру жөніндегі жобаларды іске асыруды үйлестіру және Назарбаев Университетінің тәжірибесі бойынша екі өңірлік ЖОО-ны құруға жәрдемдесу бір мақсатты көздейді және бір мазмұнға ие. Тағы бір айта кететін жайт, Мемлекеттік бағдарламада міндеттерге қол жеткізудің 5-ші көрсеткіші Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру менеджментін және даму мониторингін жетілдіру бойынша Назарбаев Университетінің тәжірибесін енгізетін азаматтық ЖОО-дың үлесін 2019 жылға дейін 50%-ға жеткізу нәтижесіне қол жеткізу көзделген. Бірақ, Ұлттық жобада аталған көрсеткіш өзгеше мазмұнмен және нәтижемен көзделген. Осылайша, жоғары білім беру жүйесін мемлекеттік басқару құралдарын болашақта жетілдіру бойынша кешендік жұмыстар әліде қажет. Осы орайда жаңа парақтан басқару тұжырымдамасына сай жоспарлаумен қатар нәтижені бағалау тетіктерін жетілдіру маңызды.

### **2.3 Жоғары білім беру жүйесін мемлекеттік басқарудың әлеуметтік диагностикасы (эмпирикалық талдау)**


Жоғары білім беру жүйесін мемлекеттік басқарудың жағдайы мен даму қарқынын, басқару құралдарының нәтижелілігін талдау нәтижелері жоғары білім беру жүйесін мемлекеттік басқарудың толық бейнесін сипаттау мақсатында жоғары білім берудің әлеуметтік диагностикасын жүргізуді талап етті. Эмпирикалық талдау яғни әлеуметтік диагностика Д қосымшасында көрсетілген әдіснамаға сәйкес әзірленіп, сауалнама парығы Ж қосымшасында көрсетілген сұрақтарды қамтыды.

Сауалнаманы жүргізу нәтижесінде респонденттердің өмірлік маңызды мақсаттары, құндылықтары мен бағдарларының идеалдары олардың өмірлік жоспарларды құруда біркелкі еместігі айқындалып және олардың болашақ қызметіне таңдау жасауына әсер ететіндігі анықталды. Осылайша, 29% - еңбек пен біліктілікті ескере отырып, жоғары жалақы алу маңызды; 16% - жақсы білім алып, уақытша шетелге жұмыс істеуге кету; 14% - PhD доктор дәрежесін алғылары келеді; Респонденттердің 10% -ы жақсы білім алып, шетелде тұрақты тұруға көшуді қалайды (қазіргі уақытта Қазақстанда жастардың шетелге кету бұл үрдіс қарқын алып барады, оған себеп демографиялық жағдай, инновациялық белсенділік, ғылым мен жоғары технологиялық өндірістердің «сапасына» байланысты және осы салалардағы теріс үдерістердің катализаторы болып табылады); 9% - жақсы денсаулық иеленгісі келеді; 8% - әрптестер мен қоршағандардың құрметі мен сыйластығын иеленгісі келеді; 7% - жақсы жоғары білім алып баршылықта өмір сүргісі келеді. Сауалнама нәтижесі 10-шы суретте диаграмма түрінде сипатталған.



Сурет 10 - Сауалнамаға жауап берушілердің маңызды өмірлік мақсаттары  
Ескерту – сауалнама нәтижелері бойынша автормен құрастырылған


Жоғары білім беру жүйесін мемлекеттік басқарудың сапасына қанағаттану деңгейі 12-ші суретте бейнеленген. Нәтижесінде сауалнамаға жауап берішілер 30%-ы қанағаттанбайтындығын, 34%-ы жауап беруге қиналатындықтарын, 13%-ы ішінара қанағаттанатындықтарын, ал тек 23%-ы қанағаттанатындықтарын белгілеген [185-44б.]



Сурет 11 - Сауалнамаға жауап берушілердің жоғары білім жүйесін мемлекеттік басқаруға қанағаттану деңгейі  
Ескерту – сауалнама нәтижелері бойынша автормен құрастырылған


Жоғары білім беру жүйесінде мемлекеттік басқарудың басты мақсаты білім сапасын жақсарту болып табылады. Осыған орай, сауалнамаға жауап берушілерге жоғары білім жүйесін мемлекеттік басқарудың әртүрлі аспектілерін сыни тұрғыдан бағалау арқылы «Жоғары білім беру жүйесін мемлекеттік басқаруға қанағаттанбау немесе ішінара қанағаттану себептері» сұрағы қойылған. Сауалнамаға қатысқандардың 22%-ы жоғары білім беру жүйесін мемлекеттік басқаруда соңына дейін мұқият ойланбаған, бейжүйелік мемлекеттік саясаттың бар екендігін айтты, 20%- жоғары білім беру жүйесінде нормативтік-құқықтық актілерге жиі өзгерістер енгізілетіндігін, 13%-ы жоғары оқу орындарымен жоғары басқару органдардың тығыз байланысы мен серіктестік қарым-қатынасының болмауын, 12%-ы қабылданған шешімдердің тұрақсыздығы және ретсіздігін, 11%-ы алдыңғы құжаттардың орындалмау себертерін мұқият талдау, анықтау және жоюсыз

жаңа бағдарламалық, жоспарлық құжаттарды қабылдау, 10%-ы қаржылық және шаруашылық қызметті шамадан тыс реттеу, қаржылық және өзге де мәселелерді шешуде жоғары оқу орындарының дербестігін шектеу, 7% ескірген заңнамалық база, 5% мемлекеттік білім беруді басқару органдарында және құрылымдарында сыбайлас жемқорлықтың болуы нұсқаларын таңдаған. Қазақстан Республикасында соңғы жылдары жоғары білім беру жүйесін мемлекеттік басқаруды жетілдіру бойынша қабылданып жатқан іс-шараларға қарамастан, жоғары білім беру жүйесін басқару деңгейі әлі болсада төмен. Бұл жоғары білім беру жүйесін мемлекеттік басқаруда білім беруді дамытудың жаңа әлемдік тенденцияларын ескере отырып, саясатты және шешім қабылдауды жетілдіруді, білім беру жүйесін дамытудың жаңа бағдарламаларын, жоспарлары мен нормативтік құқықтық актілерін қабылдауды талап ететін, мәселелер қатары бар екендігі туралы айтады. Жоғарыдағы сауалнаманың толық нәтижесі 12-ші суретте бейнеленген [185-45б.]



Сурет 12 - Сауалнамаға қатысушылардың жоғары білім беру жүйесін мемлекеттік басқару деңгейіне қанағаттану н\е қанағаттанбау себептері, %  
Ескерту – сауалнама нәтижелері бойынша автормен құрастырылған


Сауалдаушылардың жартысы яғни 54%-ы жоғары білім алуда мемлекеттік қолдауды сезінбейтіндігін айтса, 28%-ы жауап беруге қиналатындығын, тек 18%-ы мемлекеттік қолдаудың бар екендігін белгіледі (сурет 13).



Сурет 13 - Жоғары білім алуда мемлекеттік қолдау  
Ескерту – сауалнама нәтижелері бойынша автормен құрастырылған

Жоғарыда келтірілген мәліметтер қазақстандық білім берудің әлемдік кеңістікке интеграциясының негізгі тұстарының бірі бірінші кезекте жаппай студенттердің аталған үрдіске назарын аудару қажет. Осы орайда, жоо-да білім беру саласындағы жаңалықтар туралы түсіндірме іс-шараларын жүргізу қажет. Бұдан өзге студенттік жастардың стипендиялар, жәрдемақы, жеңілдіктер арқылы қолдау шараларын үнемі жүргізіп отыру қажет, себебі тек сауатты және алысқа қарайтын әлеуметтік саясат жастырдың амандығын, дамуға мүмкіндік және қазіргі таңда ылайықты өмір сүруін қамсыздандырады сөзсіз. Сонымен қатар, мемлекеттік басқару органдары, мемлекеттік емес құрылымдар және білім беру және жастар саясаты облысында жұмыс жасайтын қорлар үнемі әлеуметтік сауалнама жүргізе отырып, студент жастардың пікіріне талдау жасап отыру қажет [185-45б.]

Сонымен қатар, жоғары оқу орындарының мамандық бойынша түлектерді жұмысқа орналастыру іс-шаралары бойынша мемлекеттік қолдау деңгейі сауалнамасының жауаптары нәтижесі 15 суретте бейнеленгендей төмен көрсеткішті көрсетті.



Сурет 14 - ЖОО-ның аяқтаған соң мамандық бойынша жұмысқа орналасуға мемлекеттік қолдау

Ескерту – сауалнама нәтижелері бойынша автормен құрастырылған

Жоғарыдағы сауалдау сұрағы бойынша жоо-дың түлектерін жұмысқа орналастыру мәселесін шешу бойынша төмендегідей бірқатар ұсыныстар жасап өтсек:

- Университеттерге бизнес-құрылымдармен тығыз байланыс орнату арқылы аталған ұйымдарда өз студенттерінің тағылымдамадан өтуі туралы кесім-шарт жасау. Жоғары оқу орны беретін телриялық база тәжірибемен бекітілуі – сауатты жас мамандарды даярлаудың кепілі деп білеміз.

- ЖОО-ы студенттердің тағылымдамадан өту орны оның оқу орнын аяқтаған соң тұрақты жұмыс орынан айналуының тәжірибесін дамыту қажет. Бұл үшін бірінші кезекте, студенттерді үлгерімі үшін, тағылымдамадан өзін біліктілігін өзат көрсеткендігі үшін марапаттау қажет;


- Бизнес-құрылымдарды жас мамандарды жұмысқа орналастырудың белсенділігін арттыру үшін жеңілдетілген салық салуды, мемлекеттік гранттар мен қолдаулар енгізу қажет.



- Мамандық бойынша алғашқы рет жұмыс іздеп жүрген азаматтар үшін үлестелген жұмыс орындару туралы заң жобасын қабылдау қажет.

Еліміздің ЖОО-ның студенттерінің ғылыми әзірлемелерін марапаттау және оны өндіріске енгізу абзал. Мысалы, егер қандайда бір университет студенті, магистранты немес докторанты белгілі бір өндірістің қызметін жақсартатын жоба әзірлесе, аталған жобаны өндіріске енгізуге ниет білдірген өндіріс немесе мекемелер үшін салық салуда белгілі бір жеңілдіктер қарастырылу қажет. Ал, жобаны әзірлеуші немес енгізуші тұлға аталған әзірлемені өндіріске енгізген немесе қаржыландырған тұрақты жұмыспен қамсыздандыру керек. Аталған ұсынысты қажетті нормативтік актілер қабылдап, заңнамалық бекіту қажет. Сәйкесінше, бір жағынан ЖОО-ы, екінші жағынан мемлекеттік органдар мен бизнес-құрылымдардың үйлесімді белсенділігінсіз ешнәрсе толыққанды жүзеге асырылмайды [185-46б.]


Жұмысқа орналасу бойынша туандаған мәселелер қатарымен, сауалнамаға қатысушылардың ЖОО-ы аяқтағаннан кейін жас мамандардың тұрғын үймен қамсыздандырылуды қолдау бойынша жасауаптары келесі суретте бейнеленген. Атап айтсақ, сауалдаушылардың 61%-ы қолдаудың жоқтығын, 29%-ы жауап беруге қиналатындықтарын, 10%-ы иә деп жауап берген.



Сурет 15 – ЖОО-нын аяқтаған соң жас мамандарды тұрғын үй мәселесін шешудегі мемлекеттік қолдау


Ескерту – сауалнама нәтижелері бойынша автормен құрастырылған

Сонымен қатар, сауалнамаға қатысушыларға мемлекеттік білім беру тапсыры бойынша докторантураны аяқтаған соң кемінде үш жыл жоғары оқу орындарында немесе ғылыми ұйымдарда жұмыс істеп өтеуді қаншылықты деңгейде қолдайтындықтарын білу мақсатында сұрақ қойылды. Аталған сауалнама нәтижесінде 30%-ы жауап беруге қиналатындықтарын және 26% өтеудің қажет еместігін білдірді. Сауалнама барысында респонденттердің аталған сұрақ бойынша өз ойларын білдіруге сілтеме жасалған, басым көпшілігі өтеу жұмыс орындарының тарапын мемлекеттік органдар мен ұлттық компаниялар қатарымен толықтыру нұсқасын ұсынған. Сауалнама нәтижесі келесі суретте бейнеленген [186 – 366 б.].




Сурет 16 - Сіз мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білім алған азаматтардың кемінде 3 жыл жұмыс істеу өтілі талаптарын қолдайсыз ба?  
Ескерту – сауалнама нәтижелері бойынша автормен құрастырылған

Сауалнамаға қатысушылардың жоғары білім беру жүйесінде жүргізіліп жатқан реформаларды қаншалықты қолдайтындықтары туралы сұрақ қойылған, нәтижесінде 44%-ы яғни басым бөлігі жауап беруге қиналатындықтарын айтып, тек 10%-ы жүргізіліп жатқан реформаларды қолдайтындықтарын айтты.



Сурет 17. Жоғары білім беру жүйесінде мемлекетпен жүргізіліп жатқан реформаларды респонденттердің қолдау дәрежесі  
Ескерту – сауалнама нәтижелері бойынша автормен құрастырылған

Төменде нәтижесі көрсетілген, жоғары блм беру жүйесінде жүргізіліп жатқан реформаларды қолдау сұрағы бойынша сауалнамаға қатысушылардың жауаптары қанағаттанарлықсыз болды. Жалпы жоғары білім беру жүйесін мемлекеттік басқару тиімділігінің дәрежесін респонденттердің қаншалықты бағалайтындықтарын білу мақсатында кеңейтілген сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға қатысушылардың 37% ы жеткіліксіз тиімсіз, 25%-ы жауап беруге қиналатындықтарын, 24%-ы тиімсіз деп санап, тек 14%-ы қолданыстағы жоғары білім беру жүйесін мемлекеттік басқару тиімді деп жауап берді. Айта кететін жайт, мемлекеттік басқарудың тиімділігін бағалау бойынша ғылыми зерттеулер жүргізу барысында зерттеу әдістерінің бірі - статистикалық зерттеулерден айырмашылығы мөлдір деректерді беретін әлеуметтік зерттеулер болып табылады [186- 367 б.].



Сурет 18 - Елдегі жоғары білім беру жүйесін мемлекеттік басқарудың тиімділігін респонденттердің бағалауы  
Ескерту – сауалнама нәтижелері бойынша автормен құрастырылған

Жоғары білім беру жүйесін мемлекеттік басқарудың тиімділігін бағалауда сауалнамаға қатысушылардың 61%-ы төмен баға берді. Осыған орай, сауалнама жүргізу барысында бірінші кезекте қолданылуы қажет іс-шараларды ашатын, мәселелер қатары ұсынылды [186 – 367 б.].




Сурет 19 - Жоғары білім беруді мемлекеттік басқаруды жетілдіру үшін бірінші кезекте қабылданатын шаралар кешені  
Ескерту – сауалнама нәтижелері бойынша автормен құрастырылған

Жоғарыдағы суретке сәйкес, сауалнамаға нәтижесі 46%-ы ЖОО-дың ПОҚ оқытушылық жүктемесінің төмендетуін, 39%-ы ЖОО-дың ғылыми және оқытушылық құрамының жалақысы мен әлеуметтік мәртебесін арттыруды, 38%-ы мемлекеттік басқарудың ашықтығын арттыру және сыбайлас жемқорлықты жою, 29%-ы жоғары білімге инвестицияларды

ұлғайту және олардың мақсатты пайдалануына бақылауды күшейту, 28%-ы жойылған ғылым докторы ғылыми атағын қалпына келтіру, 22%-ы ЖОО-нын аяқтап, жұмысқа орналасқаннан кейін несиені кезеңмен төлеу мүмкіндігімен мақсаттық мемлекеттік жеңілдетілген несиелермен қамсыздандыру, 14%-ы мемлекет, ЖОО-ар және бизнес құрылымдардың өзара тиімді және тығыз әрекет етуді дамыту бойынша белсенді мемлекеттік қолдау саясатын жүргізу, 10%-ы ЖОО-дың философия докторы дәрежесін тағайындауда диссертацияны қорғау бойынша мамандандырылған кеңестердің дербестігі мен құқығын кеңейту, 11%-ы ЖОО-дың қаржылық және шаруашылық шешімдерін қабылдауда дербестігін кеңейту қажеттілігін айқындады.


Бұдан өзге, сауалнамаға келесі диаграммада көрсетілген академиялық ұтқырлық, халықаралық және ұлттық рейтингтердегі ҚР-ның ЖОО-дың алатын орны бойынша сұрақтар қатары қосылған. Сіздің университетіңіздегі академиялық ұтқырлықтың жүзеге асырылу дәрежесі сұрағына сауалнамаға қатысушылардың көпшілігі жағымды бағалады 56%, қанағаттанарлық деңгейін 31%-ы қойды, тек 17% -ы қанағаттанарлықсыз деп бағалады.



Сурет 20. Жоғары оқу орындарында академиялық ұтқырлықтың жүзеге асырылуының дәрежесін бағалауы

Ескерту – сауалнама нәтижелері бойынша автормен құрастырылған


Халықаралық және ұлттық рейтингтерде ҚР-ның ЖОО-ның алатын орнын бақылайсыздар ма? - деген сұраққа сауалнамаға қатысушылардың 93%-ы иә деген жауапты таңдаған. Бұл көрсеткіш қазіргі таңда жоғары білімнің сапасы мен нәтижелелегінің маңызды көрсеткіші екендігін көрсетті.



Сурет 21 - Сауалнама нәтижесі бойынша респонденттердің халықаралық және ұлттық рейтингтердегі ҚР-ның ЖОО-ның алатын орынын бақылау дәрежесі

Ескерту – сауалнама нәтижелері бойынша автормен құрастырылған

Жоғарыда айтылғандардың негізінде сауалнамаға қатысушыларды қандай негізгі көрсеткіштер қызықтырады деген сұрақ қойылды. Сауалнама нәтижесінде 36% респонденттерді білімдер экономикасының қалыптасу жағдайында маңыздылығы жоғары болып табылатын, жоғары оқу орындарының ғылыми танымдылығы болды. Қалған көрсеткіштердің ішінде көшбасшылары жұмыс берушілердің арасындағы ЖОО-дың танымдылығы (27%), оқытушылар мен студенттердің ара қатынасы (16%), шетелдік оқытушылардың үлесі (13%), ғылыми дәйексөз алынуы (6%), шетелдік студенттердің үлесі 2(%)




Сурет 22 - Респонденттерді қызықтыратын халықаралық рейтингтердің негізгі көрсеткіштері

Ескерту – сауалнама нәтижелері бойынша автормен құрастырылған

Қазақстанда соңғы жылдары дуалды білім беру (студенттер университетте теориялық білім алатын, жұмыс орнында - кәсіпорында және

т.б. практикалық білім алатын оқу) өзекті болып отыр. Дуалды білім беру кәсіби білім беру жүйесінде кәсіпорындардың тікелей қатынасы болып табылады. Сауалнама алу барысында жоғары оқу орындарында дуалды білім беруді жүзеге асыру үшін жасалуы қажет шаралар кешені туралы сұрақ қойылған. Жауаптырды қорытындылай келе ең басым көпшілігі яғни 47%-ы дуалды білім берудің заманауи бағдарламалары мен әдістерін дайындау қажеттілігін, 38%-ы мемлекет, жоғары оқу орындары және бизнес құрылымдар арасында байланысты күшейту қажеттілігін, ал қалған бөлігі нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру және ынталандыру шараларын кеңейту арасында бөлінді. Сауалнама нәтижесі төмендегі суретте толық бейнеленген.



Сурет 23 - ЖОО-да дуалды білім беруді жүзеге асыру үшін қажетті шаралар

Ескерту – сауалнама нәтижелері бойынша автормен құрастырылған


Сауалнамаға қатысушылардың жоғары білім жүйесіндегі мемлекеттік басқаруды реформалаудың қарқыны туралы сұраққа жауаптарының нәтижелері 24-ші суретте көрсетілген.



Сурет 24 - Жоғары білім берудегі мемлекеттік басқаруда реформаның қарқынын бағалау


Ескерту – сауалнама нәтижелері бойынша автормен құрастырылған

Қазақстандағы университеттердің академиялық еркіндікке дайындығы туралы сұраққа респонденттердің көпшілігі 42% ішінара жауап берді, 29% дайын және 17% жауап беруге қиналды, 12% жоқ деп жауап берді (сурет 24). Айта кету керек, академиялық еркіндік бұл білім экономикасына негізделген жаңа экономикаға көшу жағдайында, білікті кадрлар мен жаңа кәсіптерге деген қажеттілік өсіп жатқан кезде маңызды. Бүгінгі таңда жоғары білім еңбек нарығындағы қиындықтарға тез арада жауап бере алмайтындығын мойындаймыз.




Сурет 25 - Сауалнамаға қатысушылардың Қазақстандық ЖОО-дың академиялық бостандық/дербестікке дайындығының бағалауы  
Ескерту – сауалнама нәтижелері бойынша автормен құрастырылған

Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, респонденттерден дербестікке қол жеткізудің ең проблемалық бағыттарын таңдауды сұралды, респонденттердің пікірінше, 45% бюджеттік/қаржылық жауапты таңдады, бұл қазақстандық университеттер қаржылық автономияға әлі дайын емес дегенді білдіреді. Респонденттердің 36% -ы автономияға қол жеткізудегі проблемалық бағыттардың бірі - бұл нормативтік-құқықтық база нұсқасы болған. Сауалнама нәтижелері 26 суретте көрсетілген.




Сурет 26 - Сауалнамаға қатысушылардың пікірінше автономияға қол жеткізудің проблемалық бағыттары  
Ескерту – сауалнама нәтижелері бойынша автормен құрастырылған

Қазақстан Республикасының жоғары білім беру жүйесі нарықтың сұранысына жауап бере ме деген сұраққа респонденттердің жауаптары төмендегідей бөлінген. Респонденттердің 43% -ы Қазақстандағы жоғары білім беру жүйесі еңбек нарығының қажеттіліктерін ішінара қанағаттандыратынын айтты. Қалған 23% -ы оны толығымен жауап береді деп санайды, 18% жауап беру қиын, ал 15% -ы жоқ деп жауап берді.



Сурет 27 - Сауалнама бойынша Қазақстандық жоғары білім беру жүйесінің еңбек нарығының талаптарына жауап беру деңгейі, %  
Ескерту – сауалнама нәтижелері бойынша автормен құрастырылған

Сонымен қатар, жүргізіліп отырған сауалнама бойынша толыққынады ақпарат жинау мақсатында сауалнама парағына жоғары білімді тиімді мемлекеттік басқарудың түйінді элементтерін көрсету сұралды (28-ші сурет).



Сурет 28 - Жоғары білімді тиімді мемлекеттік басқарудың түйінді элементтерін




Ескерту – сауалнама нәтижелері бойынша автормен құрастырылған

Нәтижесінде басым бөлігі, яғни 38%-ы жоғары білім беру жүйесінің ұлттық даму стратегиясының және оған ілеспе заңнамалық база, 36% жоғары білім берудің сапасы мен жауапкершілігі, 29%-ы жоғары білім мен ғылымға жауапты мемлекеттік органдардың құрылымы мен әлеуеті, ал қалған бөлігі ЖОО-дың дербестігі, ЖОО-ды қаржыландыру көздерін әртараптандыру, студенттерді қаржылық қолдау элементтері арасында інішара бөлінді.

2020 жылдың басында бүкіл әлемді COVID-19 пандемия есеңгіретті. Салдарынан жүргізілген локдаун әдеттегі тұрмыс дәстүрді төңкеріп, экономиканың барлық салаларына әсер етті. Қоғамдық, кәсіптік және жеке өмірдің көптеген салалары аяққа тұрып қана қоймай жаңа шынайылыққа төзіп бергендігі таңғаларлық жағдай. Қазіргі таңда пандемия артта қалғанда біз басқаша пайымдаймыз. Жоғары білім беру жүйесін жаһандық масштабта пандемия қатты әсер еткен салалардың бірі деп батыл айтуға болады. Бұдан өзге, жоғары білім беру жүйесі оқу және басқару үрдісін онлайн форматқа ауыстыруға ішінара дайын болған салаларының бірі болды [186- 371 б.].


Бірақ, сауалнама нәтижесінде ары қарай жан-жақты қарастырылатын мәселелер қатарыда туындады. Жалпы, жоғары білім беру жүйесінің халықаралық деңгейінде пандемия білім беруді интернациаландыру, ғылыми зерттеулер, заңнама, білім беруді ұйымдастыру қаржыландыру сынды бағыттарға әсер етті. Бұл тенденциялардың барлығы жоғары білім беру бағдарламаларына теріс әсерін берді. Халықаралық, ұлттық және институционалдық деңгейлердегі болып жатқан өзгерістерге жоғары білім беру жүйесінің жоғары сезімталдығына орай болашақта орын алуы мүмкін жағымсыз жағдайлардың алдын алу үшін қажетті ақпаратпен қамсыздандыру мақсатында бірқатар жауаптар қатары қалыптасуда. Жоғарыда жүргізілген әлеуметтік диагностикалау 2019 жылдың соңында және 2020 жылдың басында жүргізілген. Осылайша, 2021 жылдың басында пандемия салдарының жоғары білім беру жүйесіне тигізген салдарын анықтау мақсатында әлеуметтік диагностикалаудың екінші сатысын жүргізуге бел будық. Сауалнамаға онлайн қабылдау, ағымдық және қорытынды аттестациялау, академиялық алмасулар және пандемия уақытындағы оқытушыларға көмек сынды сұрақтар қосылды. Сауалнама парағы COVID-19 пандемияның жоғары білім және магистратура секторына әсері: халықаралық, ұлттық және институционалдық жауаптары аналитикалық материалдар мәліметтерінің әдіснамасына сәйкес жасалған [187]. Сауалнама парағының сұрақтары 3 қосымшасында бейнеленген.

Сауалдау нәтижесінде Қазақстанда пандемия уақытында қашықтықтан білім беру формасына толық өту, абитуриенттер санының төмендеуі, халықаралық серіктестіктің әлсіреуі, академиялық алмасулардың тоқтатылуы, ғылыми зерттеу мерзімдерінің бұзылуы және т.с.с. ЖОО-ы қандай сын-қатерлерге тап болғандығы туралы ақпарат келесі суретте бейнеленген



Сурет 29 - Пандемия уақытында ЖОО-ы тап болған сын-қатерлер  
Ескерту – сауалнама нәтижелері бойынша автормен құрастырылған


Сол сияқты сауалдау нәтижесінде университеттер студенттер мен оқытушалар үшін өзекті өзгерістер туралы ақпаратты жүйелі түрде жіберіп отырғандығы анықталды (сурет 30). Айта кететін жайт, абитуриенттерге белгісіз уақыт аралығына халықаралық емтихандарды шегеру (IELTS, GMAT, TOEFL және т.б.), бакалавриат және жоғары білімнен кейінгі білім алушылардың қорытынды емтихандарының жүргізілуі түсініксіз болуына орай әбігерлік жағдайлар орын алды. Осыған орай, ЖОО-ы өздігінен немесе министрлікпен ақылдасу арқылы студенттерді қабылдау және бітіру емтихандары туралы шешім қабылдауға мәжбүр болды. Көптеген университеттер оқуға қабылдау үрдісін жеңілдетіп, түсу емтихандарын жеңілдетуге тырысты. Сонымен қатар көптеген ЖОО-ы қорытынды емтихандар мен оқу аяқтау бойынша жұмыстарды қорғауды онлайн форматта жүргізді.



Сурет 30 - ЖОО-мен ақпарат алмасу деңгейі  
Ескерту – сауалнама нәтижелері бойынша автормен құрастырылған

ЖОО-ы үшін тағы бір сын-қатер студенттермен байланысты ұйымдастыру болды. Жүргізілген сауалдауға сәйкес, студенттер курстастары мен оқытушылармен тікелей тілдесу мүмкіндігінің болмуынан күйзеліске ұшырады, сондықтан олар үшін коронавирус жағдайы туралы және осыған орай оқу үрдісіндегі өзгерістер туралы тұрақты объективті ақпарат алу маңызды болды. Сауалдауға сәйкес


студенттер сырттай цифрлық платформалар (Zoom, ұлттық ашық платформа және т.б.) арқылы, университеттік цифрлық платформалар (Platonus, Tamos) және аталған платформалармен қатар студенттер өзгеде мессенджерлер (WhatsApp, Telegram және т.б.). арқылы ақпарат алмасуды қалайтындығы анықталған (сурет 31).



Сурет 31 - Пандемия уақытында студенттер ЖОО-ымен байланысу үшін пайдаланылған әлеуметтік желілер

Ескерту – сауалнама нәтижелері бойынша автормен құрастырылған


Пандемия уақытында жоғары және жоғары оқу орынан кейінгі білім берудің жаңа бағдарламаларын жоспарлау барысында сөзсіз шетелдік студенттер мен шетелге оқуға шығуды жоспарлаған студенттердің пікірін ескеру негізгі құралға айналды. Осылайша, жүргізілген сауалнама студенттердің шетелде білім алуға қызығушылықтарының жоғары деңгейін көрсетті, бірақ оларға пандемия уақытында оқуға түсу бойынша үрдістердегі өзгерістер туралы ақпарат қажет екендігі айқындалды. Сауалдауға сәйкес, шетелдік студенттерді тарту үшін ЖОО шетелдік абитуриенттерге оқуға түсу үрдісін жеңілдеткен. Олар оқуға түсу емтихандарын онлайн форматта қабылдау, шетел тілі бойынша емтихандар қабылдау және т.б. (сурет 32)



Сурет 32 - Пандемия уақытындағы шетел студенттерін қабылдау бойынша қолданылған іс-шаралар мен шетелде білім алу бойынша студенттердің жоспарлары


Ескерту – сауалнама нәтижелері бойынша автормен құрастырылған

Шетелдік студенттерді тарту үшін ЖОО абитуриенттер үшін онлайн іс-шараларды, вебинар мен жәрмеңкелер ұйымдастыруды арттырған. Университтер абитуриенттермен байланысты орнату үшін онлайн форматтарды пайдаланылудың маңыздылығына қатты көңіл аударды (сурет 33). Мысалы, академиялық ұтқырлықтың төмендеуі магистратура бағдарламаларына қатты әсерін тигізді, яғни шетелдік студенттердің басым бөлігі түсетін магистратура бағдарламалары Ұлыбританиялық, Германия, Эстониялық Study-In порталы мен жаңалықтар порталының статистикалық мәліметтері. Бұл университеттердің басым бөлігі ағылшын тіліндегі мегистерлік бағдарламаларды ұсынумен байланысты. Нәтижесінде болашақта ЖОО-дың министрлікпен бірге жинақталған тәжірибе қорытындыларына сай интернацияландыру стратегиясын қайта қарастыру керек.



Сурет 33 - Абитуриенттерді тарту үшін маңызды онлайн форматтар  
Ескерту – сауалнама нәтижелері бойынша автормен құрастырылған

Пандемия уақытындағы серіктес-ЖОО-ымен серіктестік үшін жаңа платформалардың дамуы мен виртуалды ұтқырлықты дамыту саласы интернацияландыру бойынша пайдалы жағдайда болды. Көптеген университеттер өздерінің серіктестігін онлайн форматқа ауыстырып, басым көпшілігі тұрақты байланыс, мәселелер мен міндеттерді бірлесіп шешу және барлық жақтарға тиімді шешімдерді іздеу үшін цифрлық орта жағдайында өзара қарым-қатынастың жаңа формаларын іздестірді. Осы орайда, сауалнама нәтижелеріне сәйкес пандемияның ЖОО-дың жеке аспектілеріне тигізген жағымды әсері келесі суретте бейнеленген.



Сурет 34 - Пандемияның ЖОО-дың жеке аспектілеріне жағымды әсері


Ескерту – сауалнама нәтижелері бойынша автормен құрастырылған

Сонымен қатар, сауалдау нәтижелері бойынша пандемия уақытындағы жоғары білім беру жүйесіндегі дағдарыстан шығу үшін үкіметпен қолданылуы қажет іс-шаралар әлеуметтік тұрмысы төмен отбасынан шыққан студенттерге көмек көрсету (интернет желілерін жүргізу, ноутбуктер беру және т.б.), дәстүрлі білім беру форматына өту бойынша механизмдерді жетілдіру және т.с.с. іс шаралар кешені туралы мәліметтер жинақталған (сурет 35). Осылайша, сауалнамаға қатысушылардың басым бөлігі студенттерге көмек көрсету (интернет желілерін жүргізу, ноутбуктер беру және т.б.) қажет екенін айтты.



Сурет 35 - Пандемия уақытындағы жоғары білім беру жүйесіндегі дағдарыстан шығу үшін үкіметпен қолданылуы қажет іс-шаралар  
Ескерту – сауалнама нәтижелері бойынша автормен құрастырылған

Локдаун уақытында ҚР Білім және ғылым министрлігімен (қазіргі таңда ҚР ғылым және жоғары білім министрлігі) онлайн форматта білім беру үшін сәйкес нормативтік актілерді дайындау бойынша ЖОО-ға ұсыныстар жасау болды. Шетел студенттерін тарту үшін білім берудің ұлттық министрліктері мен шетел жұмыстары бойынша министрлікпен даярланған StudyIn порталдарында шетелдік студенттер үшін оқуға түсу үрдісіндегі өзгерістер туралы ақпараттар жарияланды. Осыған орай жүргізілген сауалдауға қатысушылар пандемия уақытындағы оқу үрдісін ұйымдастыру бойынша ҚР БҒМ және ЖОО-дың жұмысын жақсы бағалады (сурет 36) [186– 374 б.].



Сурет 36 - Сауалдау нәтижесі бойынша пандемия уақытындағы ЖОО-ы мен ҚР БҒМ-нің жұмыстарының бағалауы  
Ескерту – сауалнама нәтижелері бойынша автормен құрастырылған

Бірақ, пандемия кезінде ақпаратты жылдам жаңартылмаған аз ақпараттандырылған порталдар қатарында ҚР БҒМ болды. Сауалнама нәтижесі жоғары оқу орындардың басым бөлігі білім берудің онлайн форматына ауысқандығын, көптеген ЖОО-да осы коммуникацияны ұйымдастыру үшін парапар инфрақұрылымның жоқтығын, ЖОО-да оқуға қабылданатын студенттердің санының азаюы күтілетіндігі (шетелдік, отандық), анықталды, бұл жағдайларға қарамастан, бірқатар ЖОО-ы білім берудің онлайн форматына ауысқанда ақпараттық қолдау көрсеткен Білім және ғылым министрлігімен ақылдасты, бірақ, көптеген ЖОО-на мемлекеттік қаржылық қолдау көрсетілген жоқ. Тағы бір пандемияның жоғары білім беру жүйесіне тигізген салдары серіктестік болды. Егер бірқатар серіктестік байланыстар әлсіресе, бірқатарында күшейе түсіп, ЖОО-дар академиялық ұтқырлықтың виртуалды форматын жүзеге асыру, оқытушылар мен студенттер арасында онлайн ақпарат алмасу сияқты заманауи форматтарға қол жеткізді. Сонымен қатар, ЖОО-дың ПОҚ-ы онлайн білім берудің келесідей сын-қатерлерін ажыратты: толыққанды онлайн сабақ өткізу үшін университеттер мен студенттердің үйіндегі жеткіліксіз инфрақұрылым, онлайн сабақ өткізу үшін оқытушылардың төмен біліктілігі, бірқатар пәндердің онлайн форматта жүргізу мүмкіндігінің жоқтығы (мысалы: медицина, химиялық технология және т.б.), онлайн емтихандарды ұйымдастыру, академиялық ұтқырлық тоқтатылды, халықаралық ғылыми конференциялар кейінге шегерілді, көптеген ұлттық және халықаралық сипаттағы жобалар уақытында аяқталмады және т.б.

Жалпы біз жоғары білім беру жүйесін мемлекеттік басқарудың тиімді немесе тиімсіздігі, оңтайлы немесе оңтайсыздығы туралы көп айтуға болады. Сәйкесінше, тиімді басқару басқару механизмдері мен жүйесінің сәйкестігі мен әдіснамалық анықтығының икемді нұсқасы табысты болатындығы сөзсіз. Осы орайда келесі тарауда білімдер экономикасының қалыптасу жағдайында ҚР-ның жоғары білім беру жүйесін мемлекеттік басқаруды жетілдіру жолдарын ұсынамыз.

### **3 БІЛІМДЕР ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ЖАҒДАЙЫНДА ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЖОҒАРЫ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІН МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУДЫ ЖЕТІЛДІРУ**

#### **3.1 Жоғары білім беру жүйесін мемлекеттік басқаруды жетілдірудің ұйымдастырушылық механизмдері**

Жоғарыда атап өткеніміздей, біріншіден, еліміздегі жоғары білім беру жүйесін мемлекеттік басқару мемлекеттік регламенттеу мен әкімшілік іс-шаралардың басымдықтарымен сипатталса, екінші жағынан, мемлекеттік шешімдер жоғары білім беру жүйесінде құқықтық, әкімшілік және қаржылық қолдау және оның тиімді қызметі үшін сыртқы жағдайларды жақсартуға бағытталған. Жоғары білім беру жүйесінің басқару үрдісін жетілдіруді

қарастыра отырып, жетілген жоғары білім беру жүйесін мемлекеттік басқаруды қалыптастыру және білімдер экономикасының жағдайында жоғары оқу орындарының қызметінің сапасын арттыру үшін жаңа-заманауи тәсілдерді әзірлеу мемлекеттің бірінші кезектегі міндеті болып отыр. Осылайша, аталған жұмыстың 2-ші бөліміде бейнеленген, осы жұмысты жазуға түйткі болған негізгі аспектілер бойынша қоғамдық пікірді зерттеу және зерделеу жоғары білім беру жүйесін мемлекеттік басқару механизмдерін жетілдіру бойынша ұсыныстар қатарын жасауға негіз болды. Әсіресе, сауалнама нәтижелерінің қорытындысына сәйкес, жоғары оқу орындарының академиялық дербестігі аса назар аударды.

Реформалау сатысындағы қазақстандық жоғары оқу орындары шетелдік тәжірибеде бастан өткергендей, академиялық дербестікті барынша енгізу жолында көптеген проблемаларға жолықты. Атап айтсақ, академиялық дербестікке толыққанды қол жеткізуді тежеуші факторларға ЖОО мен құзыретті органдар тарапынан әртүрлі түсініктеме берілуі және оның білім беру жүйесінде шектеулі қолданысы, ұлттық деңгейде жоғары және жоғары білімнен кейінгі білім беру жүйесіндегі жиі заңнамалық өзгерістер енгізілуі, сол сияқты жоғары білімнің жаһандық массовизациясы мен утилиратизациясын айтуға болады. Қазақстанның менталдық ерекшелігін ескере отырып біздің қоғам академиялық дербестікті көп жағдайда Болон үрдісінің негізгі элементі ретінде, академиялық ұтқырлықты күшейту ретінде қабылдайды. Академиялық дербестікке берілген түсініктемелік ұғымдардың әр кезеңге және елге тән сан алуан анықтамасы көп. Ең нақты және кең мағынаны «Академиялық бостандық және университеттік дербестік» Лим декларациясында берілген. Аталған декларацияда ЖОО-дың академиялық дербестігі – бұл өзінің білім беру саясаты, ғылыми зерттеулер және өзге де ұқсас қызметтерді жүзеге асыруда бостандық және оның ішкі әкімшілік басқару, қаржылық басқару бойынша шешім қабылдауда мемлекеттік, өзгеде қоғамдық және саяси күштерден дербестігі деп түсіндірілген [188]. Біздің ойымызша бұл академиялық дербестікке берілген кең мағыналы ұғым деп білеміз.

2018 жыл ЖОО академиялық және басқарушылық дербестікті кеңейту мәселелері бойынша ҚР-ның Заңнамаларына оқу жылының ортасында күшіне енген бірқатар нормативтік-құқықтық актілер қатарына маңызды өзгерістер енгізіліп, көптеген ЖОО түсініспеушілікке шалдықтырып ҚР-ның ЖОО-ы үшін «бетбұрысты жағдай» болды. ЖОО дербестік берілгендігіне іспеттес болғанымен құқықтық актілердің талдауы ғылым, материалдық-техникалық база, жұмысқа орналасу көрсеткіштері, ПОҚ ғылыми дәрежесінің деңгейі, аккредиттеу және т.б, секілді негізгі мәселелерді ҚР ҒЖБМ өз құзіреттілігінде қалдырды. Мүмкін мұндай жағдай 2017-2018 жылдары Президенттің білім сапасын арттыру мәселелеріне орай бірнеше мәрте ден қойды, соның ішінде біліктілік талаптары мен стандарттарға сәйкес келмейтін ЖОО лицензиядан айыру, ЖОО трансформациясы және

олардың Назарбаев Университетінің деңгейіне дейін жеткізу, сонымен қатар ЖОО қойылатын талаптарды күшейту қажеттілігі болып табылады.

Дегенмен, қазіргі таңда өзекті мәселелердің бірі болып отырған академиялық дербестік жолында бірқатар қиыншылықтар орын алуда. Атап айтсақ, 2.3. тараудағы сауалнама нәтижелеріне сүйенсек автономияға қол жеткізудің ең басты кедергілердің біріншісі бюджеттік/қаржылық, бұл қазақстандық мемлекеттік университеттер қаржылық дербестікті шектесеуді білдірсе, екіншісі, нормативтік-құқықтық базаның әлі де болса шикілігі. Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарына дербестік берілгенімен, нормативтік құқықтық актілерге нақты өзгертулер мен толықтырулар әлі болса да толыққанды енгізілмеген, бұл дербестік барысында қазақстандық ЖОО нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру проблемасымен бетпе-бет келді деп болжайды. Жаңартылған заңнама ЖОО-басқару жүйесі, білім беру бағдарламаларының мазмұнына, білім алушылардың үлгерімін бағалау жүйесіне оқуға қабылдау, магистранттар мен докторанттардың ғылыми жетекшілігіне қойылатын талаптарға сапа жүйесіне және т.б. жаңа талаптар қойды.

Дербестік барысындағы алғышқы маңызды қадамдардың бірі мемлекеттік ЖОО-да қамқоршылық кеңестерін құру туралы ҚР БҒМ-нің шешімі болды. Қамқоршылық және Қадағалаушы кеңестер жоғары рейтингке ие шетелдік университеттердің басқарушылық құрылымының ажырамас буыны. Корпоративтік басқару жүйесі Қадағалаушы кеңестер арқылы жүзеге асырылып, ЖОО-дың барлық қызметінің мөлдірлігі мен академиялық бостандығын қамтамасыз ету бойынша шешім қабылдайды. Қазіргі таңдағы отандық тәжірибені талдау Қадағалау кеңестерінің құрамына ғылым, бизнес-құрылым, лауазымды қоғамдық-саяси ұйымдар, мемлекеттік мекемелер мен жергілікті биліктің басқару органдары кіргендігін көрсетті [189]. Бұл жағдай университеттің ашықтығын қамсыздырып қана қоймай, қазіргі таңда ЖОО-да сұранысқа ие ғылыми жобаларды жүзеге асыру және дамуы үшін қосымша инвестициялар тартуға мүмкіндік берді. Бірақ, Қазақстандық ЖОО-дағы Қадағалау кеңестерінің жұмысының тиімділігі туралы айту әлі болса да ерте, себебі аталған тәжірибе ерте енгізілген ұлттық университеттерді қоспағандағы өзге университеттердегі Қадағалау кеңестерінің жұмысы әлі болса да аз. Жоғарыдағы сауалнама жауаптарына сәйкес, ЖОО-дың табыстылығының маңызды критерийі оның қаржылық дербестігі болып табылады. Ал, қаржылық дербестік негізінен ерікті салымдар есебінен қалыптасатын және Қадағалау кеңесінің және эксперттермен анықталатын сауатты инвестициялық саясат арқасында арттырылатын Эндаумент-қорлармен қамсыздандырылуда. Әлемдік тәжірибеге сүйенсек, эндаумент қорлар жоғары білім беруді қаржыландырудың кең таралған құралы болып табылады. Атап айтсақ, Sovereign Wealth Fund Institute (SWFI) әзірленетін алпауыт эндаумент қорларының ондығындағы сегіз эндаумент қорлары білім беру құрылымының яғни Стэнфорд, Принстон, Йел, Гарвард және Массачусетсе (MIT) университеттеріне тиесілі [190]. Алпауыт ЖОО-дың



эндаументтерінің көлемі ондаған миллиард долларға тең және университеттерде эндаумент қорларынан мақсаттық білім беру және зерттеу бағдарламалары жүзеге асырылып қана қоймай, тұрақты шығындардың өзгеде бағыттары, белгілі бір зерттеу тақырыбын қолдау немесе жекелеген студенттер тобына қолдауды (табысы төмен отбасынан шыққан студенттерге), ғалымдарды қамсыздандыру үшін жүзеге асырылады. Шетелдік тәжірибеде эндаумент қорларының көлемінің кеңеюінің маңызды шарты қорлар мен донорлардың салықтық реттеуі болып табылады. Атап айтсақ, АҚШ-та ірі қорларды қоспағандағы эндаумент қорларының басым бөлігіне капитал өсімі мен инвестициялаудан табысқа салық салынбайды, тек қор көлеміне төменгі шегі ең төмен деңгейдегі он мың доллар деңгейінде шектеулер қойылып, қызмет ету мерзімі шектелмейді және құрылтайшылардың жеке құралдарын қолдануға шектеу қойылмаған. Осылайша, қазақстандық ЖОО-дың эндаумент қорларының қатысушыларының қолданыстағы нормативтік заңнамасы яғни қайырымдылық қызмет туралы, ЖОО-ы үшін мақсаттық капитал қорлары туралы нормалар аталған қорларды қаржыландырудағы ұзақ мерзімді ынталандыруды қалыптастыру үшін жеткіліксіз деп ойлаймыз. Соңғы уақытта эндаумент қорлар үкімет деңгейінде ЖОО-дың дамуының құралы ретінде қарастырылғанымен, эндаумент қорларды ЖОО-дың қаржыландырудың тұрақтылығын арттыру және басқаруды жетілдіру бойынша бағыттар қатарына енгізіліп, ЖОО-да тәуелсіз Қамқоршылар кеңесін құрып ЖОО-ның активтерін сенімгерлік басқаруға берудің өзге бағыттар қатарына енгізген жөн. Нәтижесінде, Эндаумент-қорлар мақсаттық капитал қорлары, ЖОО-дың активтерін сенімгерлік басқару бойынша жеке заңнама қабылданып, ынталандыру іс-шаралары соның ішінде салықтық жеңілдіктер туралы ережелер қабылдану қажет деп есептейміз. Аталған мәселе тиімді жоғары білім беру жобаларын қолдау үшін жағдай туғызып, сонымен қатар, жоғары білім беру нарығында шынайы бәсеке құрып, стандарттарды қатаңдатусыз білім беру қызметінің сапасының өсіміне әкелетіндігіне кәміл сенеміз.

Дербестік жолында ЖОО-дың өзін-өзі танытудың жүзеге асырылатын, білім беру бағдарламаларының дайындалу және жүзеге асырылуы өзекті болып табылады. Нақты, білім беру бағдарламалары мен оның танымалдығы ЖОО-ның білім беру қызметінің тұтынушылары алдындағы тартымдылығын қамтамасыз етеді. Бірегей оқу бағдарламасын жасау білім беру бағдарламаларын жасау және жүзеге асыру үрдісінде қатаң нормативтік-құқықтық актілермен шектеуді шешетін, тек толық академиялық дербестік жағдайындағы ғана қалыптастыруға болады. Дербес университетте оқу жылының басталу және аяқталуын өздігінен анықтауға, білім алушыларды қайта қабылдау және ауыстыру ережелерін әзірлеуге, педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлауды жүзеге асыру, білім беру бағдарламаларын өздігінен бекіту тәуелсіздігіне ие болғанымен, қазіргі таңдағы қазақстандық ЖОО-ның академиялық дербестігі Жоғары және

жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 13 қазандағы № 569 бұйрығымен шектелген [191]. Атап айтсақ, ЖОО-ы білім беру қызметін сыныптаушыда бейнеленген мамандықтар бойынша ғана жүзеге асыруға құқылы және мамандық шеңберінде траектория бойынша түрлі білім беру бағдарламалары анықталғанмен, түлектер Сыныптаушы мамандықтары бойынша диплом алады. Бұл жағдай қазіргі таңда академиялық дербестікті кеңейту барысындағы іс-шаралар қатарында қайта қарастырылып, жүйеге келтіріліп жетілдірілуі қажет деп есептейміз. Сонымен қатар, қазіргі таңда Дәрежелерді беру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 127 Бұйрығына сәйкес, Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежелерін беру ҚР ҒЖБМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің құзыреттілігінде, академиялық дербестікті кеңейту аясында аталған дәрежелерді тағайындау ЖОО-дың құзыреттілігіне берілу мүмкіндігі қажет деп есептейміз;

Академиялық дербестікті шектейтін тағы бір мәселе шешуші факторы ҰБТ, КТ болып табылатын бакалавриат және де мемлекетпен магистратура, докторантура бағдарламаларына қабылдау үрдісі НҚА-лерге сәйкес деңгейде регламенттелуі. Тіпті жекеменшік жоғары оқу орындары білім беру бағдарламаларына абитуриенттерді іріктеу критерийлерін дербес белгілеу құқығынан айырылған. Біздің ойымызша, егер студент жеке құралдар есебінен немесе жұмыс берушілер есебінен білім алатын болса, оқу орнынан абитуриенттерді іріктеу және қабылдау механизмін анықтауға еркіндік берілуі қажет. Осылайша, жоғарыда көрсетілген дербестікке толыққанды қол жеткізу жолындағы кедергілер ЖОО-дың дербестігі мен басқарушылық тәуелсіздігі оның қызметінің нәтижелілігіне тікелей әсер етеді. Білімдер экономикасында ЖОО-дың қызметінің тиімділігінің деңгейі оның дербестігінің деңгейімен анықталатындығы туралы жоғарыда айтылған.

Қазіргі таңда Қазақстанда мемлекетпен ЖОО-дың дербестігін кеңейту барысындағы жоғары білім беру жүйесін реформалау бойынша іс-шаралар белсенді жүргізіліп жатқандығына қарамастан, тікелей және жанама механизмдер арқылы мемлекеттік және қоғамдық қызығушылықтардың тепе-теңдігін сақтау және ЖОО-дың қызметіне мемлекеттің араласуының минимизациялау жүзеге асырылып жатқан реформалардың табыстылығының кепілі деп білеміз. Бұл механизмдер жоғары оқу орындарын мемлекеттік бақылауды автоматтандыруды жүзеге асыруға әкелді. Заманауи қоғамда мемлекеттік басқаруды жетілдірудің маңызды аспектісі қоғамның барлық салаларында цифрлық технологияларды енгізу болып табылады. Жоғарыда айтып өткеніміздей №483 2020 жылдың 31 желтоқсанынан «ҚР кәсіпкерлік қызмет саласында жаңа реттеу саясатын енгізу бойынша іс-шаралар туралы» ҚР Президентінің қаулысына сәйкес, жоғары білім беру жүйесінде белсенді жүзеге асырылып жатқан қатаң тексерістен алдын алу іс-шараларына өту

аясында тәуекелдерді бағалау және басқарудың автоматтандырылған жүйесі енгізілуде [192]. Бұл жүйеге сәйкес, ақпараттық жүйелерді қолдану негізінде тәуекелдерді басқаруды енгізу, мүшелік қатысуынсыз тексеріс кестесін және тізімін әзірлеу, сонымен қатар 30%ға дейін реттеу талаптарын қысқарту қарастырылған. Аталған жүйе болашақта заңға бағынушы кәсіпкерлерге яғни ЖОО-ға әкімшілік қысымды төмендете отырып, бақылау органдарының назарын проблемалы субъектілерге бағыттауға және реттеуге мүмкіндік береді. Ағымдағы кезеңдегі ЖОО мемлекеттік бақылау тәуекелдерді бағалау және тізім, келіп тексерумен профилактикалық бақылау негізінде ҚР-ның еңбек заңнамасы сақталуының тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары мен тексеру парақтарына сәйкес жүзеге асырылуда. Ағымдағы жағдайдағы ЖОО мемлекеттік бақылаудың үлгілік сызбасы төменде бейнеленген (37-ші сурет).



Сурет 37. Ағымдағы жағдайдағы жоғары оқу орындарын мемлекеттік бақылаудың үлгілік сызбасы

Ескерту – зерттеу нәтижелері бойынша автормен құрастырылған

Ағымдағы жағдайда ҚР Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес тексеріс парағының жеке тармақтарына сәйкес, егер шағымдар мен өтініштер, заң бұзушылық анықталу негізінде әкімшілік іс қозғалу жағдайында кезектен тыс келіп тексеру арқылы кемшіліктер жойылмаған жағдайда лицензиядан айыру шарттары қарастырылған. Мемлекеттік бақылауды ырықтандыру бойынша бірқатар іс-шаралар оңтайландыру жүзеге асырылуда. Осылайша, ҰБДҚ-ның мәліметтерінің шынайылығы, теріс шешіммен аккредитациялау нәтижесі, ЖОО-ына үздіксіз қабылдау жүргізу, ҰБТ ұйымдастыру, шағымдар мен өтініштер, БАҚ-да келеңсіз жариялымдар және т.с.с. жаңаша тәуекелдерді

бағалау критерилері анықталып, білім алушылар контингенті, лицензияның болуы, ғылыми дәрежесі бар ПОҚ болуы, медициналық қызмет және тамақтану орындарының болуы, ҰБТ сертификатынсыз оқуға қабылдау және т.б. тәуекелдерді бағалау шеттетілген.

Елімізде аталғандардың жүзеге асырылуының механизмдердің бірі аккредитациялау құралдары арқылы қарастырылған. Шын мәнінде жоғары білім беру жүйесін мемлекеттік басқару ЖОО қойылатын бекітілген талаптар негізінде жүзеге асырылады. Қазіргі таңда ЖОО барлық ішкі құжаттары ҚР ҒЖБМ қойылатын талаптар мен бағыттарды ескеру арқылы әзірленуіне орай жеке меншік ЖОО дербес стратегиясы мен саясатын анықтау үшін ынталандырушы тетіктер жоқ. Жоғары білім беру жүйесін мемлекеттік басқару мемлекеттік емес яғни, аккредитация секілді үрдістерді қолдану арқылы жүзеге асырылады. ҚР-ның «Білім туралы» Заңының 9-1 бабына сәйкес аккредиттеу ЖОО-дың шешімімен ерікті түрде жүзеге асырылады делінген. Дегенмен заңнамалық тұрғыда ерікті аккредиттеу өзге тармақтардағы аккредиттеуге қатысты ЖОО-дың қызметіне шектеулер қойылған. Атап айтсақ, аккредиттеу ерікті болғанымен, аккредиттеуден өтпеген жағдайда жоғары білім беру ұйымы білім беру бағдарламасына мемлекеттік тапсырыс бойынша білім беру гранттары бойынша мемлекеттік қаржыландыруға қатыса алмайды және диплом бере алмайды. Яғни тағыда ЖОО аккредитациялаудан өту қажеттілігін дербес анықтауға мүмкіндік берілмеген. Айта кететін жайт, аккредиттеу ақылы түрде жүзеге асырылады және ЖОО қомақты қаржы жұмсайды. Мысалы, бұл қаражатқа ЖОО материалдық базасын күшейтуге, жоғары жалақымен ПОҚ ынталандыруға және т.б. сапа мен ынталандыруды арттыруға бағыттар еді.


Сонымен қатар, аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі IAAR 2014 жылдан бастап Қазақстан Республикасының «ЖОО талап етуінің ұлттық рейтингі» өткізеді. Аталған рейтинг Қазақстан жоғары оқу орындарының Бас рейтингі «ТОП-20», Қазақстан Жоғары оқу орындарының ВА, МА және PhD деңгейлері бойынша кадрлар даярлау бағыттары бойынша рейтингі, ВА, МА және PhD деңгейлері бойынша білім беру бағдарламаларының рейтингі және Қазақстанның «ТОП-50» ЖОО оқытушыларының рейтингілерінің білім беру бағдарламаларын сандық саралауын жүзеге асырады. Аталған саралауға Қазақстандық жоғары оқу орындары беделді орын иелену үшін күрделі іс-шараларды жүзеге асырады. Рейтинг нәтижелері жыл қортыныдысы бойынша агенттіктің ресми сайтында жарияланады. Бірақ, Қазақстандық ЖОО-ның аталған рейтингтердегі орны мемлекеттік басқару немесе қолдау бойынша нормативтік құжаттарда ескерілмейді. Аталған жағдаяттар ЖОО-ы ынталандыру тетіктерін жүзеге асыруға шектеу қояды. Қазіргі таңда қатаң мемлекеттік бақылаудан тәуекелдерді басқаруға өтуге қарамастан жоғары білім беру жүйесінде ЖОО-ын мемлекеттік ынталандыру тетіктері әлі де іске қосылмаған. Сонымен қатар, аккредиттеудің мөлдірлігін қамтамасыз ету үшін объективтілік, ашық ақпаратқа қол жетімділік және коррупцияның алдын алатын заманауи

цифрлық технологияларды қолдану жөн деп есептейміз. Сол сияқты аталған нормативтік құжаттардың жүзеге асырылуы барысында жоғары білім берудің шамадан тыс коммерциаландырылуы анықталған. Аталған жағдай қандай да болмасын мекеме немесе кәсіпорынның коммерциялық қызығушылығы қоғамның әлеуметтік қажеттіліктерімен үнемі келіспеушілігімен орай қоғамның көп қабаттары үшін жоғары білімнің қол жетімділігі күмән туғызады. Нәтижесінде білім беру сапасына талаптарды күшейтуге бағытталуы қажет жоғары оқу орындары жүйесіндегі салауатты бәсеке үшін жасалған жағымды жағдай өкінішке орай жалпы экономикалық жағдай, ЖОО-дың қаржылық тәуелділігі заманауи жағдайларда Қазақстанның ЖОО-ын реформалау үшін кедергі болып отыр.

ЖОО-ға деген біліктілік талаптарында қойылатын жоғары талаптар өңірлік ЖОО жағдайын жыл сайын нашарлатуда, себебі жеке меншік ЖОО бюджеті білім алатын контингент санынан қалыптасады, ал өңірлерде халықтың көшіп кетуі белең алуда нәтижесінде ЖОО жас және перспективалы ғалымдары жоғары жалақы мен болашақтағы перспектива мақсатында қызмет етуге мегаполистерге жер ауыстыруда. ЖОО білім беру үрдісіне деген қатаң талаптармен қатар мысалы, оны мемлекеттік бақылау тізімінен алып тастау немесе автоматты түрде аккредиттеу мерзімдерін ұзарту мақсатымен белгілі бір көрсеткіштерге қол жеткізу үшін ынталандыру тетіктері мүлдем жоқ. Жоғары білім беру жүйесін мемлекеттік және мемлекеттік емес басқару әдістері министрліктік ЖОО-ы және аккредиттеу органдарын қатар бақылауына әкелді. Жоғары және жоғары оқудан кейінгі білім беру саласында аккредитациялық органдардың тану ережелеріне, соның ішінде шетелдікте егер мемлекеттік бақылауға дейін аккредиттеуден өткен ЖОО-да мемлекеттік бақылау нәтижесінде бұзушылықтар анықталған болса, онда аккредиттеу органы танылған аккредиттеу органдарының Реестрінен алынып тасталады. Бірақ, бұл жағдайда аккредиттеу және мемлекеттік бақылау мақсаты, қолданылатын әдістері әрүрлі және ЖОО бағалаудың бұл екі түрін салыстыруға болмайтындығын ескерген жөн. Осылайша, ҚР-ның ЖОО-ның дербестік бойынша мемлекеттік басқару механизмдерінің қатарын зерттеу нәтижесінде жоғары білім беруді басқарудың икемді мемлекеттік басқару жүйесінің үлгілік сызбасын ұсынамыз. Аталған сызба қазіргі таңда оңтайландырылған тәуекелдер бойынша мемлекеттік бақылау бойынша жоғары оқу орындарының дербестігін одан әрі кеңейтуге және ынталандыру тетіктерін іске қосуға мүмкіндік береді (сурет 38).

Жоғары білім беруді басқарудың икемді мемлекеттік басқару жүйесінің үлгілік сызбасына ЖОО-дың сапалы қызметті жүзеге асыруға ынталандыру тетіктерін іске қосады деп есептейміз. Сызбаға сәйкес тәуекелдерді басқару бойынша оң және кері байланыс бағыты бейнеленген. Аталған бағыттар егер жоғары білім беру ұйымдарының тарапынан болған күрделі кемшіліктер бойынша теріс байланыс тікелей мемлекеттік кезектен тыс тексеруге әкеледі. Ал, оң кері байланыс бағыты бойынша біз бірқатар өзгерістер ұсынамыз.

Аталған ұсыныстар мемлекеттік басқару органдары мен аккредиттеу органдары ортасындағы өзара іс-қимылды жетілдіруге бағытталды.



Сурет 38. Жоғары білім беруді басқарудың икемді мемлекеттік басқару жүйесінің үлгілік сызбасы

Ескерту – зерттеу нәтижелері бойынша автормен құрастырылған

Егер аккредиттеуден өткен ЖОО-ы 1 жыл мерзімінде мемлекеттік бақылаудан босатылса. Бұл механизм ЖОО-дың бірқатар бақылаудан босап өзінің даму стратегиясын жүзеге асыруға мүмкіндік алады. Сонымен қатар, ЖОО-дың Ұлттық рейтингінде жоғары көрсеткіштерге ие оқу орындарына мемлекеттік бақылау белгілі бер мерзімге тоқтатылса, бұл іс-шаралар ЖОО мемлекет тарапынан ынталандыру тетіктерін іске қосатындығына кәміл сенеміз.

Жоғарыда айтылғандарды жинақтай келе жоғары білім беру жүйесі заманауи нұсқасы мемлекеттің әлеуметтік экономикалық дамуының сын-қатерлеріне сәйкес тұрақты даму механизмін құру болып табылады. Бұрын ұлттың интеллектуалды және білім деңгейін арттыру, азаматтардың дамуы және олардың белсенді өмір сүруін ынталандыру сияқты әлеуметтік аспект маңызды болса, қазіргі таңда жоғары білім беру басты мақсаты экономиканың нақты секторы мен еңбек нарығымен өзара үйлесім басты

міндеті болатын, мемлекеттік экономикалық бәсекеге қабілеттілігінің факторы болып табылады.

Жоғары оқу орындарының инновациялық әлеуетінің дамуы қазіргі таңда жаһандық деңгейде өзара бәсекелес, әлеуметтік экономикалық артықшылықты қалыптастыратын, күшті бизнес құрылымға айналған заманауи университеттер білімдер экономикасын құраушылардың бірі болып табылады. Осылайша, қазіргі таңда әлемдік білім беру кеңістігіне динамикалық, интернационалды және жеке елдер мен аймақтардың білім беру жүйелері арасындағы қарым-қатынастың әр-түрлі тығыздығы тән. Соңғы жылдары таза экономикалық өсім арқылы адамзаттың ары қарай даму шектері зерделене бастады. Болашақтағы даму адамның мәдениеті, түсінігі мен ақылының деңгейімен анықталады. Сонымен қатар, білімдер экономиканың қалыптасу жағдайында жоғары білім беру жүйесінің дамуының келесідей тұжырымдамаларын жасауға болады: біріншісі, Қазақстандық ЖОО-да білім берудің көп сатылы жүйесінің дамуымен байланысты. Аталған жүйенің артықшылығы білім алу қарқынындағы және болашақ мамандықты таңдаудағы кең ұтқырлықты қамтамасыз етеді; екіншісі, ЖОО-дың заманауи цифрлық технологиялармен қамсыздандырылуы.; үшіншісі, ЖОО-дың озық отандық және шетелдік ЖОО-мен интеграциясы; төртіншісі, Қазақстандық ЖОО-ды әлемдік стандарттардық талаптарына сәйкес, жоғары білім берудің жаңару үрдісіне қосу; бесіншісі, білімдер экономикасы жағдайында жоғары білім беру жүйесін мемлекеттік басқаруды оңтайландыру мақсатында нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу болып табылады.

Бүгін университеттер арасындағы жаңа контент толыстап, ішінде, сол сияқты мемлекеттер арасында бәсеке күшейе түсті. Академиялық жаһандану университеттерді студенттер, білікті оқытушылар үшін күресте белсенді қатысу және икемді болуын, зерттеу гранттары үшін күресуді талап етеді. Бұл үшін өз қызметін жүзеге асыруда ЖОО-ы академиялық және басқарушылық дербестікке ие болуы қажет.

Сонымен қатар, жүргізілген сауалнама мен зерттеу жұмыстары жоғары және жоғары оқудан кейінгі білім беру үшін келесідей жұмыстар кешені белсендердірілуі қажеттілін анықтады:

- ЖОО-дың академиялық және басқарушылық бостандықтарын кеңейту;
- ЖОО-дың мықты білім беру бағдарламаларының реестріне сәйкес артықшылықтар беру;
- Шетелдерде білім беру көрмелерін ұйымдастыру қажет;
- Қытай, Индия, Өзбекістан және Түркіменстан елдерінде Халықаралық бағдарламалар орталықтарының өкілдіктерін ашу мәселелерін пысықтау;
- Екі дипломды білім беру және ағылшын тілінде білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру арқылы шетел студенттерін тарту бойынша жұмыстарды жалғастыру;
- IT, педагогикалық, медициналық, техникалық бағыттар бойынша жаңа ЖОО-ын ашу мәселелерін пысықтау [193 – 1801б.].

Қазақстанның жоғары білім беру жүйесін модернизациялаудың басым бағыттары:

- Халықаралық типтегі инновациялық білім беруді құру аясында әлеуметтік тапсырысты ескере отырып, жоғары білім беруде кәсіптік-құзыреттілік әдісінің бағдарламаларын енгізу;

- Нақты көп деңгейлі жоғары білім беруді қамтамасыз ету, заманауи университеттер кешенін құру;

- Сапалы жаңа білім беру моделіне өту (білім беру әдістерін оңтайландыру, ашық білім беру технологияларын белсенді қолдану);

- Жоғары білім беруде интеграциялық және пәнаралы бағдарламаларды тереңдету, оларды озат жоғары технологиялармен сәйкестендіру, ЖОО-дың оқу үрдісінің практикалық бағыттылығы;

- ЖОО-мен анықталатын жағдайлар контекстінде білім алушылардың мүмкіндіктері мен қажеттіліктерін ескере отырып оқу үрдісін ұйымдастырудың тұлғалық тәсілі;

- ЖОО-ның ашықтығы мен ұтымдылығы;

- Білім беру қызметінің нарығында білім беру ұйымдарының бәсекеге қабілеттілігін арттыру (бұл мақсатта ЖОО-ы беделінің тиімді саясаты мен оны жүзеге асырудың маркетингтік стратегиялары);

- Университтерді басқарудың ашықтық және демократиялық принциптерін жетілдіру және жоғары корпоративтік мәдениетті қалыптастру;

- ЖОО-да білім беруді студенттер мен оқытушылардың академиялық ұтқырлығы, студенттердің контингенті мен инновациялық педагогикалық тәжірибенің интернациоландырылуы арқылы дамыту;

- Ғылыми жетістіктерді коммерциаландыру, ЖОО-дың ғылымының бизнес құрылымдар мен өндіріспен интеграциясы арқылы университет ғылымының беделін арттыру [193- 1802 б.].

### **3.2 Жоғары білім беру жүйесін мемлекеттік басқарудың нормативтік-құқықтық қамсыздандыруын жетілдіру**

Білімдер экономикасының қалыптасу жағдайындағы жоғары білім беру жүйесін реформалау мемлекеттік деңгейде реформасы ҚР «Білім туралы» заңы толықтырулар мен өзгертулер енгізуді талап етеді. Бұл қазіргі білім беру жүйесінің дамуының өзіндік ерекшелігі болып табылатын, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III «Білім туралы» Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізетін нормативтік-құқықтық актілерді қабылдау қарқындылығының өсу тенденциясы байқалуда. «Ғылым туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 18 ақпандағы № 407-IV Заңына, «Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 14 қаңтардағы № 67-V Заңына, «Назарбаев Университетінің мәртебесі туралы» және «Назарбаев Зияткерлік мектептері» және Қазақстан Республикасының «Назарбаев қоры» туралы 2011 жылғы 19 қаңтардағы № 394-IV Заңнамалық актілерге аздаған өзгерістер енгізілуі ғылым саласындағы заңнаманың тұрақты даму тенденциясын көрсететіндігін



айта кеткен жөн. Осыған орай, қоғамда болып жатқан түбегейлі өзгерістер жоғары білім беру жүйесінің нормативтік-құқықтық базасын жетілдіру қажеттілігін туғызады. Жыл сайын білім беру ұйымдары мәдениет, ғылым, экономика, технология және басқа салалардың даму ерекшеліктері, сондай-ақ әлеуетті жұмыс берушілердің сұраныстарын ескере отырып, негізгі кәсіптік білім беру бағдарламаларын жыл сайын жаңартуға қойылатын талаптарды орындауға міндетті. Бұл өзгерістер жоғары оқу орнының нормативтік-құқықтық базасын жетілдіруді және білім беру үрдісінің тұрақты дамуына бағытталған үдемелі заңнамалық актілерді қабылдауды қажет ететіні белгілі [194].

Білім және ғылым жүйесіндегі заңнамаларды жетілдіру барысында заңнамалық базаның, оның жекелеген заңдарының және ережелеренің, бабтарының, нормаларының дамуының тұрақтылығының талдау және динамикасын бағалау маңыздылығы артуда. Соңғы он жылдықта білім беру жүйесіндегі Қазақстан Республикасының заңнамасы динамикалық және тұрақты реформалау сатысын бастан кешіруде. Жүргізілген талдау нәтижесі өзгерістер мен толықтырулардың максималды саны 2011-2015 жж. және 2020-2021 ж.ж. енгізілгендігін көрсетті – кесте 6. [194 – 155 б.].


Кесте 6 – Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III «Білім туралы» Заңына енгізілген өзгертулер мен толықтырулар динамикасы

Көрсеткіш	2008	2010	2012	2014	2015	2016	2017	2018	2019	2020	2021	2022	2023
Өзгерістер мен толықтырулар саны, бірл.	1	2	3	6	10	2	7	6	9	11	10	9	2
Абсолюттің өсім, бірл.*	-	1	1	3	4	-8	5	-1	3	3	-1	-1	-7
Өсу коэффициенті*	-	2,0	1,5	2,0	1,7	2,0	3,5	0,8	1,5	1,2	0,9	0,9	0,2
Өсу қарқыны, %*	-	100,0	50,0	100,0	66,7	-80,0	250,0	-80,0	150,0	120,0	90,0	90	20

\*/ алдыңғы жылға қатынасы бойынша

Ескерту - «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы. Өзгерістер тарихы <https://adilet.zan.kz/> дереккөзін пайдалана отырып автормен құрастырылған

«Білім туралы» Заң 2007 жылдың 27 шілдесінде № 319-III қабылданғаны көпшілікке мәлім. 2007 жылдан бастап, аталған заңға 78 заңнамалық өзгерістер мен толықтырулар енгізілген. Өзгерістер мен толықтырулардың басым саны 2015, 2021, 2022 жылдары енгізілген. «Білім туралы заңның» тұрақтылығының мән 2,7-ге тең. Бұл заңға өзгерістер шамамен тоқсанына бір рет енгізілетіндігін көрсетеді. Осылайша, «Білім туралы» Заңға енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен дәлелденетін, білім беру жүйесіндегі заңнамалық қамсыздандыру облысындағы белсенді мемлекеттік саясат жүргізілетіндігін көрсетеді (сурет 39).



Сурет 39. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңына 2008-2023 жылдар аралығында енгізілген өзгерістер мен толықтырулардың саны мен өсу динамикасы.

Ескерту - [www. http://adilet.zan.kz](http://adilet.zan.kz) электрондық ресурс көзіне сүйене отырып, автормен құрастырылған.

2015 жылы «Білім туралы» Заңға енгізілген өзгерістерге талдау көрсеткендей, ең көп заңдар 2015 жылдың қарашасында қабылданды. «Білім туралы» Заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізген заңдарды талдау осындай заңдардың бір уақытта дерлік қабылдану фактілерін анықтауға мүмкіндік берді. Атап айтқанда, 6 заңның 3-і 2013 жылдың шілдесінде екі күндік мерзімге қабылданды: 3 және 4 шілде, соның ішінде 2 заң бір күнде қабылданды. Бұл өзгерістер:

1) «Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына және Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әртүрлі заңнамалық актілер мен нормалардың құқықтық нормалары арасындағы қарама-қайшылықтарды, оқшылықтарды, қайшылықтарды жою мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2013 жылғы 3 шілдедегі № 121-V Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы; сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың жасалуына ықпал ету».

2) «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне оларды Қазақстан Республикасының мемлекеттік жоспарлау жүйесіне сәйкестендіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2013 жылғы 3 шілдедегі № 124-V Заңы.

3) «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасының мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2013 жылғы 4 шілдедегі № 130-V Қазақстан Республикасының Заңы.

2015 жылы 9 күнге тең мерзімде 3 заң қабылданды: 16 және 24 қараша, соның ішінде 2 заң бір күнде қабылданған:

1) «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қайырымдылық мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2015 жылғы 16 қарашадағы № 403-V Заңы.

2) «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ақпараттандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2015 жылғы 24 қарашадағы № 419-V ҚРЗ Заңы.

3) «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне көші-қон және жұмыспен қамту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2015 жылғы 24 қарашадағы № 421-V ҚР Заңы.

2017 жылғы мамырда «Білім туралы» Заңға өзгертулер мен толықтырулар енгізетін заңдардың ұқсас қабылдануы болды:

1) «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне көлік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2017 жылғы 5 мамырдағы № 59-VI Қазақстан Республикасының Заңы.

2) «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мәдени мәселелер бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2017 жылғы 5 мамырдағы № 60-VI Заңы. [195 – 156 б.]. Білім туралы» Заң 10 және оданкөп заңмен – 29 заңмен және 3 бабпен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген бапты иеленеді яғни 5 бап (7 кесте).

Кесте 7 – Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III «Білім туралы» Заңына 2008-2023 жылдар аралығында енгізілген өзгерістер мен толықтырулардың саны, дана.

Баб	Бабтың атауы	Заңдар саны
10 заңмен енгізілген өзгерістер - 1 бап		
59-бап.	Білім беру жүйесіндегі мемлекеттік бақылау	9
<b>Он немесе одан да көп заңмен енгізілген өзгерістер - 7 баб</b>		
5-бап.	Білім беру саласындағы уәкілетті органның құзыреті	39
6-бап.	Білім беру саласындағы жергілікті өкілді және атқарушы органдардың құзыреті	47
1-бп.	Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар	17
8-бап.	Білім беру саласындағы мемлекеттік кепілдіктер	17
47-бап.	Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің құқықтары, міндеттері мен жауапкершілігі	14
26-бап.	Білім алушылар мен тәрбиеленушілерді білім беру ұйымдарына қабылдауға қойылатын жалпы талаптар	19
40-бап.	Білім беру ұйымдары	10
Ескерту - <a href="http://adilet.zan.kz">www. http://adilet.zan.kz</a> электрондық ресурс көзіне сүйене отырып, авторомен құрастырылған.		

Жалпы, «Білім туралы» Заңға енгізілген өзгертулер мен толықтыруларды талдау нәтижелері көрсеткендей, 45 рет енгізілген өзгертулер мен толықтырулардың тек 4-і немесе 8,9% -ы тікелей білім беруге арналған. Білім берумен байланысты аспектілерден басқа заңдарды реттеуде құқық қорғау жүйесін жетілдіру, мемлекеттік сатып алу, ең төменгі әлеуметтік стандарттар және олардың кепілдіктері, халықтың көші-қоны және т.б. арналған. Демек, өкінішке орай, 41 заң немесе барлық заңнамалық

өзгертулердің 90,1%, білім беру реформасына тікелей қатысы жоқ. Қалыптасқан жағдай қолданыстағы заңнамалық базаға қосымша өзгерістер мен толықтырулар енгізу ықтималдығы мен қажеттілігін, сондай-ақ оның тұрақсыздығын көрсетеді. Сонымен қатар, 1.1. тарауда жүргізілген зерттеу нәтижелеріне сәйкес «жоғары білім беру жүйесі» ұғымын жоғары білімді құқықтық қамсыздандыруды үшін жағдай жасау және жоғары білім беру жүйесінде адамның құқықтары мен бостандығын мемлекеттік кепілдікпен қамсыздандырумен жоғары білімге құқықты жүзеге асырумен байланысты жоғары білім беру саласында туындайтын қоғамдық қатынастар» деген түсінік енгізу ұсынылады. Аталған дефиницияны ҚР «Білім беру» туралы заңына кіргізу жоғары білім беру жүйесін жетілдіру бойынша тиімді, жүйелі жұмыстың әлеуетті бастауы болатындығы сөзсіз.

3.1. тарауда жүргізілген зерттеу нәтижелеріне сәйкес ҚР-ның «Білім туралы заңына өзгертулер мен толықтырулар енгізу ұсынамыз, яғни жоғары оқу орындарының дербестігі кеңейту және нақтылау мақсатында. Аталған заңның 9-1-бабы Білім беру ұйымдарын аккредиттеудің 1 тармағында Білім беру ұйымын аккредиттеу ерікті негізде жүзеге асырылады. Білім беру ұйымы аккредиттеу органын өз бетінше таңдайды делінсе, 5 тармағында білім беру ұйымдары танылған аккредиттеу органдарының тізіліміне енгізілген аккредиттеу органдарында институционалдық және (немесе) мамандандырылған аккредиттеуден өтуге құқылы деп міндеттеледі. Аталған қайшылықты 5 тармақты алып тастап, 1 тармақты толықтыруды, сонымен қатар, жоғарыда ұсынылған жоғары білім беруді икемді мемлекеттік басқару сызбасының ЖОО ынталандыру тетіктерін белсендендіруге бағытталған іс-шаралар аясында 9-1 бапты 7 тармақпен толықтыру ұсынамыз. Сол сияқты дербестікті кеңейту аясында 39-бапты және 62бап 5-1 тармағының аккредиттеу үрдісімен міндеттелетін шарттарды алып тастауды ұсынамыз.

Кесте 8 «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңына өзгертулер мен толықтырулар енгізу бойынша ұсыныстар.

Қолданыстағы редакция	Ұсынылатын редакция
1	2
1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар	
62.	62. жоғары білім беру жүйесі - жоғары білімді құқықтық қамсыздандыруды үшін жағдай жасау және жоғары білім беру жүйесінде адамның құқықтары мен бостандығын мемлекеттік кепілдікпен қамсыздандырумен жоғары білімге құқықты жүзеге асырумен байланысты жоғары білім беру саласында туындайтын қоғамдық қатынастар
9-1-бап. Білім беру ұйымдарын аккредиттеу	

<p>1. Білім беру ұйымын аккредиттеу ерікті негізде жүзеге асырылады.</p> <p>Білім беру ұйымы аккредиттеу органын өз бетінше таңдайды.</p> <p>2. Аккредиттеуден өткізу туралы немесе аккредиттеуді өткізуден бас тарту туралы шешімді аккредиттеу органы білім беру ұйымы өтінішінің және тізбесін аккредиттеу органы айқындайтын, ұсынылған құжаттардың қаралу нәтижелері бойынша қабылдайды.</p> <p>Аккредиттеуді өткізудің шарттары мен мерзімдері білім беру ұйымы мен аккредиттеу органы арасындағы аккредиттеуді өткізу туралы шартта айқындалады.</p> <p>3. Алып тасталды – ҚР 04.07.2018 № 171-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.</p> <p>4. Білім беру ұйымын аккредиттеу білім беру ұйымының қаражаты есебінен өткізіледі.</p> <p>5. Білім беру ұйымдары танылған аккредиттеу органдарының тізіліміне енгізілген аккредиттеу органдарында институционалдық және (немесе) мамандандырылған аккредиттеуден өтуге құқылы.</p> <p>6. Алып тасталды – ҚР 04.07.2018 № 171-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.</p> <p>Ескерту. 2-тарау 9-1-баппен толықтырылды - ҚР 2011.10.24 № 487-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР 04.07.2018 № 171-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.</p> <p>7.</p>	<p>1. Білім беру ұйымын танылған аккредиттеу органдарының тізіліміне енгізілген аккредиттеу органдарында институционалдық және (немесе) мамандандырылған аккредиттеуден өтуді ерікті негізде жүзеге асырылады.</p> <p>Білім беру ұйымы аккредиттеу органын өз бетінше таңдайды.</p> <p>2. Аккредиттеуден өткізу туралы немесе аккредиттеуді өткізуден бас тарту туралы шешімді аккредиттеу органы білім беру ұйымы өтінішінің және тізбесін аккредиттеу органы айқындайтын, ұсынылған құжаттардың қаралу нәтижелері бойынша қабылдайды.</p> <p>Аккредиттеуді өткізудің шарттары мен мерзімдері білім беру ұйымы мен аккредиттеу органы арасындағы аккредиттеуді өткізу туралы шартта айқындалады.</p> <p>3. Алып тасталды – ҚР 04.07.2018 № 171-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.</p> <p>4. Білім беру ұйымын аккредиттеу білім беру ұйымының қаражаты есебінен өткізіледі.</p> <p>5. Алынып тасталды</p> <p>6. Алып тасталды – ҚР 04.07.2018 № 171-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.</p> <p>Ескерту. 2-тарау 9-1-баппен толықтырылды - ҚР 2011.10.24 № 487-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР 04.07.2018 № 171-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.</p> <p>7. Аккредиттеудің оң нәтижесін алған жоо-ы 1 жыл мемлекеттік бақылаудан босатылады.</p>
39-бап. Білім туралы құжаттар	
<p>4. Дербес білім беру ұйымдарының білім туралы құжаттарын дербес білім беру ұйымдары береді.</p> <p>Дербес білім беру ұйымының білім туралы құжаттарының нысаны мен оларды толтыруға қойылатын талаптарды дербес білім беру ұйымы айқындайды.</p> <p>5-1. Сот төрелігі академиясын,</p>	<p>4. Дербес білім беру ұйымдарының білім туралы құжаттарын дербес білім беру ұйымдары береді.</p> <p>Дербес білім беру ұйымының білім туралы құжаттарының нысаны мен оларды толтыруға қойылатын талаптарды дербес білім беру ұйымы айқындайды.</p> <p>5-1 Сот төрелігі академиясын, әскери,</p>

<p>әскери, арнаулы оқу орындарын, денсаулық сақтау саласындағы жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын қоспағанда, білім беру қызметімен айналысуға лицензиясы бар және танылған аккредиттеу органдарының тізіліміне енгізілген аккредиттеу органдарында аккредиттеуден өткен жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттарды береді.</p> <p>Білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттардың нысаны мен оларды толтыруға қойылатын талаптарды білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттардың мазмұнына қойылатын негізгі талаптарды ескере отырып, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымы айқындайды.</p>	<p>арнаулы оқу орындарын, денсаулық сақтау саласындағы жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын қоспағанда, білім беру қызметімен айналысуға лицензиясы бар жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттарды береді.</p> <p>Білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттардың нысаны мен оларды толтыруға қойылатын талаптарды жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымы айқындайды.</p>
<p>62-бап. Білім беру ұйымдарын мемлекеттік қаржыландыру</p>	
<p>5-1. Білім беру грантының немесе мемлекеттік білім беру тапсырысының негізінде жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрлар даярлауды қаржыландыру, Сот төрелігі академиясын, әскери, арнаулы оқу орындарын қоспағанда, танылған аккредиттеу органдарының тізіліміне енгізілген аккредиттеу органдарында аккредиттеуден өткен білім беру ұйымдарында жүзеге асырылады.</p>	<p>Білім беру грантының немесе мемлекеттік білім беру тапсырысының негізінде жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрлар даярлауды қаржыландыру, Сот төрелігі академиясын, әскери, арнаулы оқу орындарын қоспағанда, білім беру қызметімен айналысуға лицензиясы бар жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында жүзеге асырылады.</p>
<p>Көзі: автормен құрастырылған</p>	

Сонымен қатар, білім беру жүйесіндегі заңнамаларды зерттеу барысында мемлекеттік органдардың құзыреттілігіндегі ауқымды өзгерістер анықталды. Атап айтсақ, ҚР Үкіметі білім беруді дамыту жөніндегі мемлекеттік саясатты әзірлейді және іске асырады мемлекеттік басқаруды маңызды рөлді ойнайды. ҚР-ның «Білім туралы» Заңының мемлекеттік органдар құзіреттілігі бөлімінде мемлекеттік органдар құзіреттілігіне қатысты 142 рет өзгерістер енгізілген. Олардың ішінде 4 бап Үкімет құзіреттілігіне қатысты 21 өзгеріс, 5 бап білім беру саласындағы уәкілетті орган бойынша 61 өзгеріс, 6 бап білім беру жүйесіндегі жергілікті уәкілетті және атқарушы органдар бойынша 60 өзгерістер енгізілген. Айта кететін жайт, мемлекеттік органдардың уәкілетті органның құзыреттілігіне өзгерістердің басым бөлігі жүргізілген. Осылайша, білім беру жүйесіндегі мемлекеттік басқарудың биліктің түрлі деңгейлерінің арасында уәкілеттілікті біркелкі емес бөлінуінің салдарынан мемлекеттік қызметтің түбегейлі

оңтайландырылуы жүзеге асырылды. Нәтижесінде ҚР Үкіметінің құзыретінің 30-дан қазіргі таңда 18-ге дейін қысқартылды. Уәкілетті орган құзыреттіліне тоқталатын болсақ, алғашында 50 құзыреттіліктен, қазіргі таңда 130-ға дейін екі есе артқан. Соңғы жылдары мемлекет үшін Үкімет деңгейінде қызметті қысқарту маңызды болды. Басқару органдарының құзыреттілігін шақтау барысында басым құзыреттіліктер уәкілетті орган мен аймақтық деңгейлердегі басқару органдарына берілген. Бұл қадамдар білім беру жүйесіндегі мемлекеттік басқарудың нәтижелілігін арттырып қана қоймай, басқару органдарының қызметтерінің балансына әкелуі әбден ықтимал. Ал, «Білім туралы» Заңға қатысты мемлекеттік органдардың заңға тәуелді актілері заңнамадағы өзгерістердің басым бөлігі қызметті оңтайландыруға байланысты енгізілген. Осылайша, жаңа ҚР «Білім туралы» Заңы және жаңа білім беру стандарттары жаңа жоғары білім берудің сапасын қамсыздандырудың ұлттық моделінің талаптарына сай жүргізілуі қажет.

Осылайша, жоғары білім беру жүйесінде жүргізіліп жатқан реформалардың нәтижесінде жоғары білімнің демократизациясы және оны басқарудың орталықтандырылуынан біртіндеп кету, жоғары оқу орындарының құрылымы мен құрамының және қаржыландырылуы көздеріні әртараптандырылуы, жаңа нормативтік-құқықтық база қалыптастыру және оны одан әрі жетілдіру, жоғары оқу орындарының білім беру қызметінің озық стандарттарына ұмтылу және т.с.с. жағымды тенденциялармен жалғасады [194 - 157 б.].

Қазіргі таңда Қазақстан жоғары білім және ғылым саласында маңызды реформаларды жүзеге асыруға аяқ басты. Атап айтсақ, жоғары білім берудің сапасын қамсыздандырудың ұлттық жүйесінің өзектілігі «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасын және Өмір бойы оқу (үздіксіз білім беру) тұжырымдамасын бекіту аясында құрылымдық өзгерістер және жаңартылған білім беру бағдарламаларының мазмұны мен білім беру технологияларын қарастыратын жоғары білім беру жүйесінің модернизациялаудың қазіргі таңдағы кезеңімен шартталады [195].

Жоғары білім беру жүйесі мен ғылым саласындағы өзгерістерге негіз салған Білім және ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламалары білім беру саласындағы ұлттық стратегияны меңзеді. Олар 2025 жылға дейінгі кезең кезеңмен мектепке дейінгі білім беруден жоғары білім беру жүйесіне дейінгі қол жеткізілуі қажет артықшылықтарды мазмұндады. Аталған бағдарламаларда жоғары білім беру жүйесін қаржыландырудың бастап, инклюзивті білім беруге дейінгі жаңа механизмдерді қалыптастыру артықшылықтары арасында түрленеді. Жоғары білім беру деңгейінде БҒДМБ-ның негізгі міндеттері еңбек нарығына сәйкес дағдыларды дамыту, Қазақстанның Еуропалық жоғары білім беру кеңістігіне толық интеграциясы, білім, ғылым және өндіріс арасындағы өзара қатынасты жетілдіру, ғылыми зерттеулердің коммерциаландырылуы, ұлттық сана-сезімді күшейту және белсенді азаматтық және әлеуметтік жауапкершілікті ынталандыруды қамтыды [196].

Жоғары білім берудің спасын арттыру мақсатында жете тексерістер жүргізіліп, нәтижесінде көрсетілетін қызметтің мемлекеттік талаптарға сәйкес келмейтін жоғары оқу орындарының саны қысқартылды. Отандық жоғары білім берудің әлемдік білім беру жүйесіне интеграциясының тағы бір маңызды қадамы жоғарыда айтылып кеткендей Қазақстанның Болон үрдісіне кіруі болып табылады. Осылайша Қазақстан жоғары білім берудің біртұтас еуропалық кеңістігінің қатысушысына айналды [197].

Ғылым мен жоғары білімнің интеграциясы жоғары оқу орындары және ғылыми ұйымдардың мемлекеттік аккредиттеу үрдісі білім беру қызметінің ғылыми, ғылыми-техникалық және инновациялық жетістіктеріне байланысты жүргізілуі, жоғары оқу орындарының және ғылыми ұйымдар іргесінде құрылатын ғылыми білім беру бөлімдерінің ережелері, ғылыми-білім беру бағдарламаларының дайындалу және бақылауының интеграцияланған үрдісінің келісімділік тәртібін қоса алғандағы интеграциялық үрдіс қатысушыларының қызығушылықтарын реттеу мақсатында қолданыстағы нормативтік құқықтық базаның жетілдірілуі мен дамуын меңзейді.

Жоғары білім беру жүйесін мемлекеттік басқару облысындағы нормативтік-құқықтық қатынастарды зерттеуші ғалымдардың санының артуы құқытанушылар, әлеуметтанушылармен басқарушылардың қызығушылығы дәлел. Сонымен қатар, оның тек ұлттық экономиканың ғана емес, адами капиталдың өсімінің экономиканың дамуының факторы ретіндегі ел экономикасының, білімдер экономикасының дамуына түйткі болады. Қазақстанда білімдер экономикасын толыққанды қалыптастыру үшін жаңа білім беру саясаты жағдайында туындайтын қатынастарды нормативтік-құқықтық басқарылуының заманауи және тұжырымдамалық тәсілдерін қалыптастыру және негіздеу қажет.

### **3.3. Жоғары білім беру жүйесін цифрландыру**

Білімдер экономикасының қалыптасу жағдайында жоғары білім беру жүйесінің маңызды аспектілерінің бірі цифрландыру болып табылады. Цифрландырылған жоғары білім беру жүйесі мемлекеттік басқару мен бақылауды оңтайландырудың бір тетігіне айналып отыр. Адамзаттың цифрлық дәуірі адамзаттың ұрпағына және оның біліміне жаңа сын-қатерлерді тудыра отырып, еңбек нарығының ландшафтын түбегейлі қайта құрды. Жақын болашақтағы білім мен еңбек нарығының басты ойыншысы заманауи ұрпақ (digital natives) болары мәлім. Сәйкесінше, еңбек нарығында ескі мамандықтар заман талабына сай жаңа мамандықтарға ауысып, көз алдымызда барлық қызмет салалары цифрландырылуда.

Осы орайда, жоғары білім беру жүйесінің цифрлық шынайылық жағдайында дамуы және оқу барысын цифрландыру мүмкіндігі жоғары білім беруді цифрландырудың жаңа өсімінің көкжиегіне айналып отыр. Сонымен қатар, 2020 жылы әлемді дүр сілкіндірген пандемия жағдайында жоғары оқу орындарының цифрлық мүмкіндіктерінің айқын бейнесін көрсетті. 2.3. тарауда жүргізілген екінші кезеңнің сауалнама нәтижелеріне сүйенсек,




пандемия салдарынан толық қашықтықтан білім беруге көшкен жоғары білім беру саласының цифрлық қамсыздандырылуы мен студенттердің ақпараттық технологиялармен жабдықталу деңгейінің төмендегін көрсетті. Сонымен қатар, онлайн форматта білім беру барысында ақпарат алмасудың біртұтас платформасының жоқтығы, онлайн білім беруде оқытушылардың құзыреттіліктерінің төмендігі және университеттердің цифрлық моделінің жоқтығын дәлелдеді. Осы орайда, білім беру жаңа әдістеріндегі алға бастайтын цифрлық технологиялардың пайда болуы жоғары білім беру моделіне сын-қатер туғызады.




Интернет технологиялардың қарқынды дамуы әлем бойынша жоғары білімге қолжетімділікті арттыратындығы сөзсіз. Дамыған елдердің жоғары білім беру жүйесіндегі беделді Coursera, EDX және Udacity сияқты білім берудің онлайн-платформаларының қолжетімділігі төмен елдерде жоғары білім берудің демократиясы үшін жоғары әлеуетке ие [198].

Американдық New York Times беделді басылыммен жарияланған, 2012 жылдан бастап массалық ашық онлайн-курстар (МООК) жылы басталды [199]. Нәтижесінде аталған курсқа тіркелуші онлайн-курстар мен қолданышулардың саны тоқтаусыз өсіп, жаңа онлайн-платформалар құрылуда. Интернет қолданышуларға қолжетімді білімнің түрлі облыстарына жататын МООК-тардың жалпы саны 10 мың курсқа жетті. Көптеген елдерде XuetangX-Қытай, MiriadaX-Латын Америка елдерінде, France Université Numérique (FUN-Францияда, EduOpen в Италии, SWAYAM-Индияда және т.с.с. ұлттық оналайн-платформалар пайда болды. Қазіргі таңда жаһандық желі географиялық және уақыттық шектерді жойып, бүкіл әлем интернет арқылы білім алатындығы ешкімге құпия емес. Алғашқы массалық онлайн-курстарды іске қосылғандығына 10 жылдың шамасы болды. Осы жылдары 900 –ден астам ЖОО-ы онлайн-курстарын пайдалануға беріп, әлем бойынша 101 млн. тұтынушыларды жинаған. МООК курстары әлем бойынша миллиондаған адамдарға, жүздеген мемлекеттік және жергілікті университеттерге немесе ұйымдарға білім алуға мүмкіндік беру үшін тегін және формалдық талаптарсыз үлкен онлайн-массаларға дейін масштабтауға мүмкіндік беретіндей жасалып, студенттерге білім беру ресурстарына қолжетімділікті ұсынатын қашықтықтан білім берудің соңғы сатысы болып табылады.

Ашық білім берудің мойындалған платформалары деп Ұлыбританиядағы FutureLearn, Қытайдағы XuetangX, CNMOOC, Chinese MOOCs, Жапониядағы gacco, Fisdом, OpenLearning, JMOOC, Германиядағы OpenNPI және Ресейдегі Open айтуға болады. Құрамында Coursera, edX, Udacity, Kadenze, Canvas Network, Stanford Languita кіретін онлайн білім берудің ең алпауыт провайдерлері АҚШ-та шоғырланған (кесте 9).

#### Кесте 9 - МООСs алпауыт платформалары туралы мәлімет

	Стэнфорд университетінің профессорлары Эндрю Энжи және Дафне Колермен 2012 жылы негізі қаланған. 29 елде 200 серіктес-университеттерді біріктіріп 2 мыңнан астам курс ұсынады. 25 млн.
---	--

	студентті қамтып, \$146,1 млн. табыс тапқан. 2021 жылы соңғы мәліметтерге сәйкес, аталған платформада тіркелген оқушылар саны 37 млннан 45 млн. артқан. Бұл жағдай Coursera-ға көп табыспен МООС жеткізушілерінің әлем бойынша алпауыттар қатарында қалуға мүмкіндік берді. Қысқамерзімді курстардан бөлек Coursera толық магистр дәрежесін ұсынады.
	Массачустки технологиялық институт және Гарвард университетімен 2012 жылдың мамырында негізі қаланған. 100 ден астам серіктес-университеттерді біріктіріп, 1,5 мыңнан астам курс ұсынады. 10 млн. астам студенттерді қамтыған. MicroMasters, XSeries, Professional Certificate и Professional Education сертификаттау бағдарламаларын ұсынады. Соңғы жылдары аталған платформада білім алып жатқан қолданышулар саны 33 миллионға дейін артқан.
	Ашық университетпен 2012 жылы желтоқсанда негізі қаланған әлеуметтік білім берудің жетекші платформасы болып табылад. Қазіргі таңда ол Ашық университет пен SEEK тобының бірлескен меншігі. FutureLearn-де әлем бойынша 10 млн. астам адам тіркелген. Ұнамды, сенім артатын және икемді онлайн-курстар, сонымен қатар, бакалав және магистр дәрежелерін құру үшін дизайн, технология және серіктестік қатынастарды қолданады. Соңғы мәліметтерге сәйкес, аталған платформада білім алушылар саны 10 млн асқан.
	Стэнфорд университетінің профессоры Себастьяном Трун, Дэвидом Ставен және Майклом Сокольскимен информатика бойынша бағдарламаны кеіейту нәтижесінде 2012 жылы негізі қаланған. Аталған жылы Себастьяном Трун The Guardian газетінде ашық Интернеттің дамуына елеулі үлес қосқану адам ретінде танылған. Бұл жобаның басты мақсаты білім берудің демократиясы болып табылады. 4 мыңнан астам магистр бағдарламасымен 4 млн. астам студентті қамтиды. IBM Watson компаниясымен бірге жасанды интеллект облысында нано-дәрежелерді ұсынады.
Ескерту - [200-203] негізінде автормен құрастырылған	

Осылайша, заман талабына сай Қазақстан бар күш жігерін біріктіріп, білім берудің ұлттық платформасын құрды (<http://moocs.kz/>). Аталған платформаның іске қосылуының негізі бес институционалдық реформаны жүзеге асыру бойынша 100 нақты қадам – ұлт жоспарының 79-шы қадамында, «Цифрлық Қазақстан» және 2020 жылға дейінгі ҚР қызмет саласын дамыту бойынша бағдарламасы, «Төртінші өнеркісіптік революция жағдайында дамудың жаңа мүмкіндіктері» жолдауында жатыр. Бұл платформа Қазақстандық ЖОО-ның бакалавриат бағдарламасының базалық пәндері бойынша 25 онлайн-курстар және 100 интерактивті тапсырмалар ұсынып, 50 оқытушы мен 3500 студентті қамтиды.

Ашық білім беру ұлттық платформасында 2018 жылы Open Master Class интернет жобасы іске қосылды. Жоба бизнес, ғылым, мәдениет, саясат және өзге салалардың өкілдерінің танымал тұлғаларынан тегін онлайн-курстарды ұсынады. Өздерінің мастер-класстарында дәріс оқушылар өздерінің білімдері мен тәжірибелерімен бөлісіп, тыңдаушыларды жаңа ұмтылыстарға ынталандырады [204].

Қазақстандық жоғары білім беру жүйесіне онлайн-білім беру дамудың жаңа сатысына айналды. Онлайн білім берудің 2018 жылы сырттай білім беру жойылып, қашықтықтан білім беруге өту салдарынан өзектілігі арта түсті. Жоғары дәрежелі дербестікке ие шетелдік университеттердің жоғары бәсекелігін ұғынған Қазақстандық ЖОО-ар білім беру үрдісіне онлайн білім беруді белсенді енгізу үстінде. Электронды білім беру дамуындағы ЖОО-дың болымды ыждағатына қарамастан, онлайн-курстардың дайындалуы әліде көріністік сипатқа ие. Ашық білім берудің платформаларын ары қарай дамыту білім беру бағдарламаларының мазмұнын қанықтыруға, ЖОО-дың болашағын кеңейтуге және қазақстандық ЖОО-дың оқытушыларын шетелдік эксперттермен байланысын нығайтатындығы шүбәсіз.

Экономиканың негізгі қозғаушысы білімдер экономикасы болып табылатын елдерде дарындылардың негізгі көзі сапалы білім беру және жеке технопарктерімен өңірлік ЖОО-ы болған және болады. Болашақ әзірлеушілер, ғалымдар және бағдарламаушылар заманауи жобаларды іске қосып, білім алу үрдісімен қатар қаржыландыру көздерін табады. Олар венчурлық инвесторлармен серіктес болып, нарыққа жаңа жобаларды іске қосады. Қазақстанда университеттер іргесінде технопарктер жұмыс жасап, жас ғалымдардың стартаптары арасында байқаулар жүзеге асырылады. ЖОО-дың инновациялық дамуымен қатар университеттер мен бизнес құрылымдардың интеграциясы даму үстінде. IMD 2022 әлемдік бәсекегеқабілеттілік рейтингісіне сәйкес жоғары білім беру жүйесі экономика талаптарына сай АҚШ, Гонконг, Сингапур, Нидерланды, Швейцария алғашқы үздіктерге кіріп, Қазақстан 63 ел ішінде 43 орынды алған [205]. Жоғары білімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін дамыған елдер университеттің ғылыми зерттеу әлеуетін қаржыландырады.

Пандемия уақытында университеттер өмірінде білім берудің цифрлық және онлайн-форматтары «жаңа нормаларға» айналды. Шетелдік озық платформаларды талдау барысында уақытша шектеу кезеңдерінде тіркелген қолданушылар саны үш есеге артқан. Бұл платформалар ішінде ең тіркелушілер ағыны Coursera платформасы болған яғни 90 млн. қолданушыға жеткен. Сонымен қатар, қазіргі таңда әлемдік цифрлық платформалар соның ішінде Coursera-ға қолжетімділікті қамсыздандыру бойынша, аталған платформаға қазақ тіліндегі курстарды енгізу бойынша іс-шаралар кешенің жүргізу қажет деп есептейміз. Себебі, 2022-2023 оқу жылы статистикалық мәліметтерге сүйенсек, бірінші сыныпқа қабылданатын бала саны артуда. Бұл орайда, болашақта жоғары мектеп абитуриенттер ағынының массивін қамтамасыз ете алмайды. Сол себепті, әлемдің онлайн-білім беру платформаларына қосылу және ЖОО-дың цифрлық қамсыздандырылуының толыққанды жүзеге асырылуы, яғни білім берудің балама инновациялық форматы «цифрлық университет» тұжырымдамасын жүзеге асыру қажет деп есептейміз. Осылайша, толыққанды қалыптасқан цифрлық экожүйе ҚР ҒЖБМ-не барлық ЖОО-ымен жедел әрекеттесу үшін және біртұтас форматта ақпараттар жинақтауға, студенттердің әлемдің озық университеттерінің

онлайн-курстарына қолжетімділікті, отандың университеттерді өздерінің курстарын әлемдік платформаларға салуға, сонымен қатар әлемдік технологиялық алпауыттармен серіктестік жасауға мүмкіндік береді деп есептейміз.

Айта кететін жайт, заманауи университеттер дәстүрлі қағидасынан ауытқытып, оны түрлендіру немесе трансформация жолына итеретін «постмодернизм» салдарына шалдықты. Қазіргі таңда, университеттердің басым бөлігі ақпараттық қоғамның салдарынан трансформация жолына түсті деп сеніммен айтуға болады. Ақпараттық қоғам саласында мемлекеттік саясатты жүзеге асыруды бастау мерзімінен тәуелсіз цифрлық экономиканың болашағы қолданыстағы инфрақұрылымды пайдалану есебінен оған есептеуіш күштер мен коммуникация желілерін цифрлық формада қосу арқылы жаңа экономикалық нәтижелерге қол жеткізуге уәде береді. Осы орайда, төменде Қазтұтынуодағының Қарағанды Университетінің әлемдік санаттағы университетке трансформациялану үрдісі бейнеленген (Сурет 40). Мешеулік, қызмет нәтижесіне қанағаттану деңгейінің төмендігі, көзқарастың болмауы және дағдыланған қызмет тоқырау бейнесінен жаңару, мақсатты анықтау, жетілдіруге ұмтылыс стратегиясы мен қызметті жақсарту негізінде өзгерістерге ұмтылу бейнесі шыңдалуда.



Сурет 40- Қазтұтынуодағының Қарағанды университетінің әлемдік деңгейдегі университетке трансформациялану бейнесі

Ескерту – зерттеу нәтижелері бойынша автормен құрастырылған

Университет трансформацияда ресурстардың молшылығы, дарындылардың шоғырлануы және тиімді басқаруға негізделген. Мамандар даярлау облысында халықаралық беделі бар, инновациялық идеяларды

өндіреді, көп түрлі фундаменталды және қолданбалы зерттеулер жүргізетін, мықты оқытушыларды тарта және ұстай алатын, шетелдік оқытушылар мен студенттерді тарта алатын және білім беру қызметінің халықаралық нарығына шығатын, қызметтің көптеген аспектілерінде интернационаландыру үрдісіне университеттің тыңғылықты қаржылық базасы бар, оқытушылар мен студенттердің зерттеу және академиялық қызметтерін жүзеге асыру үшін жоғары сапалы жағдай мен тиімді орта қалыптастыратын, стратегиялық көзқарасы бар және оны жүзеге асыру жоспарын иеленетін жоғары дәрежелі командасы бар, карьералық өсімнің жоғары шыңдарын бағындырған, жауапкершілігі жоғары және беделді қызметтерге орналасқан мамандар даярлайтын, заманауи қоғамның дамуына елеулі үлес қосатын және әлемнің мықты университеттерімен және оның құрылымдық бөлімшелерімен тұрақты түрде бенчмаркинг жүзеге асыратын халықаралық деңгейдегі университетке трансформациясы жүзеге асырылуда.

Цифрлық экономикамен тығыз байланысты ақпараттық қоғамның ары қарай дамуы цифрландыру, ғылым және инновациялар есебінен технологиялық серпіліс ұлттық жобасында көрініс тапты. Аталған жобаның мақсаты Қазақстанның цифрлық трансформация есебінен тиімді мемлекеттік басқаруы бар, сенімді деректер негізінде шешім қабылдайтын, сондай-ақ цифрлық дәуірде инфрақұрылымды тиімді және қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз ететін, елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына ғылымның қосатын үлесін арттыратын заманға сай елге айналуы болып табылады. Сөзсіз, цифрлық экономика үшін экономиканың түрлі салаларында цифрлық мәліметтерді өңдеу алгоритмін құратын және қолданатын, инновацияларды енгізетін мамандар даярлау жүйесі оның дамуының негізгі көзі болып табылатындығы сөзсіз [206].

Қазіргі таңда ЖОО-дың басшыларының алдында тұрған маңызды мәселе білім беруді цифрландырудың дұрыс стратегиясын таңдау болып табылады. Осыған орай, білім беруді цифрландыру тек онлайн-курстар мен емтихандар өткізумен, білім беру бағдарламаларының цифрлық форматқа ауыстырылуымен шектелмейді, ЖОО-дың кадрлық құралым қайта даярлау, білім беру ұйымының бизнес үрдістерін толық өзгертуді талап етеді. ЖОО-дың цифрлық университет талаптарына сәйкес болу үшін қызметін тұтас цифрландыруына өту қажет. Жүргізілген зерттеу нәтижесінде цифрлық университеттерге трансформациялау үшін ЖОО-дың білім берудегі үрдісі мен әдістерін трансформациялау қажет деп есептейміз. Цифрлық университеттің негізгі құзыреттіліктерін, қажетті құзыреттіліктерге қол жеткізуге бағытталған іс-шараларды енгізу тәжірибелерін зерттеу негізінде бес негізгі деңгейден тұратын, цифрлық университеттің концепциясын ұсынамыз (сурет 41)

### *I деңгей*

ЖОО-ның стейкхолдерлері: ғылыми педагогикалық қызметкерлер, абитуриенттер, білім алушылар, түлектер, жұмыс берушілер

### *II деңгей*

ЖОО-ның ақпараттық базасы, ақпараттық сервистері



### *III деңгей*

Ғылыми зерттеулер мен жобаларды басқару. Лабораториялар

### *IV деңгей*

Білім беру қызметінің маркетингі. Жұмыс берушілермен әрекеттестік

### *V деңгей*

Болашақтың цифрлық технологиялары. Білім беруге технологиялық инновацияларды енгізу.

Сурет 41 - «Цифрлық университеттің» негізгі деңгейлері  
Ескерту – зерттеу нәтижелері бойынша автормен құрастырылған

Жоғарыда суретте бейнеленгендей, бірінші деңгейде жеке талаптарымен білім беру ұйымының негізгі стейкхолдерлері орналасқан [207]. Абитуриенттердің талабы сұранысқа ие маман болу үшін сапалы білім алу, жұмыс берушілердің талабы маманға қоятын жұмыс берушінің талаптарына білім беру бағдарламаларының сәйкес келуі болып табылады. Ал, екінші деңгейде ЖОО-ның ішкі ортасын орналастырдық. Олар: кітапхана, ақпараттық нүктелер, ЖОО-ның ақпараттық кеңістігі, цифрлық университеттегі оқытушының жұмыс орны, университеттің ішкі инфрақұрылымы. Үшінші деңгейде ЖОО-ның инновациялық құраушысы зерттеу лабораториялары мен ғылыми-зерттеу орталықтарын орналастырдық. Бұл орайда инновацияларды басқарудың цифрлық ортасын құру барысында ғылыми-зерттеу қызметінің нәтижелерін уақытында жариялау мүмкіндіктері қарастырылған. Сонымен қатар ғылыми зерттеу нәтижелерін оқу үрдісіне жылдам енгізу талаптарын қарастыру қажет деп есептейміз. Төртінші деңгей университет туралы ақпараттың. Онлайн форматта қол жетімді білім беру бағдарламалары, жеке білім беру траекториясын құру мүмкіндіктері туралы ақпаратты кеңінен жариялау үшін қажет. Сонымен қатар, бұл деңгейде абитуриенттердің онлайн құжат тапсыруы және абитуриент-университет әрекеттестігінің электрондық жүйесінің автоматтандырылған жүйесі орналастырылады. Бесінші деңгейде білім беруге заманауи техникалық және технологиялық әзірлемелерді енгізуді меңзейтін қазіргі таңда толыққанды зерттелмеген үрдіс орналастырдық. Аталған деңгейге сәйкес, цифрландыру бойынша алғышарттарды жүзеге асырып жатқан Қазтұтынуодағының Қарағанды университетінің цифрлық университет сызбасын төмендегідей бейнеледік (сурет 42), бұл сызбаға сәйкес, қазіргі таңда университет цифрлық университетке өту бойынша соңғы қадамдарды жүзеге асыруда.



Сурет 42 - Қазтұтынуодағының Қарағанды университетінің цифрлық университет сызбасы

Ескерту – зерттеу нәтижелері бойынша автормен құрастырылған

Сызбаға сәйкес, негізгі үш компонент басшылық, ПООҚ және студенттердің жалпы қызметті цифрландыру бойынша университет жұмысының үрдісін көруге болады. Цифрлық университет сызбасына сәйкес университет қызметінің бірінші деңгейіне студенттер, оқытушының жеке кабинеті, қабылдау кампаниясы, екінші деңгейге кадр және жалақы, МБББ, цифрлық білім беру ресурстары, цифрлық құжат айналымы, кітапхананы басқару; үшінші деңгейге виртуалды лабораторияларды басқару, ҒЗҚ басқару, Қашықтықтан білім беру жүйесі; төртінші деңгейге оқу телевизиясының орталығы, медиаресурстар; бесінші деңгейге университет сайты, ректордың мобильді кеңсесін жатқызуға болады. Осы орайда цифрлық университетің жүзеге асырылуының негізі SMART университет үлгісі төмендегі суретте бейнеленген.



Сурет 43 - Қазтұтынуодағының Қарағанды университетінің SMART университет сызбасы

Ескерту – зерттеу нәтижелері бойынша автормен құрастырылған

